

"Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 31 наурыздағы N 446 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Мемлекеттік мүлік туралы

Осы Заң мемлекеттік мүліктің құқықтық режимін, мемлекеттік мүлікті басқарудың құқықтық негіздерін, оның ішінде мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітілген мүлікке және жарғылық капиталдағы мемлекетке тиесілі акциялар мен үлестерге, мемлекеттің ұлттық холдингтерге, ұлттық компаниялар мен стратегиялық объектілерге ықпалының аясын айқындайды. Заң мемлекеттің мемлекеттік мүлікке меншік иесі және өзге де құқықтарды иеленуші ретінде құқықтарды тиімді жүзеге асыруын қамтамасыз етуге; мемлекеттік мүлікті басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар құзыретінің аражігін айқын ажыратуға және осы органдар мен олардың басшыларының мемлекеттік мүлікті басқару саласында мемлекеттің саясатын жүргізуге жауапкершілігін арттыруға; ұлттық холдингтер мен ұлттық компаниялар арқылы мемлекеттік мүлікті корпоративтік басқарудың құқықтық негіздерін белгілеуге, олардың мемлекеттік органдармен нақты өзара іс-қимылын және олардың мемлекеттік мүлікті басқару саласында мемлекеттің саясатын жүргізуін қамтамасыз етуге жауапкершілігін айқындауға бағытталған.

1-бөлім. Мемлекеттік мүлік туралы негізгі ережелер

1-тарау. Мемлекеттік мүлікті басқару туралы жалпы ережелер

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын ұғымдар

Осы Заңда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

- 1) мемлекеттік мүлік - Қазақстан Республикасының және әкімшілік-аумақтық бірліктердің мүлкі;
- 2) республикалық мүлік - коммуналдық мүлікті қоспағанда, Қазақстан Республикасының мүлкі;
- 3) коммуналдық мүлік - әкімшілік-аумақтық бірліктердің мүлкі;
- 4) облыстық коммуналдық мүлік - облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) мүлкі, оның ішінде облыстық бюджет және облыстық қазынаны құрайтын

облыстық коммуналдық заңды тұлғаларға бекітілмеген өзге де мүлік, сондай-ақ облыстық коммуналдық заңды тұлғаларға бекітілген мүлік (аудандық коммуналдық мүлікті қоспағанда);

5) аудандық коммуналдық мүлік - ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мүлкі, оның ішінде ауданның бюджеті және аудандық қазынаны құрайтын аудандық коммуналдық заңды тұлғаларға бекітілмеген өзге де мүлік, сондай-ақ аудандық коммуналдық заңды тұлғаларға бекітілген мүлік;

6) мемлекеттің мүліктік құқықтары - мыналарды қамтитын мемлекеттің мүлікке құқықтары:

мемлекеттік меншік құқығы;
мемлекеттің өзге де заттық құқықтары (сервитуттар, жалға алу, мүлікті өтеусіз пайдалану және басқалары);

мемлекеттің міндетті құқықтары (талап ету құқықтары);
мемлекетке тиесілі зияткерлік меншік объектілеріне айрықша құқықтар;
мұрагерлік құқықтар;

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де мүліктік құқықтар;

7) мемлекеттік мүлікті басқару - мемлекеттің (Қазақстан Республикасының немесе әкімшілік-аумақтық бірліктің) мемлекеттік меншік құқығын және басқа да мүліктік құқықтарды жүзеге асыруы;

8) мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган (мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган) - республикалық мүлікті басқару, мемлекеттің республикалық мемлекеттік мүлікке құқығын іске асыру, экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларында және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне бекітілген мүлікті қоспағанда, стратегиялық объектілерді жекешелендіру және мемлекеттік меншік мониторингі саласында өз құзыреті шегінде басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

9) мемлекеттік басқарудың тиісті саласын (аясын) басқару жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі - тиісті саланың уәкілетті органы) - мемлекеттік басқарудың тиісті саласында (аясында) басшылықты жүзеге асыратын және осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде көзделген шарттарда республикалық мүлікке қатысты құқықтарды иеленетін, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған орталық атқарушы орган. Қазақстан Республикасының Үкіметі республикалық мүлікке қатысты құқықтарын өзге де орталық атқарушы органдарға берген жағдайда осы Заңның тиісті саланың уәкілетті органы туралы ережелері осындай орталық атқарушы органға қолданылады;

10) мемлекет мұқтажы үшін мүлікті алып қою - жер учаскесін немесе өзге де мүлікті өтемін төлеп мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы шешім негізінде және алып қойылатын мүлік иесімен мемлекет мұқтажы үшін алып қойылатын мүліктің құны мен

өтемі төленетін шығындардың мөлшері туралы келісім негізінде, ал келісімге қол жеткізілмеген жағдайда осы Заңға сәйкес, сондай-ақ төтенше жағдайлар кезінде мүлікті реквизициялау және ұлт меншігіне алу соттың шешімі негізінде жүзеге асырылатын азаматтар мен мемлекеттік емес заңды тұлғалардың иелігіндегі мүлікті мемлекеттік (республикалық немесе коммуналдық) меншік құрамына мәжбүрлеп өтемін төлеп иеліктен шығару ;

11) мүлікті реквизициялау - дүлей зілзала, авариялар, эпидемия, эпизоотия жағдайында, соғыс жағдайы күшінде болған кезеңде немесе соғыс уақытында және төтенше сипаты бар өзге де мән-жайлар кезінде мемлекеттік органдардың шешімі бойынша меншік иесінен қоғам мүддесі үшін мүлікті меншік иесіне мүліктің құнын төлей отырып алып қою ;

12) ұлт меншігіне алу - осы Заңға сәйкес қабылданатын мүлікті ұлт меншігіне алу туралы Қазақстан Республикасы Заңының негізінде жүзеге асырылатын, азаматтарға және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға тиесілі мүлікті Қазақстан Республикасы мүлкінің құрамына мәжбүрлеп өтемін төлеп иеліктен шығару ;

13) мемлекет мұқтажы - мемлекеттің функциясынан туындайтын және қоғамдық маңызы бар мақсатты көздейтін мемлекет мүддесін қанағаттандыру үшін жеке меншіктегі мүлікті мемлекет меншігіне ауыстыру қажеттігінің болуы ;

14) жекешелендіру - мемлекеттің осы Заңда белгіленген арнайы рәсімдер шеңберінде мемлекеттік мүлікті азаматтарға, мемлекеттік емес заңды тұлғаларға сатуы ;

15) мемлекеттік заңды тұлғалар мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелер ;

16) республикалық заңды тұлғалар - мүлкі республикалық меншіктегі республикалық кәсіпорындар және республикалық мекемелер ;

17) коммуналдық заңды тұлғалар - мүлкі коммуналдық меншіктегі коммуналдық кәсіпорындар мен коммуналдық мекемелер ;

18) облыстық коммуналдық заңды тұлғалар - облыстың жергілікті атқарушы органдары құрған коммуналдық кәсіпорындар мен коммуналдық мекемелер ;

19) аудандық коммуналдық заңды тұлғалар - ауданның жергілікті атқарушы органдары құрған коммуналдық кәсіпорындар мен коммуналдық мекемелер ;

20) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын - мемлекет шаруашылық жүргізу құқығында берген мүлкі бар және өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлкімен жауапты коммерциялық ұйым ;

21) қазыналық кәсіпорын - мемлекет жедел басқару құқығында берген мүлкі бар коммерциялық ұйым ;

22) мемлекеттік мекеме - мемлекет құрған және бюджет қаражатынан және (немесе) басқарушылық, әлеуметтік-мәдени немесе коммерциялық емес сипаттағы өзге де функцияларды жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде

көзделген өзге де көзден қаржыландырылатын коммерциялық емес ұйым;

23) шаруашылық жүргізу құқығы - меншік иесі ретінде мемлекеттен мүлік алған және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде белгіленген шекте осы мүлікті иелену, пайдалану және билік ету құқығын жүзеге асыратын шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның заттық құқығы;

24) жедел басқару құқығы - мемлекеттен мүлік алған және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде белгіленген шекте өз қызметінің жарғылық мақсаттарына, уәкілетті мемлекеттік органдардың тапсырмаларына және мүліктің мақсатына сәйкес осы мүлікті иелену, пайдалану және билік ету құқығын жүзеге асыратын шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік мекеменің немесе қазыналық кәсіпорынның заттық құқығы;

25) ұлттық компания - акцияларының бақылау пакеті мемлекетке немесе ұлттық холдингке, ұлттық басқару холдингіне тиесілі және қызметін ұлттық экономиканың негізін құрайтын салаларда жүзеге асыратын немесе өңірлердің экономикасын дамытуға жәрдемдесу үшін құрылатын (әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен құрылған акционерлік қоғам;

26) ұлттық басқару холдингі - ұлттық даму институттарының, ұлттық компаниялардың және басқа да заңды тұлғалардың акцияларын (жарғылық капиталындағы үлестерін) тиімді басқару үшін құрылған, құрылтайшысы және жалғыз акционері Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Қазақстан Республикасы болып табылатын акционерлік қоғам;

27) ұлттық холдинг - ұлттық компаниялардың және өзге де акционерлік қоғамдардың акцияларын және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы үлестерін тиімді басқару үшін құрылған, құрылтайшысы және жалғыз акционері Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Қазақстан Республикасы болып табылатын акционерлік қоғам;

28) стратегиялық маңызы бар мүлік (стратегиялық объектілер) - қазақстандық қоғамның тұрақты дамуы үшін әлеуметтік-экономикалық маңызы бар, оған құқықтарды жүзеге асыру Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздігінің жай-күйіне ықпал ететін мүлік;

29) Қазақстан Республикасының стратегиялық объектіні басымдықпен сатып алу құқығы - Қазақстан Республикасының стратегиялық объекті тиесілі азаматтардан немесе заңды тұлғалардан, осындай тұлға стратегиялық объектіні иеліктен айыру бойынша мәміле жасауды ниет етіп отырған жағдайда, сондай-ақ стратегиялық объектіден өндіріп алу немесе конкурстық (тарату) массасының құрамында стратегиялық объектіні иеліктен айыру жағдайында стратегиялық объектілерді нарықтық құны бойынша сатып алудың үшінші тұлға алдындағы басым құқығы;

30) мемлекеттік мүлік тізілімі - мемлекеттік мүлікті есепке алудың бірыңғай ақпараттық автоматтандырылған жүйесі;

31) есепке алу объектісі - мемлекеттік мүлік тізілімінде есепке алуға жатқызылатын мемлекеттік мүлік;

32) мемлекеттік мүлікті есепке алу - осы Заңның 14-тарауында көзделген ережелерге сәйкес мемлекеттік мүлік тізілімін қалыптастыру үшін есепке алу объектісі туралы ақпаратты жинау мен қорытындылаудың ретке келтірілген жүйесі;

33) мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператор - өзіне мемлекеттік мүлікті ұйымдастыру мен есепке алу саласында бірыңғай техникалық саясатты іске асыру бойынша міндеттер жүктелген, Қазақстан Республикасының шешімімен айқындалатын заңды тұлға.

2-бап. Мемлекеттік мүліктің түрлері

1. Мемлекеттік мүлік республикалық мүлік және коммуналдық мүлік деп бөлінеді.

2. Республикалық мүлік құрамына:

1) мемлекеттік қазынаның мүлкі:

республикалық бюджеттің қаражаты және Қазақстан Республикасы ұлттық қорының қаражаты;

республикалық заңды тұлғаларға бекітілмеген, өзге де мемлекеттік мүлік;

2) республикалық заңды тұлғаларға бекітілген мүлік кіреді.

3. Коммуналдық мүлік құрамына:

1) жергілікті қазынаның мүлкі:

жергілікті бюджеттің қаражаты;

коммуналдық заңды тұлғаларға бекітілмеген өзге де коммуналдық мүлік;

2) коммуналдық заңды тұлғаларға бекітілген мүлік кіреді.

3-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамасы

1. Мемлекеттік мүліктің құқықтық режимі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен, осы Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерімен айқындалады.

2. Осы Заңның қолданылуы Қазақстан Республикасының аумағындағы мемлекеттік мүлікке таратылады.

3. Республикалық мүлік Қазақстан Республикасынан тыс жерде, ал коммуналдық мүлік - осы әкімшілік-аумақтық бірліктен тыс жерде немесе халықаралық шарттарға, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде көзделген негіздемелер бойынша Қазақстан Республикасынан тыс жерде болуы мүмкін.

4. Қазақстан Республикасынан тыс жердегі Қазақстан Республикасы мемлекеттік мүлкінің құқықтық режимі, егер халықаралық шарттарда немесе Қазақстан

Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, осы мүлік тұрған шетел мемлекеттерінің заңнамасымен айқындалады.

5. Осы Заңның күші мемлекеттік мүлікті басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарға, мемлекеттік заңды тұлғаларға, сондай-ақ өздері көздеген жағдайларда - азаматтарға және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға қолданылады.

6. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

4-бап. Осы Заңның реттеу нысанасы

1. Осы Заң мемлекеттік мүлікті басқару саласындағы мемлекеттің құқықтары мен міндеттерін айқындайды, мемлекетке меншік құқығында тиесілі мүлікті иеленуді, пайдалануды және билік етуді қоса алғанда, мемлекеттің мемлекет мүлкіне құқықты жүзеге асыруының тәртібін, мемлекеттік мүлікке құқықтардың, оның ішінде мүлікті мемлекет иелігіне алған және жекешелендірген кездегі оны иелену мен тоқтату құқықтарының, сондай-ақ азаматтардың және мемлекеттік емес заңды тұлғалардың оларды иеленуінің және (немесе) пайдалануының тәртібін белгілейді.

2. Осы Заң мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітілген мүлікті, акционерлік қоғамдардың акцияларын және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы мемлекетке тиесілі үлестерін және мемлекеттік мүлікті құрайтын өзге де мүлікті басқару тәртібін айқындайды.

3. Стратегиялық маңызы бар мүліктің (стратегиялық объектінің) құқықтық режимінің ерекшеліктері Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен, осы Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерімен айқындалады.

4. Мемлекеттің бюджет пен Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатына құқықтарын жүзеге асыруы Қазақстан Республикасының бюджет қызметін реттейтін заңнамалық актілерімен реттеледі. Осы Заңда көзделген мемлекеттік мүлік ұғымы Қазақстан Республикасының бюджет қызметін реттейтін заңнамалық актілерінде көзделген ерекшеліктермен Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында пайдаланылатын мемлекет активтері ұғымына қолданылады.

Мемлекеттің мемлекеттік немесе жергілікті қазынаға жатқызылған өзге де мүлікке мемлекеттік құқықтарды жүзеге асыру ерекшелігі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленеді.

5. Мемлекеттің мәдени және тарихи құндылықтарға құқықтарын жүзеге асыруы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен, осы Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерімен белгіленеді.

6. Мемлекеттің зияткерлік меншік объектілеріне айрықша құқықтарын жүзеге асыруы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерімен реттеледі.

7. Егер Қазақстан Республикасының ұлттық әл-ауқат қоры туралы заңнамалық актісінде өзгеше көзделмесе, осы Заңның ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар және мемлекет немесе ұлттық холдинг бақылайтын өзге де заңды тұлғалар туралы ережелері ұлттық басқару холдингіне және оның құрамына кіретін ұлттық компаниялар мен оның бақылауындағы өзге де заңды тұлғаларға қолданылады.

8. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және олар құрған заңды тұлғалардың мүлкін иелену, пайдалану және билік ету Қазақстан Республикасының ұлттық Банкі туралы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен айқындалған тәртіппен р е т т е л е д і .

9. Осы Заңның күші республикалық маңызы бар қала, астана, арнайы экономикалық аймақтар, мемлекеттік материалдық резерв туралы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық мүлкін, арнайы экономикалық аймақтардың, мемлекеттік материалдық резервтің мемлекеттік мүлкін басқару бойынша қатынастарға қолданылады.

5-бап. Мемлекеттік мүлікті басқару принциптері

Мемлекеттік мүлікті басқару мынадай принциптерге сәйкес жүзеге асырылады:

- 1) з а ң д ы л ы қ ;
- 2) е с е п б е р у ж әне б а қ ы л а у д а б о л у ;
- 3) ж а р и я л ы л ы қ ;
- 4) м е м л е к е т м ү л к і н т и і м д і п а й д а л а н у ;
- 5) б ә с е к е л е с т і к т і д а м ы т у ү ш і н ж а ғ д а й л а р д ы қ а м т а м а с ы з е т у .

6-бап. Мемлекеттік мүлікті басқару субъектілері

1. Мемлекеттік мүліктің түрлеріне байланысты мемлекеттік мүлікті басқаруды Қазақстан Республикасы немесе Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бірлігі жү з е г е а с ы р а д ы .

2. Қазақстан Республикасының атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекеттік мүлікті басқаруды ұйымдастырады және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес республикалық мүлікті б а с қ а р а д ы .

3. Коммуналдық мемлекеттік мүлікті басқаруды әкімшілік-аумақтық бірліктің атынан жергілікті атқарушы органдар, осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде, осы органдардың мәртебесін айқындайтын ережелерде және өзге де актілерде белгіленген өз құзыреті шегінде жүзеге асырады.

7-бап. Мемлекеттік мүлікті басқару

1. Республикалық мүлікті басқару кезінде Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Заңның 2-тарауында және осы органдардың мәртебесін айқындайтын Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде, ережелерінде және өзге де актілерінде белгіленген өздерінің құзыреті шеңберінде республикалық мүлікке

Қазақстан Республикасының құқықтарын іске асыру бойынша Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының өзара іс-қимылын ұйымдастырады.

2. Коммуналдық мүлікті басқару кезінде жергілікті өкілді және атқарушы органдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы Заңның 2-тарауында және осы органдардың мәртебесін айқындайтын Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде, ережелерінде және өзге де актілерінде белгіленген өздерінің құзыреті шеңберінде коммуналдық мүлікке құқықтарын іске асыру бойынша жергілікті атқарушы органдардың өзара іс-қимылын ұйымдастырады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің коммуналдық мүлікке қатысты құзыреті осы Заңның 10-бабымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерімен айқындалады.

3. Республикалық және коммуналдық мүліктің сақталуына бақылауды тиісті мемлекеттік органдардың ішкі бақылау қызметі жүзеге асырады. Мемлекеттік мүліктің сақталуына бақылауды мемлекеттік қаржылық бақылаудың өзге де органдары жүзеге асыруы мүмкін.

4. Мемлекеттік мүлік мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітілуі мүмкін.

5. Мемлекет (Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бірлік) акционерлік қоғамдардың (акционері, қатысушысы), жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің және мемлекеттік кәсіпорындардың құрылтайшысы болуы мүмкін.

Мемлекеттің Қазақстан Республикасының коммерциялық ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларының құрылтайшысы (қатысушысы, салымшысы, мүшесі), өзге де ұйымдық-құқықтық нысанда болуына жол берілмейді.

6. Мемлекет коммерциялық ұйым болып табылмайтын мемлекеттік қордың құрылтайшысы болуы мүмкін. Мемлекеттік қорды құру мен оның қызметі Қазақстан Республикасының коммерциялық емес ұйымдар туралы заңнамалық актісімен реттеледі.

7. Мемлекетке ғана тиесілі болуы мүмкін мүлік Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен айқындалады.

8-бап. Мүлікті мемлекеттік мүліктің бір түрінен екіншісіне беру

1. Мүлікті Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлкінің (республикалық мүліктің) құрамынан әкімшілік-аумақтық бірліктің (коммуналдық мүліктің) мемлекеттік мүлкі құрамына немесе керісінше беру, мүлікке мемлекеттің құқығының тоқтатылуына әкеп соқпайды, бірақ республикалық мүлікке Қазақстан Республикасының құқығын тоқтатуға және әкімшілік-аумақтық бірліктің коммуналдық мүлікке құқығын иеленуге немесе әкімшілік-аумақтық бірліктің коммуналдық мүлікке құқығын тоқтатуға және Қазақстан Республикасының республикалық мүлікті иеленуіне негіз болып табылады.

2. Мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітілген мемлекеттік мүлікті мемлекеттік мүліктің бір түрінен бір түрінен екіншісіне беру Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

9-бап. Коммуналдық мүлікті жергілікті мемлекеттік басқарудың бір деңгейінен екіншісіне беру

1. Коммуналдық мүлік жергілікті мемлекеттік басқару деңгейі бойынша облыстық коммуналдық мүлікке және аудандық коммуналдық мүлікке бөлінеді.

Аудандық коммуналдық мүліктің құрамына, атап айтқанда, осы Заңның 21, 22, 24, 28, 29, және 30-баптарында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік меншікке түскен мүлік кіреді.

Республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық мүлкін жергілікті мемлекеттік басқару деңгейі облыстың коммуналдық мүлкін жергілікті мемлекеттік басқарудың деңгейімен теңестіріледі. Республикалық маңызы бар қалада және астанада коммуналдық мүлікті жергілікті мемлекеттік басқарудың аудандық деңгейі бөліп көрсетілмейді және құрылмайды. Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, коммуналдық мүлікті басқарудың осы Заңда көзделген ауданның атқарушы органының құзыретін республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың жергілікті атқарушы органы жүзеге асырады.

Облыстық маңызы бар қаланың коммуналдық мүлік деңгейі аудан мүлкінің деңгейіне теңестіріледі.

2. Мемлекеттік мүлікті коммуналдық мүлікті жергілікті мемлекеттік басқарудың бір деңгейінен екіншісіне беру облыстың жергілікті атқарушы органының шешімімен жүзеге асырылады.

3. Коммуналдық заңды тұлғаларға бекітілген мемлекеттік мүлікті коммуналдық мүлікті жергілікті мемлекеттік басқарудың бір деңгейінен екіншісіне беру мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) облыстық коммуналдық мүліктің деңгейіне жатқызылатын облыстық коммуналдық заңды тұлғалардың мүліктік кешендері, акционерлік қоғамдардың акциялары мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталдарындағы мемлекеттің үлестері, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының өтініші негізінде облыстың жергілікті атқарушы органының шешімімен аудандық коммуналдық мүлік деңгейіне беріледі;

2) облыстық коммуналдық заңды тұлғалардың мүлкі облыстың жергілікті атқарушы органының шешімімен ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының өтініші негізінде аудандық коммуналдық мүлік деңгейіне беріледі

3) коммуналдық мүліктің аудандық деңгейіне жатқызылатын аудандық коммуналдық заңды тұлғалардың мүліктік кешендері, акционерлік қоғамдардың акциялары мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталдарындағы мемлекеттің үлестері ауданның (облыстық маңызы бар қаланың)

жергілікті атқарушы органының шешімі және облыстың жергілікті атқарушы органының шешімі негізінде облыстық коммуналдық мүлік деңгейіне беріледі;

4) аудандық коммуналдық заңды тұлғалардың мүлкі облыстың жергілікті атқарушы органымен келісілген ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы шешімінің негізінде облыстық коммуналдық мүлік деңгейіне беріледі.

4. Мемлекеттік мүлікті коммуналдық мүліктің бір деңгейінен екіншісіне беру туралы шешім қабылданғаннан кейін отыз күндік мерзімде тапсыратын және қабылдайтын тараптардың уәкілетті лауазымды тұлғалары қол қоятын және облыстың және ауданның жергілікті атқарушы органдарының басшылары бекітетін беру актісі р е с і м д е л е д і .

Беру актісі ресімдеуге қатысатын тараптардың әрбірі үшін екі данадан, мемлекеттік және орыс тілдерінде төрт дана етіп жасалады.

5. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзге ережелер белгіленбесе, осы баптың ережелері мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітілмеген коммуналдық мүлікті беруге қолданылады.

2-тарау. Мемлекеттік органдардың мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі құзыреті

10-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік мүлікті басқару саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлікті басқару саласындағы қатынастарды реттейтін заңнамалық актілерін іске асыруға бағытталған нормативтік құқықтық актілер шығарады;

2) мемлекеттік мүлікті басқаруды ұйымдастырады, оны пайдалану жөніндегі шараларды әзірлейді және жүзеге асырады, мемлекеттік меншік құқығын қорғауды қамтамасыз етеді;

3) мемлекет оларға қатысты жалғыз акционер (қатысушы) болып табылатын республикалық заңды тұлғаларды, ұлттық холдингтерді, ұлттық компанияларды, сондай-ақ өзге де акционерлік қоғамдарды және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді құру, қайта ұйымдастыру, атауын өзгерту және тарату туралы шешімдер қабылдайды;

4) стратегиялық объектілерді үшінші тұлғаларға кепілге қою немесе кейіннен сатып алу құқығымен жалдау (жалға беру), сенімгерлік басқаруға беру нысанында ауыртпалық салуға не оларды иеліктен шығаруға рұқсат беру туралы шешім қабылдайды;

5) акционері мемлекет болып табылатын ұлттық холдингтер мен ұлттық компаниялардың (мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер), мемлекеттік кәсіпорындардың даму стратегияларын, даму жоспарларын (қаржы-шаруашылық қызметінің жоспарларын) және олардың орындалуы бойынша есептерді әзірлеу тәртібін айқындайды;

6) акционері мемлекет болып табылатын ұлттық холдингтер мен ұлттық компаниялардың (мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер), мемлекеттік кәсіпорындардың даму стратегияларының, даму жоспарларының (қаржы-шаруашылық қызметінің жоспарларының) нысаналы көрсеткіштерінің орындалуын бағалау тәртібін айқындайды;

7) акционері мемлекет болып табылатын ұлттық холдингтер мен ұлттық компаниялардың (мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер), мемлекеттік кәсіпорындардың даму стратегияларының, даму жоспарларының (қаржы-шаруашылық қызметінің жоспарларының) нысаналы көрсеткіштерінің орындалуына бағалау жүргізудің тәртібін айқындайды;

8) мемлекеттің мұқтаждарын қанағаттандыру үшін мүлікті алып қою рәсімінің басталғаны, оның тоқтатылуы немесе мүлікті алып қою туралы қ а у л ы қ а б ы л д а й д ы ;

9) нарықта үстем (монополиялық) жағдайға ие табиғи монополия субъектілері немесе нарық субъектілері болып табылатын ұйымдардың мүліктік кешендері немесе мемлекетке тиесілі акциялар мен жарғылық капиталдағы үлестер ретінде кәсіпорындарды жекешелендіру туралы шешім қабылдайды;

10) республикалық мемлекеттік мүлікті жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталына не акционерлік қоғамның акцияларын төлеуге беру туралы ш е ш і м қ а б ы л д а й д ы ;

11) акционерлік қоғамның акцияларын және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы үлестерін республикалық мүлік құрамына сатып алу туралы шешім қабылдайды;

12) мемлекеттің акционер (қатысушы) ретінде ұлттық компанияларды, ұлттық холдингтерді басқаруға қатысу құқығын жүзеге асырады немесе осындай құқықты өздері уәкілеттік берген орталық атқарушы органға береді; мемлекеттің акционер (қатысушы) ретінде өзге де акционерлік қоғамдарды және мемлекет қатысатын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді басқару құқығын жүзеге асырады немесе осындай құқықты тиісті саланың уәкілетті органына береді;

13) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі бірінші кезектегі жұмыстарды қамтамасыз ету, гуманитарлық көмек көрсету және нарыққа реттеуші ықпал ету үшін мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын пайдалану туралы шешім қабылдайды;

14) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

11-бап. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның құзыреті

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган:

1) осы Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасымен белгіленген

құзыретке сәйкес республикалық мүлікті басқару саласындағы қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілер шығарады;

2) мемлекеттік мүлікті басқару саясатын қалыптастыру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

3) мемлекеттік мүлік объектілерін басқаруға талдау жасауды және бағалауды жүзеге асырады;

4) акционері мемлекет болып табылатын ұлттық холдингтер мен ұлттық компаниялардың даму стратегиялары бөлімдерінің құрылымын, көрсеткіштерінің нысаны мен тізбесін, жылдық бюджеттерінің даму жоспарларының орындалуы туралы есебін ұсынады;

5) мемлекеттің бақылауындағы акционерлік қоғамның және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер бөлімдерінің құрылымын, нысанын және даму стратегиясы көрсеткіштерінің тізбесін ұсынады;

6) мемлекеттік мүлікті басқарудың айқын және объективті талдануы үшін қажетті ақпаратты мемлекеттік органдардан, акционерлік қоғамдардан, мемлекет қатысатын жауапкершілігі шектеулі серіктестерден сұратады және алады;

7) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

12-бап. Уәкілетті органның мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі құзыреті

Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі - мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган):

1) осы Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасымен белгіленген құзыретке сәйкес республикалық мүлікті басқару саласындағы қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілер шығарады;

2) республикалық мүліктің мақсатты және тиімді пайдаланылуына бақылауды жүзеге асырады;

3) республикалық мүліктің жекешелендірілуін жүзеге асырады, оның ішінде республикалық мүлікті жекешелендіру туралы шешім қабылдайды, объектіні жекешелендіруге дайындау процесінде республикалық мүліктің сақталуын қамтамасыз етеді, жекешелендіру процесін ұйымдастыру үшін делдалды тартады, жекешелендіру объектісін бағалауды жүзеге асырады, жекешелендіру объектісін сату-сатып алу шарттарын дайындау мен жасасуды және сату-сатып алу шарттары талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

4) Қазақстан Республикасының атынан субъекті құқығының республикалық заңды тұлғаларға қатысты республикалық меншік құқықтарын жүзеге асырады;

5) тиісті саланың уәкілетті органының ұсынысы бойынша республикалық кәсіпорын қызметінің нысанасы мен мақсатын, сондай-ақ осындай қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорынның түрін (шаруашылық жүргізу немесе қазыналық

құқығындағы) айқындайды және республикалық кәсіпорындардың жарғысын, оған енгізілген толықтырулар мен өзгерістерді бекітеді;

6) тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша республикалық заңды тұлғаға берілген немесе өзінің меншікті шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүлікті алып қоюды немесе қайта бөлуді жүзеге асырады;

7) республикалық мемлекеттік кәсіпорынға алып қойылған мүлікті ұстау мерзімін және кейіннен баланс есебінен шығара отырып оны басқа тұлғаға бергенге дейін сақталуын қамсыз етуді белгілейді;

8) республикалық мүлікті жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға кейіннен сатып алу құқығынсыз, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің меншігіне кейіннен сатып алу құқығымен немесе өтеусіз негізде кейіннен беру құқығымен мүліктік жалға (жалға алу), сенімгерлік басқаруға береді;

9) тиісті саланың уәкілетті органына республикалық заңды тұлғаны қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асыруға келісім береді;

10) республикалық кәсіпорынға оған бекітілген мүлікті (өзі өндірген мүлікті сатуды қоспағанда) иеліктен шығаруға немесе өзгеше тәсілмен билік етуге, филиалдар мен өкілдіктер құруға, сондай-ақ дебиторлық қарызды беруге және есептен шығаруға келісім береді;

11) мүлікті мемлекеттік мұқтаждықтар үшін алып қойған кезде меншік иелерімен өзге мүлікпен (ақшадан басқа) өтеу туралы келісім жасайды;

12) республикалық мүлік мәселелері бойынша мемлекет мүддесіне өкілдік етеді, мемлекетке тиесілі мүліктік құқықтарды қорғауды жүзеге асырады;

13) республикалық заңды тұлғаларға бекітілген мүлікті мүліктік жалға беруге (жалға алу) талдау жүргізеді;

14) мемлекетке тиесілі акцияларға дивидендтердің уақтылы және толық есептелуіне және олардың төленуіне, сондай-ақ жарғылық капиталындағы үлестері мемлекетке тиесілі жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің қатысушылары арасында таза табыстың бөлінуіне бақылауды жүзеге асырады;

15) экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы меншікке және стратегиялық объектілерге мемлекеттік мониторинг жасау туралы Қазақстан Республикасының заңнамалық актісіне сәйкес мемлекеттік мониторинг жасауды жүзеге асырады;

16) мемлекет қатысатын акционерлік қоғамдардың жұмыс істеуіне және оларды басқарудың тиімділігіне мониторинг жасауды ұйымдастыруды жүзеге асырады;

17) мемлекеттік кәсіпорынның жұмыс істеуіне және оларды басқарудың тиімділігіне мониторинг жасауды ұйымдастыруды және жүргізуді жүзеге асырады;

18) сенімгерлік басқарушының мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқару шарты бойынша міндеттемелерінің орындалуына бақылауды жүзеге асырады;

19) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша акционерлік қоғамдардың

және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, сондай-ақ республикалық кәсіпорындардың құрылтайшысы болады;

20) акционерлік қоғамдарды және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді құрған кезде Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша орналастырылатын акцияларға төлем жасауды және республикалық мүлікті, оның ішінде акциялар мен ақшаны енгізу жолымен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталына салым енгізуді жүзеге асырады;

21) мемлекеттің акционер (қатысушы) ретіндегі құқықтары тиісті саланың уәкілетті органына берілмеген жағдайларда, Қазақстан Республикасының атынан мемлекеттің акционер (қатысушы) ретіндегі акционерлік қоғамды (жауапкершілігі шектеулі серіктестікті) басқаруға қатысу құқықтарын жүзеге асырады;

22) жалғыз акционері (қатысушысы) мемлекет болып табылатын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің тиісті директорлар кеңесінің және қадағалау кеңесінің құрамына өз өкілін тағайындайды, ал мемлекет қатысатын өзге де акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерде - директорлар кеңесіне немесе қадағалау кеңесіне кандидатураларды акционерлік қоғамның жалпы жиналысына немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің қатысушыларына бекітуге ұсынады;

23) республикалық бюджет қаражаты есебінен акцияларға немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталға салымына төлем жасауды жүзеге асырады ;

24) осы Заңның 4-тарауында белгіленген жағдайлар мен шарттарда реквизицияланатын мүлікке ақшалай өтем жасайды;

25) осы Заңның 5-тарауында белгіленген жағдайлар мен шарттарда мемлекет иелігіне алынатын мүлікке ақшалай өтем жасайды;

26) осы Заңның 6-тармағында белгіленген жағдайлар мен шарттарда мемлекеттік мұқтаждықтар үшін мүлікті алып қою кезінде өтем жасайды;

27) мемлекеттік мүлік тізілімін жүргізу ережелерін әзірлейді;

28) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен мемлекеттік мүлік тізілімін жүргізеді және тізілімді пайдаланушыларға ақпарат ұсынады;

29) тізілімде мемлекеттік мүліктің бірыңғай есебін қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты үйлестіреді және ұйымдастырады;

30) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамалық актілеріне сәйкес республикалық мүлікті жекешелендіру бойынша сауда-саттық өткізу туралы хабарды жариялау үшін мерзімдік басылымды айқындау жөнінде конкурс өткізеді ;

31) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

13-бап. Тиісті саланың уәкілетті органының құзыреті

Тиісті саланың уәкілетті органы:

- 1) осы Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасымен белгіленген құзыретіне сәйкес республикалық мүлікті басқару саласындағы қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілер шығарады;
- 2) мемлекеттің тиісті салада мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі саясатын іске асырады ;
- 3) бюджеттен қаржыландырылатын республикалық кәсіпорын қызметінің басым бағыттарын және жұмыстарының (қызмет көрсетулерінің) міндетті көлемін айқындайды ;
- 4) республикалық мекеме қызметінің нысанасы мен мақсатын айқындайды;
- 5) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға республикалық кәсіпорын қызметінің нысанасы мен мақсатын айқындау бойынша, сондай-ақ осындай қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорынның түрін (шаруашылық жүргізу құқығындағы немесе қазыналық) айқындау бойынша ұсыныстар енгізеді;
- 6) республикалық кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметінің жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерін қарайды және бекітеді;
- 7) республикалық заңды тұлға мүлкінің сақталуына және осы мүліктің мақсатына сәйкес тиімді пайдалануына бақылауды жүзеге асырады;
- 8) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға республикалық заңды тұлғаға берілген немесе өзінің меншікті шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктің алып қойылуына немесе қайта бөлінуіне келісімін береді;
- 9) республикалық заңды тұлғаларға басқаруды жүзеге асырады;
- 10) республикалық мемлекеттік мекемелердің жарғысын (ережесін) оған өзгерістер мен толықтырулар енгізуді бекітеді;
- 11) республикалық заңды тұлғаның жылдық қаржы есебін бекітеді;
- 12) республикалық қазыналық кәсіпорындар өндіретін және сататын тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) баға белгілейді;
- 13) республикалық мемлекеттік мекемелерді республикалық бюджеттен қаржыландыру жоспарын бекітеді;
- 14) республикалық мемлекеттік мекемелердің филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді ;
- 15) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша республикалық заңды тұлғаны қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асырады;
- 16) Қазақстан Республикасы Үкіметінің стратегиялық объектіні сатып алудың басым құқығын іске асыру туралы шешімінің жобасын әзірлейді;
- 17) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша мемлекеттің акционер (қатысушы) ретінде акционерлік қоғамды (жауапкершілігі шектеулі серіктестікті) басқаруға қатысу құқығын жүзеге асырады;
- 18) акционер (қатысушы) ретіндегі мемлекеттің құқықтары өзіне берілген

жағдайларда, жалғыз акционері (қатысушысы) мемлекет болып табылатын, акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің) тиісті директорлар кеңесінің және қадағалау кеңесінің құрамына өз өкілін тағайындайды, ал мемлекет қатысатын өзге де акционерлік қоғамдарда және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерде - директорлар кеңесіне немесе қадағалау кеңесіне кандидатураларды акционерлердің жалпы жиналысына немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысушыларға бекітуге ұсынады;

19) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның өкілін тиісінше мемлекет қатысатын акционерлік қоғамның директорлар кеңесінің немесе мемлекет қатысатын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің қадағалау кеңесінің құрамына енгізуді қамтамасыз етеді немесе қажетті шаралар қабылдайды;

20) мәліметтер дайындайды, оның ішінде өзінің басқаруындағы мемлекеттік заңды тұлғалардың және осы мәліметтерді мемлекеттік мүлік тізілімінде көрсету үшін оларға қатысты мемлекеттің акционер (қатысушы) ретінде басқаруға қатысу құқығын жүзеге асыратын мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың атаулы тізбесін дайындайды;

21) ұлттық холдингті басқару жөніндегі оған қатысты акционер ретінде мемлекет құқығын жүзеге асыратын ұлттық холдинг қызметінің негізгі принциптері туралы М е м о р а н д у м ә з і р л е й д і ;

22) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

14-бап. Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәслихатының коммуналдық меншікті басқару жөніндегі құзыреті

Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәслихаты:

1) коммуналдық мемлекеттік мүлікті басқару саласында нормативтік құқықтық актілер қабылдайды;

2) коммуналдық мүлікті басқару саласындағы қатынасты реттейтін нормативтік құқықтық актілердің орындалуына бақылауды жүзеге асырады;

3) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің коммуналдық мүлкін дамытуға бағытталған ұсыныстар мен ұсынымдарды әзірлейді;

4) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

15-бап. Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органының құзыреті

1. Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы о р г а н ы : ,

1) облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында коммуналдық мүлікті басқару саласындағы қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілер шығарады;

2) аудандық коммуналдық мүлікті басқару саласында өздерінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының жұмысын үйлестіреді;

3) облыстық коммуналдық мүлікті басқарады, оны қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

4) облыстық коммуналдық мүлікті жекешелендіру туралы шешім қабылдайды;

5) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамалық актісіне сәйкес коммуналдық мүлікті жекешелендіру бойынша сауда-саттықты өткізу туралы хабарды жариялау үшін мерзімді басылымды анықтау жөнінде конкурс өткізеді;

6) облыстық коммуналдық заңды тұлғаларды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы, сондай-ақ акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге қатысу, оларды құру немесе олардан шығу туралы шешімдер қабылдайды;

7) облыстық коммуналдық заңды тұлғалардың жарғысын (ережесін), оған өзгертулер мен толықтырулар енгізуді бекітеді немесе осыған мемлекеттік мүлік жөніндегі облыстық уәкілетті органға уәкілдік береді;

8) коммуналдық мүлікті облыстық коммуналдық заңды тұлғаларға бекітеді;

9) облыстық коммуналдық заңды тұлғалардың филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;

10) облыстық коммуналдық мүлікті жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталына не акционерлік қоғамның акцияларын төлеуге беру туралы шешім қабылдайды;

11) акционерлік қоғамдардың акцияларын және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы үлестерді облыстық коммуналдық мүлік құрамына сатып алу туралы шешім қабылдайды;

12) осы Заңның 9-бабында көзделген жағдайларда және тәртіпте облыстық коммуналдық мүлікті ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық мүлік деңгейіне беру туралы шешім қабылдайды;

13) мәдени және тарихи құндылықтардың пайдалану жай-күйі мен ұстау тәртібіне мемлекеттік бақылауды қамтамасыз етеді, мәдени және тарихи құндылықтарды меншік иесінен мемлекеттің сатып алуы немесе оларды жария сауда-саттықта сату жолымен алып қою туралы талаппен сотқа шағымдану туралы шешім қабылдайды;

14) облыстық коммуналдық мүлікті пайдалану, оның ішінде оны кепілге, жалға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлік басқаруға беру туралы шешім қабылдайды;

15) төтенше жағдайлар кезінде осы Заңның 4-тарауында белгіленген шарттармен мүлікті реквизициялау туралы шешім қабылдайды;

16) осы заңның 4-тарауында белгіленген жағдайлар мен шарттарда

реквизицияланатын мүлікке ақшалай өтем төлейді;

17) осы Заңның 6-тарауында белгіленген жағдайлар мен шарттарда мемлекет мұқтажы үшін мүлікті алып қою кезінде өтем төлейді;

18) мемлекет мұқтажы үшін мүлікті алып қою рәсімінің басталғаны, оның тоқтатылуы немесе мүлікті алып қою туралы шешім қабылдайды;

19) орман қоры жерлерін қоспағанда, осы Заңның 72-бабында көзделген жағдайларда жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қою туралы шешім қабылдайды;

20) мемлекет мұқтажы үшін мүлікті алып қойған кезде өтемді ақшалай немесе өзге де мүлікпен төлеу туралы келісім жасайды;

21) облыстық коммуналдық мүліктің пайдаланылуына және сақталуына бақылауды қамтамасыз етеді;

22) коммуналдық мүліктің есебін ұйымдастырады, оның тиімді пайдалануын қамтамасыз етеді;

23) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

2. Осы Заңның 9-бабының 1-тармағына сәйкес республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық мүлкін жергілікті мемлекеттік басқарудың деңгейі облыстың коммуналдық мүлкін жергілікті мемлекеттік басқарудың деңгейіне теңестіріледі.

16-бап. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының құзыреті

1. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы:

1) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумағында коммуналдық мүлікті басқару саласындағы қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілер шығарады;

2) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық мүлкін басқарады, оны қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

3) жекешелендіру облыстың жергілікті атқарушы органының алдын ала келісімімен жүргізілуі мүмкін аудандық коммуналдық мүлік объектілері тізбесіне қосылған аудандық коммуналдық мүлікті жекешелендіру жөнінде облыстың жергілікті атқарушы органының алдын ала келісімін алады;

4) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық мүлкін жекешелендіру туралы шешім қабылдайды;

5) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамалық актісіне сәйкес коммуналдық мүлікті жекешелендіру бойынша сауда-саттықты өткізу туралы хабарды жариялау үшін мерзімді басылымды айқындау жөнінде конкурс өткізеді;

6) азаматтарға және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға кейіннен сатып алу құқығынсыз, кейіннен сатып алу құқығымен немесе шағын кәсіпкерлік субъектілерінің меншігіне кейіннен беру құқығымен аудандық коммуналдық мүлікті мүліктік жалға

алуға (жалға), сенімгерлік басқаруға береді;

7) аудандық коммуналдық заңды тұлғаларды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы, сондай-ақ акционерлік қоғамдарға және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге қатысу, оларды құру немесе олардан шығу туралы шешімдер қабылдайды;

8) аудандық коммуналдық заңды тұлғалардың жарғысын (ережесін) бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді немесе осыған мемлекеттік мүлік жөніндегі аудандық жергілікті атқарушы органға уәкілеттік береді;

9) аудандық коммуналдық мүлікті аудандық коммуналдық заңды тұлғаларға бекітеді;

10) аудандық коммуналдық заңды тұлғалардың филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;

11) аудандық коммуналдық мүлікті жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталына не акционерлік қоғамның акцияларын төлеуге беру туралы шешім қабылдайды;

12) аудандық коммуналдық мүлікті пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, мүліктік жалға алуға (жалға), өтеусіз пайдалануға және сенімгерлік басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды;

13) төтенше жағдайлар кезінде осы Заңның 4-тарауында белгіленген шарттармен мүлікті реквизициялау туралы шешім қабылдайды;

14) осы заңның 4-тарауында белгіленген жағдайлар мен шарттарда реквизицияланатын мүлікке ақшалай өтем төлейді;

15) осы Заңның 6-тарауында белгіленген жағдайлар мен шарттарда мемлекеттік мұқтаждықтар үшін мүлікті алып қою кезінде өтем төлейді;

16) коммуналдық меншікке айналдырылған (түскен), белгіленген тәртіппен иесіз деп танылған, мұрагерлік құқық бойынша мемлекетке өткен, сондай-ақ белгіленген тәртіппен коммуналдық меншікке өтеусіз өткізілген иесіз қалған мүліктің, олжаның, қараусыз қалған жануарлардың, құрамында мәдени және тарих ескерткіштерге жатқызылатын зат жоқ мұраның үлесін аудандық коммуналдық мүліктің есебіне алынуын, сақталуын, бағалануын және одан әрі пайдалануын ұйымдастырады;

17) мемлекет мұқтажы үшін мүлікті алып қою рәсімінің басталғаны, оның тоқтатылуы немесе мүлікті алып қою туралы шешімдер қабылдайды;

18) мүлікті мемлекет мұқтажы үшін алып қойған кезде өтеуді ақшалай немесе өзге де мүлікпен төлеу туралы келісім жасайды;

19) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

2. Осы Заңның 9-бабының 1-тармағына сәйкес ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдарына осы баппен жүктелген функцияларды

республикалық маңызы бар қалада (астанада) қалалық атқарушы органдар жүзеге асырады.

2 бөлім. Мемлекеттің мүлiктік құқықтарды иеленуі

3-тарау. Мемлекеттің мүлiктік құқықтарды иелену негіздері

17-бап. Мемлекеттің мүлiктік құқықтарды иелену негіздерінің тізбесі

1. Қазақстан Республикасының республикалық мүлiкке құқықтарды иелену негіздері:

- 1) республикалық бюджеттің түсімдері;
- 2) республикалық заңды тұлғалардың мүлiкті иеленуі;
- 3) тәркілеу;
- 4) мүлiкті коммуналдық мүлiк құрамынан республикалық мүлiк құрамына беру;
- 5) мүлiкті азаматтық-құқықтық шарттар (сатып алу-сату, мердігерлік және т.б.) негізінде иелену және жасау;
- 6) стратегиялық объектілерді сатып алуға басым құқықты іске асыру;
- 7) соттың шешімі бойынша ұқыпсыз ұсталынған мәдени немесе тарихи құндылықтарды сатып алу;
- 8) оған құқықты қайта ресімдеген кезде, жеке меншікте тұрған, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер үлесіне мемлекеттік меншік құқығын иелену;
- 9) мұрагерлік, сыйға тарту немесе мемлекеттік емес заңды тұлғалар мен азаматтар мүлкінің республикалық мүлiк құрамына өзге де өтеусіз берілуі не өзге де өтеусіз түсуі (өтуі);
- 10) мүлiкті мемлекет мұқтажы үшін алып қою: мүлiкті реквизициялау, мүлiкті мемлекет меншігіне алу және жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлiкті мәжбүрлеп өтеулі иеліктен шығару;
- 11) шарт бұзылғанға немесе өзгергенге дейін міндеттемелер бойынша Қазақстан Республикасы орындағанды қайтару;
- 12) жарамсыз деп танылған мәміле бойынша берілген мүлiкті қайтару;
- 13) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделген өзге де негіздер.

2. Әкімшілік-аумақтық бірліктің коммуналдық мүлiк құқығын иеленуіне мыналар негіз болып табылады:

- 1) жергілікті бюджеттің түсімі;
- 2) коммуналдық заңды тұлғалардың мүлiкті иеленуі;
- 3) иесіз және тәркіленген мүлiктің коммуналдық мүлiк құрамына түсуі;
- 4) мүлiкті республикалық мүлiк құрамынан коммуналдық мүлiк құрамына беру;
- 5) мүлiкті азаматтық-құқықтық шарттар (сатып алу-сату, мердігерлік және басқа да шарттар) негізінде иелену және жасау;
- 6) өз бетімен салынған құрылысқа соттың шешімі бойынша құқықты иелену;

7) ұқыпсыз ұсталған мәдени немесе тарихи құндылықтарды соттың шешімі бойынша сатып алу;

8) мұрагерлік, иесіз мүліктің өтуі, сыйға тарту немесе мемлекеттік емес заңды тұлғалар мен азаматтар мүлкінің коммуналдық мүлік құрамына өзге де өтеусіз берілуі не өзге де өтеусіз түсуі (өтуі);

9) мүлікті мемлекет мұқтажы үшін алып қою: мүлікті реквизициялау, жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп өтеулі иеліктен шығару;

10) шарт бұзылғанға немесе өзгертілгенге дейінгі міндеттемелер бойынша әкімшілік-аумақтың бірлік орындағанды қайтаруы;

11) жарамсыз деп танылған мәміле бойынша берілген мүлікті қайтару;

12) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделген өзге де негіздер.

18-бап. Мемлекеттік бюджетке жатқызылатын мүлікке құқықтарды иелену

Бюджетке жатқызылатын мүлікке құқықтарды иелену бюджет қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамалық актісімен айқындалады.

19-бап. Мемлекеттік заңды тұлғалардың мүлікті иеленуі

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен тыйым салынбаған, өндірістік-шаруашылық қызметтің нәтижесінде немесе өзге де негіздер бойынша республикалық және коммуналдық заңды тұлғалардың мүлікті иеленуі, осы мүлікке Қазақстан Республикасының немесе әкімшілік-аумақтық бірліктің құқықтарды иеленуіне және оны мемлекеттік (республикалық немесе коммуналдық) мүлікке жатқызуға негіз болып табылады.

20-бап. Тәркіленген мүліктің мемлекеттік мүлік құрамына түсуі

Тәркіленген мүліктің мемлекеттік немесе коммуналдық мүлік құрамына түсуі осы Заңның 216-218, 220, 221-баптарында айқындалған шарттар мен тәртіпте жүзеге асырылады.

21-бап. Иесіз жылжымайтын затқа мемлекеттік меншік құқығын иелену

1. Иесіз жылжымайтын затты оның аумағында табылған республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тиісті жергілікті атқарушы органының өтініші бойынша жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеуді жүзеге асыратын орган есепке алады. Иесіз жылжымайтын затты есепке қойған күннен бастап бір жыл өткенде, жергілікті атқарушы орган осы заттың аудандық коммуналдық меншікке түскенін тану туралы талаппен сотқа жүгіне алады. Қазақстан Республикасының жер туралы заңнамалық актілеріне сәйкес жер учаскесі, иесіз жылжымайтын зат ретінде оның аумағында табылған республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) уәкілетті органының өтініші бойынша есепке алынады.

2. Азаматтар немесе мемлекеттік емес заңды тұлғалар осындай мүлікті өзінің меншігі ретінде иеленген, иесіз жылжымайтын зат есепке қойылмайды және аудандық коммуналдық меншікке берілмейді.

3. Осындай мүлікке басқа тұлғаның меншік құқығы пайда болғанға дейін кез келген уақытта меншік иесінің өзіне тиесілі жылжымайтын затты иесіз ретінде есептен шығару және оны өзінің нақты иелігіне қайтадан қабылдау туралы өтініш жасауға құқылы.

4. Иесіз жылжымайтын зат ретінде есепке алынған жер учаскелеріне мемлекеттің құқықтарды иелену ерекшеліктері Қазақстан Республикасының жер туралы заңнамалық актілерімен белгіленеді.

22-бап. Меншік иесі бас тартқан жылжымалы затқа мемлекеттік меншік құқығын иелену

1. Меншік иесі тастап кеткен немесе оларды (тастап кеткен заттар) меншік құқығынан бас тарту мақсатында өзі өзгеше түрде қалдырған жылжымалы заттар осы бапта көзделген жағдайлар мен тәртіпте мемлекеттік меншікке айналдырылуы мүмкін.

2. Өзінің пайдалануындағы жер учаскесінде тасталған, құны тиісті жиырма айлық есептік көрсеткіштен анық төмен затты не тасталған металл сынықтарын, жарамсыз өнімді мемлекеттік заңды тұлға оларды пайдалануға кірісе отырып немесе заттарды шаруашылық жүргізуге немесе жедел басқаруға қосқанын куәландыратын өзге де іс-қимылдар жасай отырып, осы заттарды өзінің шаруашылық жүргізуіне немесе жедел басқаруына пайдаланады.

Осындай мүлік мемлекеттік меншікте болған және пайдалануға берілмеген жерден табылған жағдайда, мүлікті аудандық коммуналдық мүлік құрамына қабылдау қажет кезде ол ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының шешімі бойынша жергілікті қазынаға келіп түседі.

3. Мүлікті аудандық коммуналдық мүлік құрамына қабылдау қажеттігі туралы мәселе қаралған кезде:

1) мүлікті мемлекеттік мүлік құрамына қабылдаудың экономикалық тұрғыдан орындылығы;

2) мүліктің мемлекеттік мүлік құрамына ауыстырылғаннан кейінгі мақсаты мен пайдаланылуы негізгі өлшемдер болып табылады.

4. Мүлікті аудандық коммуналдық мүлік құрамына қабылдау қажет болмаған жағдайда, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган мүлікті осы бапта белгіленген тәртіппен осы Заңның 219-бабының ережелеріне сәйкес одан әрі іске асыру үшін аудандық коммуналдық мүлік құрамына қабылдай алады.

5. Меншік иесі тастап кеткен, құны жиырма айлық есептік көрсеткіш және одан жоғары жылжымалы мүлік өзіне иелік етуге кіріскен мемлекеттік заңды тұлғаның шаруашылық жүргізуіне немесе жедел басқаруына келіп түседі немесе олар ауданның (

облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының иеленуіне келіп түскен жағдайда - егер мемлекеттік заңды тұлғаның немесе жергілікті атқарушы органның өтініші бойынша осындай затты сот иесіз деп таныған жағдайда аудандық қазынаның құрамына келіп түседі.

23-бап. Мүлікті бюджет қаражаты есебінен иелену

1. Бюджет қаражаты есебінен мүлікті иелену мемлекеттік сатып алу туралы Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің талаптары мен ережелерін сақтай отырып, мүлікті иелену туралы азаматтық-құқықтық мәмілелер жасау, жұмыстарды орындау мен қызметтер көрсету (сатып алу-сату, мердігерлік, өтеулі қызмет көрсету және басқалары) негізінде жүзеге асырылады.

2. Акционерлік қоғамдардың акцияларын және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы үлестерді иелену, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталына акциялар пен салымдарды төлеу осы Заңда және Қазақстан Республикасының бюджет қызметін реттейтін заңнамалық актісінде көзделген тәртіпте бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

24-бап. Мұрагерліктің және иесіз қалған мүліктің мемлекеттік мүлік құрамына енуі

1. Азамат қайтыс болған жағдайда оған тиесілі мүлік Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен өсиетке сәйкес мемлекетке өтуі мүмкін.

2. Егер өсиет бойынша да, заң бойынша да мұрагерлер болмаса, не Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес мұрагерлердің ешқайсысы мұраға алу құқығына ие болмаса, не олардың барлығы мұрадан бас тартса, азамат қайтыс болғаннан кейін қалған мұра иесіз қалған мүлік деп танылады. Иесіз қалған мүлік Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген тәртіппен мұраның ашылу орны бойынша аудандық коммуналдық меншік құрамына өтеді.

25-бап. Сыйға тарту шарты бойынша мүлік құқығын иелену

1. Азаматтардың және мемлекеттік емес заңды тұлғалардың мүлікті сыйға тарту шартына мемлекет Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі 27-тарауының ережелерін осы бапта белгіленген ерекшеліктермен қолданады.

Лауазымдық жағдайына байланысты немесе өзінің қызметтік міндеттерін орындауына байланысты мемлекеттік қызметшілерге, сондай-ақ олардың отбасы мүшелеріне берілетін сыйлықтарға құқықтарды жүзеге асыру ерекшеліктері осы Заңның 222-бабында айқындалады.

2. Сыйға тарту шарты бойынша мүлікке құқықтарды иелену Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Жер учаскелерін жеке меншіктен мемлекет меншігіне сыйға тарту шарты негізінде беру Қазақстан Республикасының жер туралы заңнамалық актісінде көзделген ерекшеліктерді ескере отырып жүзеге асырылады.

4. Мүлікті жеке меншіктен мемлекеттік мүлік құрамына жалпыға бірдей пайдалы

мақсатта (қайырымдылық) беру Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 516-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

**26-бап. Мүлікті мемлекет иелігіне алу, реквизициялау
немесе мемлекет мұқтажы үшін алып қою кезінде
құқықтарды иелену**

1. Мүлікті мемлекет иелігіне алу, реквизициялау немесе мемлекет мұқтажы үшін алып қою кезінде құқықтарды иеленуді мемлекет (Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бірлік) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде белгіленген шарттар мен тәртіпте жүзеге асырады.

2. Мемлекет иелігіне алу, реквизициялау немесе мемлекет мұқтажы үшін алып қою кезінде мүлікті иелену бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

3. Мемлекет иелігіне алу, реквизициялау немесе мемлекет мұқтажы үшін алып қою кезінде мемлекет иеленген мүлік мемлекеттік немесе жергілікті қазынаға түседі.

27-бап. Көмбеге мемлекеттік меншік құқығын иелену

1. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, мемлекет меншігіндегі жер учаскесінде немесе өзге де жылжымайтын мүлікте табылған көмбе, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі 247-бабының 1-тармағына сәйкес, олардың арасында шартпен өзгеше белгіленбегендіктен, мемлекеттік меншікке және көмбені тапқан адамға тең ү л е с т е р д е б ө л і н е д і .

2. Егер көмбе тарих және мәдениет ескерткіштеріне жатқызылатын затта болса, ол Қазақстан Республикасының меншігіне берілуге жатады. Осындай көмбе табылған жылжымайтын мүлік иесі және көмбені тапқан адам, егер олардың арасында шартпен өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 247-бабына сәйкес көмбе құнының мөлшерінде тең үлеспен сыйақы алуға құқылы. Тарих және мәдениет ескерткіштеріне жатқызылған заттар бар олжа мемлекетке тиесілі жер учаскесінде немесе өзге де жылжымайтын мүлікте табылған жағдайда, көмбені тауып алған адам осы көмбе құнының елу пайызын алуға құқылы.

3. Тарих және мәдениет ескерткіштеріне жатқызылатын заттары бар көмбені тапқаны үшін сыйақы төлеу Қазақстан Республикасының бюджет қызметін реттейтін заңнамалық актісімен айқындалған тәртіпте бюджет қаражатынан жүргізіледі.

28-бап. Олжаға мемлекеттік меншік құқығын иелену

1. Үй-жайдан немесе көліктен табылған мемлекетке тиесілі зат не меншік иесі немесе орналасқан жері белгісіз зат Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі 245-бабының ережелеріне сәйкес жалпы негіздемеде аудандық коммуналдық меншікке ө т е д і .

2. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 245-бабы 4-тармағының екінші бөлігінде көзделген жағдайларда олжа аудандық коммуналдық меншікке өтеді.

Зат аудандық коммуналдық меншікке өткен жағдайда тауып алушы ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органынан затты сақтауға, өткізуге және сатуға байланысты қажетті шығыстардың өтемін алуға құқылы.

29-бап. Қараусыз жануарларға мемлекеттік меншік құқығын иелену

1. Ұстауы мен пайдалануында қараусыз жануарлар бар адам өзінде ұсталған жануарларды меншігіне иеленуден бас тартқан кезде олар аудандық коммуналдық меншікке түседі және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тиісті жергілікті атқарушы органы айқындаған тәртіппен пайдаланылады.

2. Жануарлар мемлекет меншігіне өткеннен кейін олардың бұрынғы меншік иесі келген жағдайда, бұрынғы меншік иесіне осы жануарлар тарапынан оған үйірсектігі сақталғаны туралы немесе жаңа меншік иесінің оларға қатал не өзгедей мейірімсіз қарағандығы туралы куәландыратын мән-жайлар болған кезде, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тиісті мемлекеттік атқарушы органымен келісім бойынша айқындалатын шарттармен, ал келісімге қол жеткізілмеген кезде - сот арқылы бұрынғы меншік иесі оларды өзіне қайтарып беруді талап етуге құқылы.

30-бап. Өз бетімен салынған құрылысқа мемлекеттік меншік құқығын иелену

Мемлекетке тиесілі және жер пайдалануда болмаған жер учаскелерінде (мемлекетке тиесілі жердің қалыптастырылмаған жер учаскелерінде) тұлға өз бетімен салған құрылыс оның әлеуметтік-экономикалық орындылығы ескеріле отырып, айрықша жағдайларда, құрылыс шығыстары сот айқындаған мөлшерде өтеле отырып, аудандық коммуналдық меншікке берілуі мүмкін.

Мемлекеттік жерді пайдаланушылардың жер пайдалануындағы жер учаскелерінде өз бетімен құрылыс салуды жүзеге асыру кезінде әлеуметтік-экономикалық орындылықты ескере отырып, өз бетімен салынған құрылыс құрылысқа жұмсалған шығыстарды бюджет қаражатынан сот айқындаған мөлшерде өтеумен аудандық коммуналдық меншікке берілуі мүмкін.

31-бап. Күтімсіз ұсталған мәдени және тарихи құндылықтардың мемлекеттік мүлік құрамына енуі

1. Мәдени және тарихи құндылықтарға жатқызылған заттардың меншік иесі Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес ерекше бағалы және мемлекет қорғайтын осы құндылықтарды күтімсіз ұстаса, олардың өз маңызын жоғалту қатерін төндірсе, осындай құндылықтарды мемлекет меншік иесінен осы бапта көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, сот шешімі бойынша сатып алуы немесе жария саудаға салып сату арқылы алып қоюы мүмкін.

2. Мәдени және тарихи құндылықтар сатып алынған кезде меншік иесіне тараптардың келісуімен, ал дау туған жағдайда сот белгілеген мөлшерде олардың құны өтеледі. Жария саудаға салып сатқан кезде меншік иесіне сатудан түскен сома сауданы

өткізу шығындары шегеріліп беріледі.

3. Күтімсіз ұсталған мәдени және тарихи құндылықтарды меншік иесінен алып қою тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру нәтижесі бойынша жүргізіледі.

Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау азаматтар мен заңды тұлғалардың мәдени және тарихи құндылықтарды қорғау мен пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауын және күтімсіз ұсталған мәдени және тарихи құндылықтардың мемлекет меншігіне өтуін қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады.

4. Мәдени және тарихи құндылықтардың барлық санатын пайдаланудың жай-күйі мен ұстау тәртібіне мемлекеттік бақылауды тиісті саладағы уәкілетті орган, ал жергілікті маңызы бар мәдени және тарихи құндылықтарға қатысты - облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары жүзеге асырады.

5. Мәдени және тарихи құндылықтардың пайдалану жай-күйі мен ұстау тәртібіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру кезінде оларды күтімсіз ұстау фактілері анықталған жағдайда, мәдени және тарихи құндылықтардың меншік иесіне мәдени және тарихи құндылықтардың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі өз міндеттемесін бұзғаны және осындай бұзушылықтарды ұйғарымда көрсетілген мерзімде жою туралы ұйғарым беріледі.

6. Мәдени және тарихи құндылықтардың меншік иесі оларды сақтау бойынша міндеттемені бұзғанын жоймаған жағдайда, халықаралық және республикалық маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіштерге қатысты тиісті саладағы уәкілетті орган, ал жергілікті маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіштерге қатысты - облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары мәдени және тарихи құндылықтарды меншік иесінен мемлекеттің сатып алуы немесе оларды жария саудада сату жолымен алып қою туралы талаппен сотқа жүгіну туралы шешім шығарады.

7. Халықаралық және республикалық маңызы бар мәдени және тарихи құндылықтарды мемлекет соттың шешімі бойынша алып қою жағдайында олар республикалық мүлік құрамына, ал жергілікті маңызы барлар - коммуналдық мүлік құрамына енеді.

32-бап. Жеке меншіктегі ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесіне мемлекеттік меншік құқығын алу

Жеке меншіктегі ауылшаруашылығы мақсатындағы жер учаскесіне мемлекеттік меншік құқығын алу жер учаскесінің меншік иесі болып табылатын азамат Қазақстан Республикасының азаматтығынан шыққан кезде жер туралы Қазақстан Республикасының заңнамалық актісіне сәйкес жүзеге асырылады.

**33-бап. Шартты бұзу немесе өзгерту және мәмілелерді
жарамсыз деп тану кезінде мүлікті қайтару
жағдайында мемлекеттік мүлікке құқықтың туындауы**

1. Мемлекеттік мүліктің шартты бұзу немесе өзгертуге дейін азаматтың немесе заңды тұлғаның жеке меншігіне өту негізінде шартты бұзу немесе өзгерту жағдайында, егер, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерде немесе тараптардың келісімдерінде өзгеше көзделмесе, тараптардың бұзу немесе өзгертуге дейін өздерінің міндеттемесі бойынша орындалғандарды қайтаруды талап етуге құқығы жоқ.

2. Сот мемлекеттік мүлік азаматтардың немесе заңды тұлғалардың жеке меншігіне жарамсыз мәміле негізінде өтті деп таныған жағдайда, ондай мүлік мемлекетке қайтарылады, ал мүлікті заттай қайтару мүмкін болмаған кезде, оның құны ақшалай өтеледі.

34-бап. Мемлекеттік меншік құқығының презумпциясы

1. Егер Қазақстан Республикасында жылжымайтын мүлікке құқықты тіркеу жүйесін енгізуге дейін мемлекеттік заңды тұлғаның балансына қойылған ғимаратына, құрылыстарына және өзге де жылжымайтын мүлікке меншік құқығын тану туралы дау болмаса, қажетті құқық белгілеуші құжаттар болмаған жағдайда, осы мүлікке мемлекеттік меншік құқығы осындай мүліктің мемлекет мүлкі құрамында болуы туралы мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның құжаттарымен расталуы мүмкін. Дау туындаған жағдайда, көрсетілген мүлікке меншік құқығы мүдделі тұлғаның талабы негізінде сот тәртібімен жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан және азаматтар мен заңды тұлғалардың меншігі болып табылмайтын барлық тарих және мәдениет ескерткіштері, сондай-ақ археология ескерткіштерінің барлық түрлері, халықтың өміріндегі аса маңызды тарихи оқиғалармен байланысты ескерткіш орындары, қала құрылысы мен архитектура ескерткіштері, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен тарихи және мәдени ескерткіштер ретінде танылған тарихи-мәдени ландшафттар Қазақстан Республикасының меншігі болып табылады.

4-тарау. Мүлікті реквизициялау

\$ 1. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде мүлікті реквизициялау

**35-бап. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше
жағдайлар кезінде мүлікті реквизициялауды
жүргізу жағдайлары мен аумақтары**

1. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде мүлікті реквизициялау халықты, қоршаған орта мен шаруашылық жүргізу объектілерін табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан кепілдендірілген қорғауды қамтамасыз ету үшін құрылған материалдық-техникалық, азық-түлік, медициналық және басқа да ресурстардың мемлекеттік резерві болмаған немесе жеткіліксіз кездегі

ерекше жағдайларда жүзеге асырылады.

2. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде мүлікті реквизициялау төтенше жағдайлар аймағымен (төтенше жағдай туындаған белгілі бір аумақпен) және/немесе төтенше жағдайлар аймағында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жарияланған төтенше жағдайдың кезеңімен шектеледі. Төтенше жағдайлар аймағында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жарияланған төтенше жағдайлар аймағынан тыс немесе төтенше жағдайлар кезеңінен тыс төтенше жағдайлар кезінде мүлікті реквизициялауға рұқсат етілмейді.

3. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде мүлікті реквизициялау табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды оқшаулауды және жоюды қамтамасыз ету үшін қажетті азаматтығына және тіркеу орнына қарамастан, азаматтардың және заңды тұлғалардың мүлігіне қатысты жол беріледі.

36-бап. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде мүлікті реквизициялаудың негізгі мақсаты мен шарттары

1. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде мүлікті реквизициялау табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды оқшаулау және жою бойынша жұмыстарды қамтамасыз ету мақсатында, оның ішінде төтенше жағдайлардан зардап шеккен халықты азық-түлікпен, дәрі-дәрмектермен, тұрғын үй-жайлармен қамтамасыз ету, ұлттық экономиканың тұрақты жұмыс істеуіне жағдай жасау, жою жұмыстарының өзге де материалдық проблемаларын шешу үшін жүзеге асырылады.

2. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде мүлікті реквизициялау мүлікті уақытша толық көлемде алып қоюға байланысты туындаған реквизиция жасалатын мүлікті пайдалануға төлем жасау және залалды өтеу шарттарымен мүлікті уақытша алып қою жағдайында жүзеге асырылады.

3. Мүлікті пайдалану кезінде ол едәуір нашарлаған жағдайда меншік иесі қайтарылған мүліктен бас тартуға және ұқсас мүлік беруді немесе реквизициядан туындаған шығындарды толық көлемде өтеумен алып қойылған мүліктің құнын талап етуге құқылы.

4. Тұтынылатын заттар, оның ішінде тез бұзылатындары, меншік иесіне алып қойылған мүлікті мүліктің нарықтық құнын өтеу, сондай-ақ реквизициялаудан туындаған шығындарды өтеу жағдайымен толық көлемінде қайтарымсыз реквизициялауға жатады.

5. Меншік иесіне мүліктің нарықтық құнымен алынатын мүлікті өтеу реквизиция күнінде немесе мүлік иесінің таңдауы бойынша мүліктің құнын өтеу күнінде айқындалады.

6. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес

төтенше жағдайлар кезінде мүліктеріне реквизиция жасалынбайтын ұйымдардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

7. Мүліктің жекелеген түрлерін реквизициялау ерекшеліктері Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленеді.

37-бап. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде мүлікті реквизициялау

негіздері

1. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар басталған кезде мүлікті реквизициялауға Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар туралы заңнамалық актілеріне сәйкес әзірленген табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды оқшаулау және жою жөніндегі бірінші кезектегі іс-қимылдар туралы жергілікті атқарушы органдардың жоспарына сәйкес жол беріледі.

2. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар аймағында төтенше жағдайды енгізу кезінде мүлікті реквизициялауға қажетті құтқару және авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу үшін төтенше жағдай режимін енгізу туралы шешім негізінде және соған сәйкес жол беріледі.

3. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде мүлікті реквизициялауға сондай-ақ табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою саласындағы уәкілетті органның ұйғарымы негізінде қажетті құтқару және авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу кезінде жол беріледі.

38-бап. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде мүлікті реквизициялау тәртібі

1. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде жалпы басшылық пен реквизицияны қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген төтенше жағдайлардың түрі (объектілік, жергілікті, өңірлік және жаһандық) мен жіктелуіне байланысты табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды оқшаулау және жою жөніндегі іс-шараларға басшылық ететін уәкілетті орган жүзеге асырады.

2. Мүлікті реквизициялау облыстың (республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының шешімі негізінде жүзеге асырылады.

3. Реквизиция туралы жергілікті атқарушы органның шешімі табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою саласындағы уәкілетті органның немесе табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды оқшаулау және жою жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыратын авариялық-құтқару қызметтері басшыларының ұйғарымы негізінде шығарылады.

4. Ұйғарым табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды оқшаулау және жою жөніндегі іс-шараларды қамтамасыз ету үшін қажетті мүлік туралы мәліметтерді қамтуы тиіс.

5. Реквизиция туралы шешім мыналарды:

1) реквизицияға жататын мүліктің тізімдемесін, меншік иесі және мүліктің орналасқан жері, реквизицияланатын мүлікті жинау жері туралы мәліметтерді, сондай-ақ реквизицияланатын мүлік туралы өзге де қажетті мәліметтерді;

2) жекелеген аудандық әкімшілік-аумақтық бірлікте реквизицияны бақылауға және қамтамасыз етуге жауапты лауазымды тұлғалардың дербес құрамын;

3) жекелеген аудандық әкімшілік-аумақтық бірлікте мүлікті алып қоюды жүзеге асыруға уәкілетті лауазымды тұлғалардың дербес құрамын;

4) Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамалық актілеріне сәйкес құрылатын бағалау комиссиясының саны мен дербес құрамын;

5) реквизициялауды жүргізу мерзімін;

6) өтем төлеу мерзімдерін;

7) реквизицияны жүргізуге қажетті өзге де мәліметтерді қамтуы тиіс.

6. Қажет болған жағдайда, оның ішінде реквизицияға жататын мүліктің тізбесі, лауазымды тұлғалардың немесе бағалау комиссиясының дербес құрамы өзгерген кезде, шешімге тиісті өзгерістер енгізіледі.

7. Реквизиция және оған кейіннен жасалатын барлық өзгерістер мен толықтырулар туралы шешім бұқаралық ақпарат құралдарына қабылданған кезден бастап екі күн мерзімнен кешіктірмей жариялауға, сондай-ақ онымен еркін танысу үшін қолжетімді жерлерде, әкімшілік-аумақтық бірліктің барлық аудандарында орналастыруға жатады.

39-бап. Өзіне қатысты реквизициялау туралы шешім шығарылған мүлікті алып қою

1. Мүлікті алып қоюға дейін меншік иесі реквизиция туралы шешіммен жеке қол қою арқылы танысуға тиіс.

2. Мүлікті алып қоюды мүлік иесінің (немесе оның өкілінің) және мүлікті алып қою туралы акт негізінде бағалау комиссиясы мүшелерінің қатысуымен осыған уәкілетті лауазымды тұлғалар жүргізеді.

3. Мүлікті алып қою туралы акт:

1) реквизиция туралы шешімнің деректемелерін көрсете отырып реквизицияны жүргізу негіздемесін;

2) мүлікті алып қоюды жүргізудің уақыты мен орнын;

3) реквизицияны жүргізетін лауазымды тұлға, бағалау комиссиясының құрамы мен мүшелерінің саны, реквизиция жасалатын мүліктің иелері, мүлікті алып қою кезінде қатысатын өзге де тұлғалар туралы мәліметтерді;

4) салмағын, өлшемін, сапасы мен орау түрін, құқық белгілейтін құжаттарды, мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді және өзге де жеке айқындалған сипаттарды көрсете отырып, реквизиция жасалатын мүліктің тізімдемесін;

5) мүлікті бағалау мен өтем төлеудің мөлшері туралы мәліметтерді;

6) егер мүлік қайтару шарттарында реквизицияланса, мүлікті қайтарудың болжамды мерзімін;

7) өтемді төлеу мерзімі мен жауапты лауазымды тұлғаны көрсете отырып, оны төлеуді қамтамасыз ететін қаржылық органды көрсетуді;

8) реквизиция және реквизиция жасалатын мүлік туралы өзге де қажетті мәліметтерді қамтуы тиіс.

4. Акт екі данадан кем жасалмайды, оған уәкілетті лауазымды тұлға, бағалау комиссиясының мүшелері мен мүліктің иесі (немесе оның уәкілетті өкілі) қол қояды және актінің бір данасы реквизиция жасалатын мүліктің иесіне немесе оның өкіліне беріледі. Актінің екінші данасы белгіленген тәртіппен лауазымды тұлғаның есебімен облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органына жіберіледі.

40-бап. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар аймағында төтенше жағдайлар режимін енгізу кезінде реквизициялау ерекшеліктері

1. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар аймағында төтенше жағдайлар режимін енгізу кезінде табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды оқшаулау және жою жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыратын авариялық-құтқару қызметінің басшысы өзінің жеке жауапкершілігімен қажетті құтқару және авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу үшін қажетті мүліктің реквизициясын дербес өткізуге құқылы.

2. Мүлікті алып қою реквизициялау туралы актінің негізінде жүзеге асырылады, ол:

1) реквизиция жүргізудің негіздемелерін;

2) алып қоюды жүргізудің уақыты мен орнын;

3) лауазымын, атағы мен атын көрсете отырып, реквизицияны жүргізетін лауазымды тұлға туралы мәліметтерді, сондай-ақ реквизициялауға уәкілетті тұлғаларды тағайындау туралы бұйрықтың деректемелерін, реквизиция жасалатын мүліктің иесін, алып қою кезінде қатысатын өзге де тұлғалар туралы мәліметтерді;

4) салмағын, өлшемін, сапасы мен орау түрін, құқық белгілейтін құжаттарды, мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді және өзге де жеке анықтамалық сипаттамаларды көрсете отырып, реквизиция жасалатын мүліктің тізімдемесін;

5) мүлікті бағалау туралы мәліметтерді;

6) реквизиция және реквизиция жасалатын мүлік туралы өзге де қажетті мәліметтерді қамтуы тиіс.

3. Актінің бір данасы реквизиция жасалатын мүліктің иесіне (немесе меншік иесінің өкіліне) беріледі.

4. Алып қою туралы актіні қоса бере отырып, өткізілген реквизиция туралы есеп жасалады, ол белгіленген тәртіппен табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды оқшаулау және жою саласындағы уәкілетті органға және облыстың (

республикалық маңызы бар қаланың, астананың) немесе ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органына жіберіледі.

41-бап. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар аймағында құтқару және авариялық қалпына келтіруді жүргізу кезінде реквизициялау

1. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар аймағында құтқару және авариялық-қалпына келтіруді жүргізу кезінде ерекше жағдайларда авариялық-құтқару қызметінің немесе шұғыл медициналық көмек қызметінің жекелеген жасақтарының (бөлімшелерінің) қажеттілігі үшін мүлікті реквизициялауды осы жасақтың (бөлімшенің, экипаждың) бастығы дербес жүргізеді.

2. Мүлікті алып қою реквизициялар туралы акт негізінде жүргізіледі, ол:

1) реквизициялауға негіз болған ерекше жағдайлар туралы нұсқауды;

2) алып қоюды жүргізу уақыты мен орнын;

3) лауазымын, атағы мен атын көрсете отырып, реквизицияны жүргізетін лауазымды тұлға туралы мәліметтерді, сондай-ақ өзге де қажетті деректемелерді, реквизиция жасалатын мүліктің иесі, алып қою кезінде қатысатын өзге де тұлғалар туралы мәліметтерді;

4) салмағын, өлшемін, сапасы мен орау түрін, құқық белгілейтін құжаттарды, мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді және өзге де жеке-анықтамалық сипаттамаларды көрсете отырып реквизиция жасалатын мүліктің тізімдемесін;

5) реквизиция және реквизиция жасалатын мүлік туралы өзге де қажетті мәліметтерді қамтуға тиіс.

3. Актінің бір данасы реквизиция жасалатын мүліктің иесіне (немесе меншік иесінің өкіліне) беріледі.

4. Авариялық-құтқару қызметінің немесе шұғыл медициналық көмек қызметі жасағының (бөлімшесінің) басшысы есеп пен реквизициялау туралы актіні қоса бере отырып, өткізілген реквизициялау туралы жоғарыда тұрған бастық арқылы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды оқшаулау және жою саласындағы уәкілетті органды дереу хабардар етуге міндетті.

42-бап. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде реквизицияланған мүлікті қайтару

1. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар аймағында төтенше жағдайлар жойылған кезде немесе табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар тоқтатылған кезде реквизицияланған мүліктің иесі сақталған мүлікті осы бапта көзделген тәртіппен қайтаруды сот бойынша талап етуге құқылы.

2. Мүлкін алып қойғаны үшін өтем алмаған реквизицияланған мүліктің иесі өзінің таңдауы бойынша мүлікті қайтаруды және залалды өтеуді не өтемді толық көлемде беруді талап етуге құқылы. Ішінара өтем алған меншік иесінің де осындай құқығы бар.

Ішінара өтем алған меншік иесіне мүлікті қайтару кезінде шығындарды өтеу төленген сомалар ескеріле отырып жүргізіледі.

3. Толық көлемде өтем алған реквизицияланған мүліктің иесі мүліктің қайтарылу күнгі бағасы бойынша сақталған мүлікті басымдықпен, бірақ алынған өтем сомасынан асырмай сатып алуға құқылы.

4. Мүліктің жекелеген түрлерін қайтарудың ерекшеліктері Қазақстан Республикасының жер, мұнай, тұрғын үй қатынастары туралы заңнамалық актілермен және Қазақстан Республикасының өзге заңнамалық актілерімен белгіленеді.

43-бап. Мүлікті реквизициялау үшін ақшалай өтем төлеу

1. Реквизиция жасалатын мүлік үшін ақшалай өтем Қазақстан Республикасының бюджет қызметін реттейтін заңнамалық актілеріне сәйкес бюджет қаражатынан төленеді.

2. Өтем реквизиция туралы шешімде көрсетілген мерзімде, мүлікті алып қою туралы актіге қол қойылған күннен бастап алпыс күннен кешіктірмей төленуі тиіс.

3. Өтемді төлеудің мерзімі өткен кезде, қарыздың сомасына нақты төлеу күніне Қазақстан Республикасы ұлттық банкінің қайта қаржыландырудың ресми ставкасы негізінде есептелетін мөлшерде айыппұл есептелінеді.

44-бап. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде реквизицияланған мүлікті есепке алу

1. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде реквизицияны жүзеге асыратын орган реквизицияланған мүліктің бастапқы есебін жүргізуге міндетті, онда алып қойылған мүліктің тізбесі және реквизицияланған мүлікті пайдалану үшін берілген авариялық-құтқару қызметінің бөлімшелері немесе өзге де ұйымдар туралы мәліметтер қамтылуға тиіс.

2. Реквизицияланған мүлік қозғалысының одан әрі есебі реквизицияланған мүлікті есепке алу үшін белгіленген тәртіппен жүргізіледі. Төтенше жағдайларды оқшаулау және жою жөніндегі іс-шараларды қамтамасыз ету, авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу мұқтажы үшін алып қойылғандар мен берілгендерді пайдалану есебінің жүйесін табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

45-бап. Мүлікті реквизициялау кезінде меншік иесінің құқығына кепілдік беру

1. Реквизицияны жүргізу кезінде туындаған даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

2. Реквизиция, сондай-ақ реквизицияланған мүлікті бағалау және оған өтем жасау мөлшері, оның ішінде өтелетін шығындардың мөлшері туралы шешімнің заңдылығына

реквизицияланған мүліктің иесі сот тәртібімен дауласа алады.

3. Реквизицияланған мүлік иесінің мүліктің реквизициядан туындаған құнын және шығындарды өтеу туралы талабына талап қоюдың мерзімі таратылмайды.

§ 2 Қорғаныс мұқтажы үшін мүлікті реквизициялау ерекшеліктері (соғыс жағдайы кезеңінде немесе соғыс уақытында)

46-бап. Соғыс жағдайы кезеңінде қорғаныс мұқтажы үшін мүлікті реквизициялаудың негіздері мен тәртібі

1. Соғыс жағдайы енгізілген және жұмылдыру хабарландырылған (толық немесе ішінара) жағдайда мүлікті қорғаныс мұқтажы үшін реквизициялау Қазақстан Республикасының Жұмылдыру жоспарына және тиісті есепті жылға арналған өндіріс және қызмет көрсету жоспарына сәйкес жүргізіледі.

2. Соғыс жағдайы енгізілген және соғыс жағдайы режимін қамтамасыз ету шаралары ретіндегі қорғаныс мұқтажы үшін мүлікті реквизициялау Қазақстан Республикасы Президентінің соғыс жағдайын енгізу туралы жарлығымен бекітілетін соғыс жағдайы режимін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес жүргізіледі.

3. Бұдан әрі, қорғаныс мұқтажы үшін мүлікті қосымша реквизициялау қорғаныс мұқтажын және соғыс жағдайы режимін қамтамасыз ету үшін штаб бастықтары комитетінің немесе әскери басқарудың жергілікті органдарының (штаб бастықтары комитетінің келісімі бойынша) ұйғарымы бойынша жүзеге асырылады.

4. Қорғаныс мұқтажы үшін мүлікті реквизициялау облыстың (астананың және республикалық маңызы бар қаланың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының шешімдері негізінде Штабтар бастықтары комитетінің, әскери басқарудың жергілікті органдарының, жұмылдыру органдарының немесе жоғарыда тұрған әскери органдардың жазбаша бұйрықтары негізінде осындай өкілеттік берілген әскери бөлімдердің командирлерінің ұйғарымдары бойынша жүзеге асырылады.

5. Әскери органдар мен әскери бөлімдердің қорғаныс мұқтажы үшін мүлікті реквизициялау жөніндегі қызметіне жалпы басшылық жасауды және үйлестіруді Қазақстан Республикасының қарулы күштері туралы Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің, Қазақстан Республикасы қарулы күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрамаларының жалпы әскери жарғыларының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Бас қолбасшысының бұйрықтары негізінде жүзеге асырылады.

6. Жергілікті атқарушы органның реквизициялау туралы шешімі әскери органдардың қарулы күштер және соғыс жағдайы туралы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген тәртіпте шығарылған (Штабтар бастықтары комитетінің,

жұмылдыру органдарының, жергілікті әскери органдардың) ұйғарымдары негізінде шығарылды.

7. Ұйғарым мүлікті қорғау мұқтажы үшін қажет мәліметтерді қамтуы тиіс.

47-бап. Қорғаныс мұқтажы үшін реквизициялауға жататын мүлік

1. Соғыс жағдайы енгізілген және жұмылдыру хабарландырылған кезде Қазақстан Республикасының жұмылдыру жоспарына сәйкес автокөлік құралдары және өзге де мүліктер реквизициялауға жатқызылады.

2. Соғыс жағдайы енгізілген және соғыс жағдайы режимін қамтамасыз ету шарасы ретінде мүлікті реквизициялау қажеттілігі танылған кезде реквизициялауға жатқызылатын мүліктің тізбесі соғыс жағдайы режимін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспарымен айқындалады.

3. Соғыс жағдайы кезеңінде қосымша реквизициялау қажеттігі жағдайында реквизициялауға жатқызылатын мүліктің тізбесі әскери органдардың ұйғарымына сәйкес айқындалады.

4. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес мүліктері қорғаныс мұқтажы үшін реквизицияланбайтын ұйымдардың тізбесін Қазақстан Республикасы Үкіметі айқындайды.

5. Жеке тұлғалардың реквизициялауға жатқызылмайтын мүліктерінің тізбесі мен нормативтерін Қазақстан Республикасының халқын соғыс уақытында жабдықтау нормаларына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

48-бап. Соғыс жағдайында қорғаныс мұқтажы үшін мүлікті реквизициялаудың ерекшеліктері

1. Соғыс уақытында соғыс қимылдары жүріп жатқан және жергілікті билік органдары жұмыс істемейтін аумақта Штаб бастықтарының комитеті бұл туралы кейіннен Қазақстан Республикасының Үкіметіне хабарлай отырып, мүлікті қорғаныс мұқтажы үшін қажетті реквизициялауды дербес жүргізеді. Реквизициялауды жүргізу үшін Штаб бастықтарының комитеті қарулы күштерді қамтамасыз етудің жедел жоспарлары негізінде жергілікті әскери органдарға немесе әскери бөлімдердің командирлеріне жазбаша ұйғарым береді. Ұйғарым сондай-ақ жергілікті әскери органдардың немесе әскери бөлімдер командирлерінің өтініштері бойынша да берілуі мүмкін.

2. Мүлікті реквизициялауды ұйғарым берілген жергілікті әскери органдардың бастықтары не уәкілетті әскери лауазымды тұлғалардың жазбаша бұйрықтарымен өздері тағайындаған әскери бөлімдердің командирлері тікелей жүргізеді.

3. Мүлікті алып қою реквизициялау туралы акт негізінде жүзеге асырылады, ол:

1) Штабтар бастықтары комитетінің ұйғарым деректемелері көрсетілген реквизициялау жүргізу туралы негіздемені;

2) алып қоюды жүргізу уақыты мен орнын;

5. Штабтар бастықтары комитеті Қазақстан Республикасы Үкіметіне реквизицияланған мүліктің меншік иелеріне кейіннен өтем жасау үшін мүлікті алып

қоюды жүргізу есебін және реквизициялау туралы актіні қоса беріп, соғыс қимылдары жүріп жатқан аумақта мүлікті реквизициялау жүргізілгендігі туралы дереу хабарлауға м і н д е т т і .

6. Соғыс қимылдарын жүргізген кезде реквизицияланған мүлікке өтем Қазақстан Республикасының бюджет қызметін реттейтін заңнамалық актісіне сәйкес республикалық бюджет қаражатынан төленеді.

50-бап. Қорғаныс мұқтажы үшін реквизициялауға жатқызылатын және қорғаныс мұқтажы үшін реквизицияланған мүлікті есепке алу

1. Қазақстан Республикасының жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыруды және мемлекеттік резервтер жүйесін жасау жөніндегі іс-шаралары шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тізбе бойынша автокөлік құралдары және өзге де мүлік қорғаныс мұқтажы үшін мүлікті реквизициялау мақсатында бейбіт уақытта е с е п к е а л у ғ а ж а т а д ы .

2. Қорғаныс мұқтажы үшін реквизициялауға жататын мүлікті бейбіт уақытта есепке алуды жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру саласындағы уәкілетті орган мүліктің жекелеген түрлерін тіркеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың немесе өзге де мемлекеттік ұйымдардың, мүлікті реквизициялау үшін қажетті ақпарат бар мемлекеттік статистика органдарының және өзге де мемлекеттік органдардың деректері негізінде ж ү р г і з е д і .

3. Мемлекеттік органдардың және өзге де мемлекеттік ұйымдардың жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру саласындағы органдарға қорғаныс мұқтажы үшін реквизициялауға жатқызылатын мүлікке қатысты ақпарат беру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

4. Қорғаныс мұқтажы үшін реквизициялануға жатқызылатын мүлікті есепке алу бейбіт уақытта осы мүлікті еркін иелену, пайдалану немесе билік ету құқығын шектеуі т и і с е м е с .

5. Реквизицияланған мүлікті бастапқы есепке алуды жергілікті әскери органдар жүргізеді, онымен алып қойылған мүліктің тізбесі және реквизицияланған мүлік пайдалану үшін берілген әскери бөлімдер немесе өзге де ұйымдар туралы мәліметтер а й қ ы н д а л у ғ а т и і с .

6. Реквизицияланған мүліктің одан әрі қозғалысын есепке алу әскери мүлікті есепке алу үшін белгіленген тәртіппен жүргізіледі. Қорғаныс мұқтажы үшін алып қойылған және пайдалануға берілген мүлікті есепке алу жүйесін Штабтар бастықтарының комитеті ұйымдастырады.

5-тарау. Мемлекет иелігіне алу

51-бап. Мемлекет иелігіне алуды жүзеге асыру принциптері

1. Мемлекет иелігіне алу тиісті заң тәртібін сақтай отырып Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қоғамдық мүддеге

орай жүзеге асырылуы және мемлекет иелігіне алынатын мүлік пен басқа да шығындардың нарықтық құнын Қазақстан Республикасы алдын ала және тең бағалы өтеу жағдайында кемсітулерсіз жүргізілуі мүмкін.

2. Мемлекет иелігіне алу азаматтың және мемлекеттік емес заңды тұлғаның меншігіндегі мүлікті иеліктен шығарудың айрықша жағдайы (айрықша нысаны) болып табылады және Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген мүлікті иеліктен шығарудың барлық өзге де мүмкін нысандары толық бітірілгеннен кейін ғана жүзеге асырылады.

3. Мемлекет иелігіне алу мемлекет иелігіне алу рәсімдерінің жариялылығын сақтай отырып жүзеге асырылуы тиіс.

4. Мемлекет иелігіне алынатын мүлік иесінің құқығын қорғауды Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен сот жүзеге асырады.

5. Мемлекет иелігіне алынатын мүлік иесі осы Заңның 66-бабында көзделген келісім рәсімдеріне бастамашылық етуге құқылы.

52-бап. Мемлекет иелігіне алу негіздері

Мүлікті мемлекет иелігіне алу осы Заңға, Қазақстан Республикасының бюджет қызметін реттейтін заңнамалық актісіне және мүлікті мемлекет иелігіне алуды жүзеге асыруға арналған шығындарды қаржыландыруды көздейтін тиісті жылға арналған бюджет туралы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес қабылданатын Мүлікті мемлекет иелігіне алу туралы Қазақстан Республикасының заңы негізінде жүзеге асырылады.

53-бап. Мүлікті мемлекет иелігіне алуды жүзеге асыру рәсімдерінің басталуы

1. Мүлікті мемлекет иелігіне алу рәсімдерінің басталуы туралы шешімді Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының заңнамалық бастамаларын іске асыру жағдайларын қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайды.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүлікті мемлекет иелігіне алу рәсімдерінің басталуы туралы қаулысы мүліктің иесіне (иелеріне) жазбаша нысанда оны қабылдаған күннен бастап үш күн мерзімде хабардар етіледі.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүлікті мемлекет иелігіне алу рәсімдерінің басталуы туралы қаулысы бұқаралық ақпарат құралдарында оны қабылдаған күннен бастап үш күн мерзімде жариялануы тиіс.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүлікті мемлекет иелігіне алу рәсімдерінің басталуы туралы қаулысына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағымдануға болады.

54-бап. Банкроттық кезінде мүлікті мемлекет иелігіне алу жөніндегі шектеулер

1. Банкроттық туралы іс немесе осы тұлғаны банкрот деп тану туралы қабылданған шешім бойынша іс қозғалған жағдайда тұлғаның мүлкін мемлекет иелігіне алуға рұқсат е т і л м е й д і .

2. Банкроттық туралы іс қозғалған жағдайда мемлекет иелігіне алу рәсімі тұлғаны банкрот деп тану немесе танудан бас тартуға дейін тоқтатыла тұрады. Тұлғаны банкрот деп танудан бас тартылған кезде мемлекет иелігіне алу рәсімі жалғасады, ал банкрот деп тану туралы шешім қабылданған кезде мемлекет иелігіне алу рәсімі тоқтатылады. Оған қатысты банкрот деп тануға байланысты мемлекет иелігіне алу рәсімі тоқтатылған борышкердің мүлкі конкурстық (тарату) массасы құрамында иеліктен шығару кезінде Қазақстан Республикасы осындай мүлікті нарық құны бойынша сатып алудың басым құқығына ие болады.

55-бап. Республикалық бюджет комиссиясының Мемлекет иелігіне алу туралы заңның жобасын қарауы

1. Мүлікті мемлекет иелігіне алу туралы Қазақстан Республикасы заңының жобасы республикалық бюджет комиссиясының қарауына беріледі.

2. Республикалық бюджет комиссиясы Қазақстан Республикасының Мүлікті мемлекет иелігіне алу туралы заңының жобасы жөнінде теріс шешім шығарса мүлікті мемлекет иелігіне алу рәсімдері тоқтатуға жатады.

56-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекет иелігіне алу рәсімдерінің тоқтатылуы туралы

қаулысы

1. Мүлікті мемлекет иелігіне алу туралы Қазақстан Республикасы заңының жобасы бойынша республикалық бюджет комиссияның теріс шешімі негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекет иелігіне алу рәсімдерін тоқтату туралы қаулы қ а б ы л д а й д ы .

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүлікті мемлекет иелігіне алу рәсімдерін тоқтату туралы қаулысы қабылданған күннен бастап үш күн мерзімде бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті түрде жариялануы тиіс.

3. Залалдарды өтеу мөлшері туралы дауларды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сот қарайды.

57-бап. Мүлікті мемлекет иелігіне алу туралы Қазақстан Республикасы заңының жобасын Қазақстан Республикасы Парламентіне енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы

1. Мүлікті мемлекет иелігіне алу туралы Қазақстан Республикасы заңының жобасын Қазақстан Республикасы Парламентіне енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы қабылданған күннен бастап үш күн мерзімде бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті түрде жариялануы тиіс.

2. Мүлікті мемлекет иелігіне алу туралы Қазақстан Республикасы заңының жобасын

Қазақстан Республикасы Парламентіне енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым берілуі мүмкін.

58-бап. Мүлікті мемлекет иелігіне алу туралы Қазақстан Республикасының заңы

1. Мүлікті мемлекет иелігіне алу туралы Қазақстан Республикасы заңының жобасын Қазақстан Республикасы Парламентіне енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы негізінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің немесе Қазақстан Республикасы Парламенті депутатының (депутаттарының) заңнамалық бастамалары іске асыру кезінде Қазақстан Республикасының Парламенті мүлікті мемлекет иелігіне алу туралы Қазақстан Республикасының заңын қабылдай а л а д ы .

2. Қазақстан Республикасының Парламентінде Мүлікті мемлекет иелігіне алу туралы Қазақстан Республикасы заңының жобасы қабылданбаған жағдайда меншік иесіне және өзге де тұлғаларға келтірілген залалдар республикалық бюджеттен өтеуге ж а т а д ы .

3. Мүлікті мемлекет иелігіне алу туралы Қазақстан Республикасы заңы қабылданған кезде құқықтары мүлкін мемлекет иелігіне алуға байланысты тоқтатылатын немесе мемлекет иелігіне алған кезде шектелетін меншік иесі мен өзге де тұлғаларға келтірілетін мемлекет иелігіне алынған мүліктің және өзге де залалдардың құнын меншік иесіне өтеудің мөлшерін азайтуға болмайды.

59-бап. Мемлекет иелігіне алынатын мүліктің құнын өтеу мөлшері

1. Мүлікті мемлекет иелігіне алған кезде Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабы мен 266-бабының 4-тармағына сәйкес мемлекет иелігіне алынатын мүліктің құны өтелуге ж а т а д ы .

2. Мемлекет иелігіне алынатын мүліктің иесіне төленетін өтемнің мөлшері мүліктің нарықтық құнын негізге ала отырып айқындалады.

3. Өтем мөлшері бағалау (қайта бағалау) жүргізген күнге айқындалады.

60-бап. Өтем төлеу тәртібі

1. Мүліктің құнын және басқа залалдарды өтеу мемлекет иелігіне алынатын мүлікке меншік құқығы Қазақстан Республикасына өткенге дейін толық көлемде жүргізіледі.

2. Өтемдерді төлеу ақшалай нысанда Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы - теңгемен, ал егер мемлекет иелігіне алынған мүліктің иесі немесе құқықтары мүлкін мемлекет иелігіне алуға байланысты тоқтатылатын немесе мемлекет иелігіне алған кезде шектелетін өзге де тұлғалар шетел азаматы немесе шетелдік заңды тұлға болып табылған жағдайда - оның таңдауы бойынша шетел валютасында жүргізіледі.

3. Өтемдерді төлеу Қазақстан Республикасының республикалық бюджет қаражатынан жүзеге асырылады.

4. Өтемдерді өзге мүлікпен төлеуге Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органы мен мүлік иесінің арасындағы келісім бойынша рұқсат етіледі. Көрсетілген келісім жазбаша нысанда жасалуы тиіс.

61-бап. Өтемдерді төлеу мерзімдері

1. Өтемдерді төлеу мүлікті мемлекет иелігіне алу туралы Қазақстан Республикасының заңы күшіне енген күннен бастап бір айдан кешіктірілмей біржола жүргізіледі. Өтемдерді бөліп төлеуді көздейтін мемлекет иелігіне алуды жүзеге асыруға р ұ қ с а т е т і л м е й д і .

2. Мемлекет иелігіне алынған мүлікті іс жүзінде беру құқықтары мүлкін мемлекет иелігіне алуға байланысты тоқтатылатын немесе мемлекет иелігіне алған кезде шектелетін меншік иесі мен өзге де тұлғалар тең бағалы өтемдерді алғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

62-бап. Мемлекет иелігіне алынатын мүлікке Қазақстан Республикасының құқықтарын алу

Мемлекет иелігіне алынатын мүлікке Қазақстан Республикасының құқықтарын алу Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, Қазақстан Республикасының жер, тұрғын үй қатынастары туралы заңнамалық актілерінде және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

63-бап. Мемлекет иелігіне алу кезінде кредит берушілер құқықтарына кепілдік беру

1. Мемлекет иелігіне алынатын мүліктің құрамына енгізілген міндеттемелері бойынша кредит берушілер мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган мүліктің мемлекет иелігіне алынатыны туралы оны Қазақстан Республикасының меншігіне бергенге дейін жазбаша түрде хабардар етілуі тиіс.

2. Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға борышты ауыстыруға өзінің келісетіні туралы жазбаша хабарламаған кредит беруші мүлікті мемлекет иелігіне алу туралы хабарландыру алған күннен бастап үш айдың ішінде міндеттемелерінің тоқтатылуын немесе мерзімінен бұрын орындалуын және республикалық бюджеттің қаражаты есебінен келтірілген залалдардың өтелуін талап етуге құқылы.

3. Осы баптың 1-тармағында көзделген тәртіппен мүлікті мемлекет иелігіне алу туралы хабардар етілмеген кредит беруші талап қою мерзімінің жалпы мерзімі ішінде осы баптың 2-тармағында көзделген талаптардың қанағаттандырылуы туралы талап етуге құқылы.

64-бап. Заңды тұлғаларды қайта ұйымдастыру мен мәмілелер жасауға шектеулер

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекет иелігіне алу рәсімдерінің басталуы туралы қаулысы қабылданған кезден бастап және мемлекет иелігіне алынатын мүлікке жататын мүлікті Қазақстан Республикасының меншігіне бергенге дейін азаматқа

немесе заңды тұлғаға мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімісіз:

1) мемлекет иелігіне алынатын мүлік тиесілі заңды тұлғаны қайта ұйымдастыруды жүзеге асыруға;

2) жылжымайтын мүлікке мәмілелер жасауға;

3) құны активтер құнының жалпы мөлшерінің 10 және одан көп пайызын құрайтын мәмілелер жасауға;

4) ақша займдарын алуға және беруге;

5) бағалы қағаздардың эмиссиясын жүзеге асыруға рұқсат етілмейді.

2. Осы бапта көзделген талаптарды бұза отырып жасалған мәмілені Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамаларында белгіленген тәртіппен мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес осындай талаппен сотқа жүгіну құқығы берілген органның өтініші бойынша сот жарамсыз деп тануы мүмкін.

65-бап. Мемлекеттік органдардың мемлекет иелігіне алу кезіндегі функциялары

1. Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган мемлекет иелігіне алынатын мүлікті нақты қабылдауымен байланысты барлық қажетті іс-қимылдарды жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган мемлекет иелігіне алынған мүлік туралы мәліметтерді мемлекеттік мүлік тізіліміне енгізеді.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы атынан мемлекет иелігіне алынған мүлік иесінің құқықтарын жүзеге асырады.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекет иелігіне алынған мүлікті акцияларды төлеуге немесе мемлекеттің жүз пайызды қатысуымен арнайы құрылған заңды тұлғаның жарғы капиталына не осы Заңның 127-бабының ережелері бойынша ұлттық холдингке немесе ұлттық компанияға береді.

5. Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган мемлекет иелігіне алынған мүлікті басқаруды осы баптың 4-тармағында белгіленген тәртіппен оны беру кезіне дейін жүзеге асырады.

6. Мемлекет иелігіне алынған мүлікті беру кезінен бастап мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган мемлекеттің қатысуымен заңды тұлғаға бекітілген не ұлттық холдингке немесе ұлттық компанияға берілген мемлекет иелігіне алынған мүлікті пайдаланудың тиімділігіне бақылауды жүзеге асырады.

66-бап. Келісу рәсімдері

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүлікті мемлекет иелігіне алу рәсімдерінің басталуы туралы қаулысы қабылданғаннан кейін кез келген уақытта көрсетілген мүліктің иесі мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға тиісті өтініш беру жолымен келісу рәсімдеріне бастама жасауға құқылы. Көрсетілген өтініш берілген күнінде тіркеледі.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген өтініш жіберілген күннен бастап екі ай мерзімде мемлекеттік мүлікке уәкілетті орган мемлекет иелігіне алынған мүлікті беру туралы келісім жобасын қарауға, берілетін мүліктің құрамын айқындауға, құқықтары берілетін мүлікке қатысты тоқталатын немесе шектелетін тұлғаларды айқындауға, мемлекет иелігіне алынатын мүлік пен басқа залалдардың құнына тәуелсіз бағалау жүргізуді ұйымдастыруға, мүлікті сатып алуға арналған шығыстарды қаржыландыру тәртібін айқындауға және мүлікке меншік құқығының өтуімен байланысты өзге де іс-қимылдарды жүзеге асыруға міндетті.

3. Құқықтары мүлігін мемлекет иелігіне алуға байланысты тоқтатылатын немесе мемлекет иелігіне алған кезде шектелетін мемлекет иелігіне алынатын мүліктің иесімен және басқа да тұлғалармен келісімге қол жеткізілген кезде көрсетілген келісімді Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

4. Мүдделі тұлғалардың қайсыбірімен мүлікті беру туралы келісімге қол жеткізілмеген кезде мемлекет иелігіне алу осы тарауда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

5. Қазақстан Республикасының Үкіметі келісімді бекіткеннен кейін мүліктің иесі мен мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің талаптарын сақтай отырып, сатып алу-сату шарты нысанында мүлікті беру туралы келісімге қол қояды.

6. Мүлікке меншік құқығының Қазақстан Республикасына өтуіне дейін өтемдерді төлеу туралы талаптар және осы Заңның 59-61-баптарында белгіленген өтемдерді төлеудің өзге де шарттары тараптардың келісімі бойынша жойылмайды.

67-бап. Мемлекет иелігіне алынатын мүлік иесінің құқықтарын қорғау

Мемлекет иелігіне алынатын мүлік иесінің және құқықтары мемлекет иелігіне алынатын мүлікке байланысты тоқтатылатын немесе мемлекет иелігіне алған кезде шектелетін өзге де тұлғалардың құқықтарын қорғауды Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасына сәйкес сот жүзеге асырады.

6-тарау. Жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті өтеулі мәжбүрлеп иеліктен шығару

68-бап. Жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті өтеулі мәжбүрлеп иеліктен шығарудың мәні мен жалпы шарттары

1. Мемлекет мұқтажы үшін мүлікті алып қою кезінде жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті өтеулі мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы шешім жер учаскесіне қатысты ғана, ал осы Заңның 69-бабында көзделген жағдайларда Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан өзге де жылжымайтын мүлікке қабылдануы мүмкін.

2. Мемлекет мұқтажы үшін мүлікті алып қою кезінде жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті өтеулі мәжбүрлеп иеліктен шығару үшін ерекше жағдайлардың тізбесі осы Заңның 71-бабымен белгіленеді.

3. Мемлекет мұқтажы үшін мүлікті алып қою кезінде жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті өтеулі мәжбүрлеп иеліктен шығару алып қою рәсімдерінің жариялылығын сақтау кезінде жүргізілуі мүмкін. Алынатын мүліктің иесі тарапынан талаптар болған кезде жариялылықтың болмауы мемлекет мұқтажы үшін мүлікті алып қоюдан бас тартуға негіздеме болып табылады.

4. Мемлекет мұқтажы үшін мүлікті алып қою кезінде жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті өтеулі мәжбүрлеп иеліктен шығару мемлекеттің (Қазақстан Республикасының немесе әкімшілік-аумақтық бірліктің) алынатын мүлікке және залалдарға нарық құнымен тең бағада өтем ұсыну шарттарымен ғана жүзеге асырылады.

5. Мемлекет мұқтажы үшін алынатын мүлік иесінің құқықтарын қорғауды сот жүзеге асырады.

6. Мемлекет мұқтажы үшін алынатын мүліктің иесі осы Заңның 81-бабының ережелеріне сәйкес мемлекет мұқтажы үшін мүлікті алып қою туралы шешім шығарылғанға дейін келісу рәсімдеріне бастама жасауға құқылы.

7. Мемлекет мұқтажы үшін мүлікті алып қою кезінде жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті өтеулі мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы ереже осы Заңның 78-бабында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, жер учаскесі азаматтың немесе мемлекеттік емес заңды тұлғаның жерді пайдалануында болған жағдайларына да қолданылады.

69-бап. Мемлекет мұқтажы үшін алып қою кезінде жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті өтеулі мәжбүрлеп иеліктен шығару

Ғимараттар, құрылыстар және жылжымайтын мүліктің өзге де дербес объектілеріне (пәтерлер және өзге де тұрғын үй-жайлар, сондай-ақ кондоминимум объектісі құрамындағы тұрғын емес үй-жайлар) байланысты мемлекет мұқтажы үшін мүлікті алып қою кезінде жер учаскесін және өзге де жылжымайтын мүлікті өтеулі мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы шешім қабылдауға көрсетілген объектілерді орналастыру және пайдалану үшін қажетті жер учаскелері осындай жер учаскелеріне жеке меншік құқығы құқық белгілейтін және өзге де құжаттар негізінде расталу мүмкін болмауына байланысты мемлекеттің меншігінен шыққан болып есептелмеген жағдайларда ғана рұқсат етіледі.

70-бап. Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті өтеулі мәжбүрлеп иеліктен шығаруды жүзеге асыру принциптері

1. Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мүлікті өтеулі мәжбүрлеп иеліктен шығару азаматтар мен заңды тұлғалардың меншігіндегі мүлікті иеліктен шығарудың ерекше жағдайы болып табылады және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі мен Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген мүлікті иеліктен шығарудың барлық мүмкін жағдайларын пайдалану мүмкін болмаған кезде ғана жүзеге асырылатын болады.

2. Мемлекет мұқтажды қанағаттандырудың өзге (балама) тәсілі болған кезде мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті өтеулі мәжбүрлеп иеліктен шығаруға рұқсат етілмейді.

3. Мемлекеттік емес заңды тұлғалардың коммерциялық мақсаттарын және мемлекеттік емес мүдделерді қанағаттандыру мақсаттарын көздейтін кез келген мүлікті алып қою не мемлекеттік функцияларды жүзеге асыру мақсатынан туындамайтын және қоғамдық маңызды мақсаттарды көздемейтін өзге де мүлікті алып қою мемлекет мұқтажы үшін мүлікті алып қою болып танылмайды. Бұл жағдайларда мүлікті иеліктен шығаруға мүліктің иесі мен коммерциялық мақсаттарды көздейтін тұлға арасындағы келісім бойынша мүлікті сатып алу-сату шарты негізінде рұқсат етіледі.

4. Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті өтеулі мәжбүрлеп иеліктен шығаруға мемлекет мұқтажын қанағаттандыру үшін қажетті көлемде ғана рұқсат етіледі.

5. Осы баптың ережелерін орындамау соттың мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті өтеулі мәжбүрлеп иеліктен шығарудан бас тартуы үшін және уәкілетті мемлекеттік орган қабылдаған мемлекет мұқтажы үшін мүлікті алып қою туралы шешімдерді жарамсыз деп тануға негіз болып табылады.

71-бап. Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қою кезінде жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті өтеулі мәжбүрлеп иеліктен шығарудың ерекше жағдайлары

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қою кезінде жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті өтеулі мәжбүрлеп иеліктен шығарудың ерекше жағдайлары:

1) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардан туындайтын Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемесі;

2) ерекше қорғалатын табиғи аймақтар мұқтажы, жер учаскесін жерді сауықтыру, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жер құрамына қосу қажеттігі;

3) пайдалы қазбаларды табу және кен орындарын әзірлеу;

4) жолдарды, көпірлерді, метрополитендерді, туннельдерді, әуе көлігі объектілерін, энергетикалық жүйе объектілері мен электр беру желілерін, байланыс желілерін, магистралды құбыр желілерін, инженерлік-коммуникациялық жүйелерді, елді мекендерде жалпы пайдалану объектілерін, арнайы экономикалық аймақтарды құруға және жұмыс істеуге қажетті объектілерді, инвестициялық стратегиялық жобаларды іске

асыруға арналған объектілерді, сондай-ақ мемлекеттің функцияларынан туындайтын және қоғамдық маңызды мақсаттарды көздейтін мемлекеттік мүдделерді қанағаттандыру үшін қажетті басқа да объектілерді салу болып табылады.

72-бап. Жекелеген санаттардағы жер учаскелерін алып қою кезінде жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті өтеулі мәжбүрлеп иеліктен шығаруға шек

қою

Суландырылатын ауыл шаруашылығы алқаптарын, ғылыми-зерттеу және ауыл шаруашылық, биологиялық және жер суландыру-мелиоративтік оқу орындарының тәжірибелік егіс далаларының жер учаскелерін, балық шаруашылық бейімін, орман және су қорларын алып қоюға ерекше жағдайларда, ерекше қорғалатын табиғи аймақтарды құрумен және кеңейтумен, халықаралық міндеттемелерді орындаумен, учаске астында бағалы пайдалы қазбалардың кен орындарын табумен (жалпы таралғаннан басқа), жолдарды, электр беру желілерін, байланыс желілерін және магистральды құбыр желілерін, елді мекендердің жалпы пайдалану инженерлік-коммуникациялық, жүйелерін салумен байланысты, оларды орналастырудың басқа мүмкін нұсқалары болмаған кезде рұқсат етіледі.

73-бап. Мемлекет мұқтажы үшін мүлікті алып қою кезінде жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті өтеулі мәжбүрлеп иеліктен шығаруды жүзеге асыру

рәсімдерінің басталуы

Мемлекет мұқтажы үшін мүлікті алып қою кезінде жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті өтеулі мәжбүрлеп иеліктен шығару рәсімінің басталуы туралы осы Заңның 71-бабында көзделген негіздемелер болған кезде, Қазақстан Республикасы Үкіметі немесе жергілікті атқарушы орган шешім қабылдайды.

74-бап. Мемлекет мұқтажы үшін мүлікті алып қою туралы меншік иесіне және мүдделі тұлғаға хабарлау

тәртібі

1. Мемлекет мұқтажы үшін мүлікті алып қою кезінде жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті өтеулі мәжбүрлеп иеліктен шығару рәсімдерінің басталуы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы немесе жергілікті атқарушы органның шешімі оны қабылдаған кезден бастап үш күндік мерзімде мүліктің иесіне (иелеріне) жазбаша нысанда хабарланады.

2. Мемлекет мұқтажы үшін мүлікті алып қою кезінде жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті өтеулі мәжбүрлеп иеліктен шығару рәсімдерінің басталуы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы немесе жергілікті атқарушы органның шешімі оны қабылдаған сәттен бастап үш күндік мерзімде тиісінше республикалық немесе жергілікті бұқаралық ақпараттық құралдарында жариялануы тиіс.

75-бап. Мемлекет мұқтажы үшін мүлікті алып қою кезінде меншік иесінің құқықтарына кепілдіктер

Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның мемлекет мұқтажы үшін мүлікті алып қою кезінде жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп өтеулі иеліктен шығару рәсімдерінің басталуы туралы шешіміне Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте шағым жасалуы мүмкін.

76-бап. Мемлекет мұқтажы үшін мүлікті иеліктен шығару кезінде жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп өтеулі иеліктен шығару рәсімдерін тоқтату

Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның мемлекет мұқтажы үшін мүлікті алып қою кезінде жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп өтеулі иеліктен шығару рәсімдерінің тоқтатылуы туралы шешімі оны қабылдаған кезден бастап үш күндік мерзімде тиісінше республикалық немесе жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарына жариялануға жатады .

77-бап. Мемлекет мұқтажы үшін мүлікті иеліктен шығару кезінде жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп өтеулі иеліктен шығару туралы шешім

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның мемлекет мұқтажы үшін мүлікті алып қою кезінде жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп өтеулі иеліктен шығару туралы шешімі оны қабылдаған кезден бастап үш күндік мерзімде тиісінше республикалық немесе жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарына жариялануға жатады.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның мемлекет мұқтажы үшін мүлікті алып қою кезінде жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп өтеулі иеліктен шығару туралы шешіміне Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен шағым жасалуы м ү м к і н .

3. Мемлекет мұқтажы үшін алынатын мүліктің меншік иесі мемлекет мұқтажы үшін мүлікті иеліктен шығару кезінде жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мәжбүрлеп өтеулі иеліктен шығару туралы шешіммен келіспеген және (немесе) онымен мемлекет мұқтажы үшін алынатын мүліктің құны туралы және өтелуге тиісті залалдардың мөлшері туралы келісімге қол жеткізе алмаған кезде Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның мемлекет мұқтажы үшін мүлікті алып қою туралы шешімі қабылданған кезден бастап үш ай мерзімде мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган

мемлекет мұқтажы үшін мүлікті иеліктен шығарған кезде жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп өтеулі иеліктен шығару туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге қ ұ қ ы л ы .

4. Мемлекет мұқтажы үшін мүлікті алып қою кезінде жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп өтеулі иеліктен шығару туралы талап қоюға бас тартылған жағдайда талап қою және Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның мүлікті алып қою рәсімінің басталуы туралы шешімін қабылдау нәтижесінде меншік иесіне және өзге де тұлғаларға келтірілген залалдар мемлекеттік бюджеттен өтелуге жатады.

78-бап. Мемлекет мұқтажы үшін мүлікті алып қою кезінде жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп өтеулі иеліктен шығару кезінде меншік иесінің немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушының құқығы

1. Меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушы мемлекет мұқтажы үшін мүлікті алып қою кезінде жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп өтеулі иеліктен шығару рәсімінің басталуы туралы хабарлама алған кезден бастап мемлекет мұқтажы үшін алынатын мүліктің құны және өтеуге жататын залалдар мөлшері туралы келісімге қол жеткізгенге немесе мемлекет мұқтажы үшін мүлікті алып қою кезінде жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп өтеулі иеліктен шығару туралы сот шешім қабылдағанға дейін жер учаскесіне немесе өзге де мүлікке тиесілі өзінің құқығын жүзеге асырып, оның нысаналы мақсатына сәйкес осы мүлікті пайдалануды қамтамасыз ететін қажетті шығындарды жүргізе алады. Бұл ретте меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушы аталған кезеңде жаңа құрылысқа, үйлерді (құрылыстарды, ғимараттарды) және өзге жылжымайтын мүлік объектілерін кеңейтуге немесе реконструкциялауға байланысты шығындар мен залалды өзіне жатқызу тәуекелінде болады.

Егер меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушы мемлекет мұқтажы үшін жер учаскенің бір бөлігі алып қойылғаннан кейін қалған бөлігін бұрынғы нысаналы мақсаты бойынша пайдалана алмаса, онда бүкіл жер учаскесі сатып алынады .

2. Иеліктен шығару жолымен немесе өзге де негіздер бойынша осы баптың 1-тармағында көрсетілген уақыт ішінде жылжымайтын мүлікке құқықтар басқа тұлғаға өткен кезде, сондай-ақ әмбебап құқықтық мирасқорлыққа байланысты құқық иеленуші ауысқан кезде жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп өтеулі иеліктен шығару рәсімі жаңа құқық иеленушіге қатысты қолданылады (жалғасады).

79-бап. Мемлекет мұқтажы үшін мүлікті алып қою кезінде жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын

**мәжбүрлеп өтеулі иеліктен шығару кезінде мүлік
құнын өтеудің мөлшері**

1. Мемлекеттік мұқтажы үшін мүлікті иеліктен шығару кезінде жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп өтеулі иеліктен шығару кезінде алынатын мүліктің құны және осы Заңның 214-бабында белгіленген ережелерге сәйкес тәуелсіз бағалаушылар айқындаған меншік иесіне және өзге де тұлғаларға келтірілген залалдар өтелуге жатады.

2. Мемлекет мұқтажы үшін алынатын мүліктің меншік иесіне төленетін өтеудің мөлшері мүліктің нарық құнын және меншік иесінің үшінші тұлғалар алдында міндеттемелерін орындаудың мүмкін болмауынан туындайтын залалдарды қоса алғанда, меншік иесінде алып қою нәтижесінде туындайтын залалдарды негізге ала отырып, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі 9-бабының 4 және 5-тармақтарына сәйкес айқындалады.

3. Өтеу мөлшері бағалау (қайта бағалау) жүргізілген күнге айқындалады. Өтеу мөлшері теңгемен айқындалады.

4. Құқықтары мемлекет мұқтажы үшін алынатын мүліктерге қатысты өзге тұлғаларға өтеу мөлшері тоқтатылады немесе шектеледі, мүлікті алып қою нәтижесінде оларда туындайтын залалдарды негізге ала отырып айқындалады.

5. Мемлекет мұқтажы үшін жер пайдаланудағы жер учаскелерінде орналасқан ғимараттарды, құрылыстарды алып қою кезінде жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп өтеулі иеліктен шығару туралы шешім қабылданған кезде өтеу мөлшері, егер Қазақстан Республикасының жер туралы заңнамалық актісінде өзгеше көзделмесе, жер пайдалану құқығының нарықтық құны ескеріле отырып айқындалады.

**80-бап. Мемлекет мұқтажы үшін мүлікті алып қою кезінде
жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті
мәжбүрлеп өтеулі иеліктен шығару кезінде өтеуді
төлеудің төлеу нысандары мен мерзімдері**

1. Өтеуге жататын мүліктің құны мен залалдарды өтеу мүлікке меншік құқығы Қазақстан Республикасына немесе әкімшілік-аумақтық бірлікке өту кезеңіне дейін толық көлемде жүргізіледі.

2. Ақшаға қарағанда өтеуді өзге мүлікпен төлеуге мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган арқылы Қазақстан Республикасының немесе жергілікті атқарушы орган арқылы әкімшілік-аумақтық бірліктің және меншік иесінің (өзге де құқық иеленушінің) арасында жасалған келісім бойынша жол беріледі.. Көрсетілген келісім жазбаша нысанда жасалуы қажет.

3. Өтеуді төлеу Қазақстан Республикасының бюджеті (республикалық немесе жергілікті) қаражатынан жүзеге асырылады.

4. Өтеуді төлеу мемлекет мұқтажы үшін алынатын мүліктің құны мен меншік иесі

мен өзге де тұлғаларға өтеуге жататын залалдардың мөлшері туралы келісімге қол жеткізілген күннен бастап немесе мемлекет мұқтажы үшін мүлікті алып қою туралы соттың шешімі күшіне енген кезден бастап бір айдан кешіктірмей біржолғы жүргізіледі.

5. Мемлекет мұқтажы үшін мүлікті алып қою кезінде өтеудің мерзімін ұзартуды төлеуді көздейтін жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп өтеулі иеліктен шығаруды жүзеге асыруға жол берілмейді.

6. Мемлекет мұқтажы үшін алынатын мүлікті нақты беру алынатын мүлікке қатысты құқықтары тоқтатылатын немесе алып қою кезінде шектелетін меншік иесі мен өзге де тұлғалар осы Заңның 79-бабында және осы бапта айқындалған тәртіпте жүргізілген тең бағалы өтеуді алғаннан кейін ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

**81-бап. Мемлекет мұқтажы үшін мүлікті алып қою кезінде
жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті
мәжбүрлеп өтеулі иеліктен шығару кезіндегі
келісу рәсімдері**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның мемлекет мұқтажы үшін мүлікті алып қою кезінде жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті өтеулі мәжбүрлеп иеліктен шығару рәсімінің басталуы туралы шешімі шығарылғаннан кейін және жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті өтеулі мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы шешім шығарылғанға дейін кез келген уақытта алынатын мүліктің иесі мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға немесе жергілікті атқарушы органға тиісті өтініш беру жолымен келісу рәсімдеріне бастамашылық етуге құқылы. Көрсетілген өтініш берілген күні тіркеледі.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген өтініш жіберілген кезден бастап екі ай мерзімде мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган мемлекет мұқтажы үшін алынатын мүлікті беру туралы келісім жобасын қарауға, берілетін мүліктің құрамын, берілетін мүлікке қатысты құқықтары тоқталатын немесе шектелетін тұлғаларды айқындауға, мемлекет мұқтажы үшін алынатын мүліктің құны мен өтеуге жататын залалдардың мөлшеріне тәуелсіз бағалау жүргізуді ұйымдастыруға, мүлікті сатып алуға арналған шығыстарды қаржыландыру тәртібін айқындауға және мүлікке меншік құқығының өтуіне байланысты өзге де іс-қимылдарды жүзеге асыруға міндетті.

3. Мемлекет мұқтажы үшін алынатын мүліктің меншік иесімен және мемлекет мұқтажы үшін алып қою кезінде жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті алып қою кезінде өтеулі мәжбүрлеп иеліктен шығару кезінде алынатын мүлікке қатысты құқықтары тоқталатын немесе шектелетін басқа тұлғалармен келісімге қол жеткізілген кезде көрсетілген келісімді Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе жергілікті атқарушы орган бекітеді.

4. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген мүдделі тұлғалардың бірімен мүлікті беру туралы келісімге қол жеткізілмеген кезде мемлекет мұқтажы үшін мүлікті алып қою

кезінде жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын өтеулі мәжбүрлеп иеліктен шығару осы тарауда мемлекет мұқтажы мүлікті алып қою кезінде белгіленген жалпы тәртіппен жүзеге асырылады.

5. Мүлікке меншік құқығы Қазақстан Республикасына немесе әкімшілік-аумақтық бірлікке өтуге дейін өтеуді төлеу туралы талаптар мен осы Заңның 79, 80-баптарында белгіленген өтеуді төлеудің өзге де шарттары тараптардың келісімі бойынша күшін жоя алмайды.

3-бөлім. Мемлекеттік мүлікті иелену және (немесе) пайдалану

7-тарау. Мемлекеттік мүлікті иелену және (немесе) пайдалану туралы жалпы ережелер

82-бап. Мемлекеттік мүлікті иелену және (немесе) пайдаланудың тәртібі, шектері мен шарттары

1. Азаматтар мен мемлекеттік емес заңды тұлғалар мүліктің пайдалы қасиеттерін табу, сондай-ақ олардан кіріс, өсім, жеміс, төл алу және өзге нысандар түрінде пайда алу үшін мемлекеттік мүлікті иеленуге және (немесе) пайдалануға құқылы.

2. Мемлекеттік мүлікті иелену және (немесе) пайдалану осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен, шектер мен жағдайларда жүзеге асырылады.

83-бап. Мемлекеттік мүлікті пайдаланудың негіздері

1. Мемлекеттік (республикалық немесе коммуналдық) мүлікті азаматтар мен мемлекеттік емес заңды тұлғалардың пайдалану негіздері:

- 1) шарттар мен өзге де азаматтық-құқықтық мәмілелер;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасына байланысты азаматтық-құқықтық салдарлар туындайтын әкімшілік актілер;
- 3) азаматтық құқықтар мен міндеттерді белгілейтін сот шешімдері;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасы азаматтық-құқықтық салдарлардың болуын байланыстыратын оқиғалар;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамаларында көзделген жағдайлармен және тәртіппен әмбебап немесе өзге де құқықтық мирасқорлық болып табылады.

2. Мемлекеттік мүлікті уақытша пайдалануға беру туралы шарт жазбаша нысанда жасалуы тиіс. Мемлекеттік мүлікті уақытша пайдалануға беру туралы шарттың жазбаша нысанын сақтамау оның жарамсыз болуына әкеп соғады.

3. Уақытша пайдалануға берілген мемлекеттік мүлік осы Заңның 14-тарауындағы ережелерге сәйкес мемлекеттік мүліктің тізіліміне енгізіледі.

84-бап. Мемлекеттік мүлікті пайдалануға беру туралы шарттар

1. Мемлекеттік мүлік мынадай шарттардың:
 - 1) мемлекеттік мүліктік мүлік жалдау (жалға алу) шарттары;
 - 2) мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқару шарты;
 - 3) мемлекеттік мүлікті өтеусіз пайдалану (несие) шарты;

4) м е р д і г е р л і к ш а р т ;

5) мемлекеттік мүлік болып табылатын табиғи ресурстарды уақытша пайдалануға беру туралы шарттардың негізінде пайдалануға берілуі мүмкін.

2. Мемлекеттік мүлікті уақытша пайдалануға беруге Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайлар мен тәртіпте басқа азаматтық-құқықтық шарттардың негіздерінде жол беріледі.

3. Жекешелендіруге жатпайтын стратегиялық объектілер мен мемлекеттік мүлікті немесе мемлекетке ғана тиесілі мүлікті пайдалануға беруге концессия шарты, мүлікті сенімгерлік басқару шарты және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен тікелей көзделген өзге де шарттар бойынша жол беріледі.

4. Азаматтар мен мемлекеттік емес заңды тұлғаларға мемлекеттік мүлікті уақытша пайдалануға беру осы тарауда белгіленген ерекшеліктер мен шектеулер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамаларының ережелеріне сәйкес шарттардың немесе әкімшілік актілердің негізінде жүзеге асырылады.

85-бап. Мемлекеттік мүлікті пайдалануға беруге уәкілетті субъектілер

Мемлекеттік мүлікті пайдалануға беру жөніндегі өкілеттіліктерді:

1) республикалық мемлекеттік мүлікке қатысты - мемлекеттік мүлік жөніндегі у ә к і л е т т і о р г а н ;

2) коммуналдық мемлекеттік мүлікке қатысты - жергілікті атқарушы орган иеленеді .

86-бап. Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдау (жалға алу) шарты

1. Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдау (жалға алу) шартына осы Заңның осы бабында, 127-бабының 4-тармағында, 133, 156-баптарында белгіленген ерекшеліктерімен Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің ережелері қ о л д а н ы л а д ы .

2. Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдау (жалға алу) объектісі жылжымалы және жылжымайтын мүлік (зат) болуы мүмкін.

3. Республикалық мүлікті мүліктік жалдауды (жалға алуды) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган (республикалық мүлікті жалдаушы (жалға беруші) береді. Егер осы заңда немесе Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, мүлік Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен б е р і л е д і .

Коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауды (жалға алуды) жергілікті атқарушы орган (коммуналдық мүлікті жалдаушы (жалға беруші) береді. Егер осы заңда немесе Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, коммуналдық мүлік облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы айқындайтын тәртіппен беріледі.

Мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітілген мемлекеттік мүлік осы Заңның 149, 156, 160 және 168-баптарында айқындалған тәртіппен мүліктік жалдау (жалға беру) шарты бойынша берілуі мүмкін.

Ақшалар, бағалы қағаздар және өзге де мемлекеттің мүліктік құқықтары мүліктік жалдау (жалға алу) шарттың объектісі (нысанасы) болып табылмайды.

4. Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдаушы (жалға алушы), егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, азаматтар және мемлекеттік емес заңды тұлғалар бола алады.

Мемлекеттік мүлікті пайдалану құқығы мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың жарғылық капиталына салым ретінде берілуі мүмкін.

5. Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдау (жалға алу) шартының талаптары осы Заңда айқындалған шектеулер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметі бекітетін үлгі шартпен айқындалады.

6. Күрделі жөндеуді жүзеге асыру жөніндегі міндет мемлекеттік мүлікті жалдаушыға (жалға алушыға) жүктелген жағдайда мемлекеттік мүлікке күрделі жөндеудің құны жалдау (жалға алу) шарты бойынша төлемдер есебіне есептеледі. Мемлекеттік мүлікке күрделі жөндеу жүргізудің құны мен басқа да шарттары мемлекеттік мүлікті жалдаушымен (жалға алушымен) жазбаша келісілуге тиіс.

7. Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдау (жалға алу) шарты осы Заңның 118, 119, 133, 156-баптарында және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда жалдаушыға (жалға алушыға) мүліктік жалдауға (жалға алуға) берілген мемлекеттік мүлікті иеліктен шығару туралы шартты көздей алады.

8. Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдау (жалға алу) шартын өзгерту және бұзу Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 401-404, 556-баптарының ережелері бойынша жүзеге асырылады.

Мүліктік жалдау (жалға алу) шарты бойынша берілген мемлекеттік мүлікті нысаналы мақсатынсыз пайдалану шартты елеулі бұзғандық және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген ережелер бойынша шартты бұзу үшін негіз болып табылады.

9. Жалдаушы (жалға алушы) жүргізген мемлекеттік мүлікті жақсартудың ажырамас құны жалдаушы (жалға алушы) келісімімен тиісті бюджет қаражаты есебінен өтеледі.

10. Азаматтар мен заңды тұлғаларға мемлекеттік меншікке жататын тарихи және мәдени ескерткіштерді пайдалануға беруге арналған шарттарды жасау ерекшеліктері Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұралар объектілерін қорғау және пайдалану туралы заңнамалық актілерімен айқындалады.

Тарихи және мәдени ескерткіштерді пайдалануға беруге арналған шарт тарихи-мәдени мұралар объектілерін қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган мен азамат немесе заңды тұлға арасында жасалады. Шарт пайдалануында тарихи және мәдени ескерткіштер бар тұлға ол тарихи және мәдени ескерткіштерді сипаты мен

мақсатына сәйкес оларды пайдалану міндеттерін бұзған, соның нәтижесінде тарихи және мәдени ескерткіштер жойылу немесе бүліну қаупіне ұшыраған жағдайда пайдалану құқығынан сот шешімімен айырылған жағдайда бұзылуы мүмкін.

87-бап. Мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқару шарты

1. Мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқару шартына осы Заңның 133, 155, 183-баптарында және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде белгіленген ерекшеліктермен Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің е р е ж е л е р і қ о л д а н ы л а д ы .

2. Мемлекеттік кәсіпорындардың мүліктік кешендері, бағалы қағаздар, мүліктік құқықтар (қатысу үлестері), мемлекетке тиесілі ақша мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқару шартының объектісі болып табылады.

Өзге мемлекеттік мүлік Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда сенімгерлік басқару шартының объектісі болып табылады.

3. Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган (республикалық мүлікті сенімгерлік басқару құрылтайшысы) республикалық мүлікті сенімгерлік басқаруға береді. Егер осы Заңмен немесе Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, республикалық мүлікті сенімгерлік басқаруға беру Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

Коммуналдық мүлікті сенімгерлік басқаруға жергілікті атқарушы орган (коммуналдық мүлікті сенімгерлік басқару құрылтайшысы) береді. Егер осы Заңмен немесе Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, коммуналдық мүлікті сенімгерлік басқаруға беру облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

4. Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше көзделмесе, азаматтар мен мемлекеттік емес заңды тұлғалар мемлекеттік мүлікті сенімгерлік б а с қ а р у ш ы б о л а а л а д ы .

5. Мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқару шарты бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бірлік пайда алушы болып табылады.

6. Мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқару шартының талаптары осы Заңмен немесе Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерімен айқындалады. Қазақстан Республикасының Үкіметі Мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқарудың үлгі ш а р т ы н б е к і т е д і .

7. Сенімгерлік басқарушы оған мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқару шарты бойынша берілген жылжымайтын мүлікті Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде, мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқару шартында көзделген жағдайларда немесе мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқару құрылтайшысының жазбаша келісімімен ғана иеліктен шығаруға немесе кепілге беруге құқылы. Егер Қазақстан

Республикасының заңнамалық актілерінде немесе мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқару туралы шартта өзгеше көзделмесе, сенімгерлік басқарушының жылжымайтын мүлікке билік етуге құқығы бар.

8. Сенімгерлік басқарушының мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқару кезінде өзі жүргізген қажетті шығыстарды өзіне сенімгерлік басқаруға берілген мүлікті пайдаланудан түскен табыстар есебінен ғана өтеуге құқығы бар.

Егер бұл Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде немесе мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқару туралы шартта көзделсе, сенімгерлік басқарушының сыйақы алуға құқығы бар.

9. Сенімгерлік басқарушы мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқару құрылтайшысы болып табылатын уәкілетті мемлекеттік органға мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқару шартында бекітілген мерзім мен тәртіпте өз қызметі туралы есеп береді. Сенімгерлік басқарушының қызметі туралы есеп құрылтайшының талабы бойынша және өзге де жағдайларда дереу ұсынылуы тиіс.

10. Мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқару шартында сенімгерлік басқарушының мемлекеттік мүлікке билік етуі жөнінде шектеулер белгіленеді.

Сенімгерлік басқарушының оған белгіленген шектерді бұза отырып жасаған мәмілелері Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген тәртіппен заңсыз деп танылады.

Сенімгерлік басқарушының мемлекеттік мүлікті өзіне берілген өкілеттіктерді асыра пайдалануынан немесе өзіне белгіленген шектеулерді бұза отырып жасаған мәмілелерінен туындайтын міндеттемелері бойынша құқықтар мен міндеттері сенімгерлік басқарушыда туындайды.

11. Сенімгерлік басқарушы мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқаруды жеке жүзеге асырады.

Егер ол мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқару шартында осыған уәкілетті болса не құрылтайшының мүддесін қамтамасыз ету үшін мән-жайларға байланысты осыған мәжбүр болса және бұл ретте оның нұсқауларын сұрауға мүмкіндігі болмаса, сенімгерлік басқарушы өзіне сеніп тапсырылған мемлекеттік мүлікті басқару үшін қажетті іс-қимыл жасауды басқа тұлғаға тапсыруы мүмкін. Бұл ретте сенімгерлік басқарушы өзі таңдаған өкілдің іс-қимылы үшін өзінікі сияқты жауап береді.

Сенімгерлік басқарушы алғашқы мүмкіндікті пайдаланып, құрылтайшыға қайта сенімгерлік туралы хабарлауға міндетті. Мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқарушының құрылтайшысы бұл жағдайда сенімгерлік басқарушыға бұған дейін жасалған шығыстарын өтеп, ал мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқару шартында көзделген жағдайларда залалдың орнын толтыра отырып, мүлікті сенімгерлік басқарудың тоқтатылғаны туралы мәлімдеуге құқылы.

12. Мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқару шарты Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген негіздер бойынша өзгертіледі және бұзылады.

Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде немесе мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқару туралы шартта өзгеше көзделмесе, мемлекеттік мүлікті мемлекеттік мүліктің бір түрінен басқасына немесе жергілікті мемлекеттік басқарудың бір деңгейінен басқасына беру мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқаруды тоқтатпайды.

13. Тараптардың бірінің бастамасы бойынша шарт тоқтатылған жағдайда басқа тарап, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде немесе мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқару туралы шартта өзгеше мерзім көзделмесе, осы баптың 10-тармағында көзделген жағдайлардан басқа, кемінде 3 ай бұрын хабардар етілуі тиіс.

14. Мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқару шарты сенімгерлік басқарушыға сенімгерлік басқаруға берілген мемлекеттік мүлікті иеліктен шығару туралы талаптарды, осы Заңның 118, 119, 133, 156, 183-баптарында және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде тікелей көзделген жағдайларда көздеуі мүмкін.

88-бап. Мемлекеттік мүлікті өтеусіз пайдалану шарты

1. Мемлекеттік мүлікті өтеусіз пайдалану шартына осы Заңның 89, 133, 156-баптарында және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде белгіленген ерекшеліктермен мүлікті өтеусіз пайдалану шарты (несие шарты) туралы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің ережелері қолданылады.

2. Мүлікті өтеусіз пайдалану шарты (несие шарты) бойынша мемлекеттік мүлік осы Заңда немесе Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда ғана берілуі мүмкін.

3. Мемлекеттік мүлікті өтеусіз пайдалану шарты, осы Заңның 133-бабында және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде тікелей көзделген жағдайларда несие алушыға өтеусіз пайдалануға берілген мемлекеттік мүлікті иеліктен айыру туралы талаптарды көздеуі мүмкін.

4. Несие шарты бойынша берілген мемлекеттік мүліктің кез келген жақсаруы мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның (жергілікті атқарушы органның) жазбаша келісімімен жүзеге асырылады. Мемлекеттік мүліктің несие шарты тоқтатылған кезде мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның (жергілікті атқарушы органның) келісімімен жүргізілген жақсартудың ажырамас құны тиісті бюджет қаражаты есебінен өтеуге жатады.

5. Мемлекеттік мүлікті өтеусіз пайдалану шарты облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы мемлекеттің меншігіндегі және тарихи және мәдени ескерткіштері болып табылатын ғибадат (дұға оқу) үйлерін және өзге де мүлікті діни бірлестіктерге өтеусіз пайдалануға берген жағдайда жасалады. Ғибадат үйлері мен өзге де мүлікті өтеусіз пайдалануға беру тәртібі Қазақстан Республикасының діни бірлестіктер туралы заңнамалық актісімен белгіленеді.

89-бап. Мемлекеттік заттай гранттарды өтеусіз пайдалануға беру

Мемлекеттік заттай гранттарды өтеусіз пайдалануға Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңнамалық актісіне сәйкес инвестициялар жөніндегі уәкілетті орган береді.

90-бап. Мердігерлік шарты бойынша мемлекеттік мүлікті беру

Мердігерлік шарты бойынша мемлекеттік мүлікті беру тапсырысшының - мемлекеттің мердігерлік шартында көзделген көлемде және тәртіпте жұмыстарды орындауға мердігерге көмек көрсетуі жөніндегі міндеттемелерін орындау шеңберінде жүзеге асырылады.

91-бап. Мемлекеттік мүлікті концессия шарты бойынша беру

Мемлекеттік мүлікті концессия шарты бойынша беру Қазақстан Республикасының концессия туралы заңнамалық актісіне сәйкес жүзеге асырылады.

92-бап. Табиғи ресурстарды уақытша пайдалануға беру туралы шарттар

Жер учаскелерін, жер қойнауы учаскелерін, су объектілерін, мемлекеттік орман қоры учаскелерін уақытша пайдалануға беру Қазақстан Республикасының мүліктің әрбір түрі туралы заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен тиісті шарттар негізінде жүзеге асырылады.

93-бап. Мемлекеттік мүлікті сақтау шарты бойынша беру туралы шарттар

1. Мемлекеттік мүлік сақтау шарты бойынша оның сақталуын қамтамасыз ету үшін азаматтар мен заңды тұлғаларға берілуі мүмкін. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің сақтау туралы ережелері осы баппен белгіленген ерекшеліктерімен мемлекеттік мүлікті сақтау туралы қатынастарға қолданылады.

2. Мемлекеттік мүлікті сақтау сақтау шарты немесе мемлекеттік мүлікті (заттарды) сақтауға қабылдау туралы шарты негізінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік мүлікті сақтау оның сақталуын қамтамасыз етуге қабілетті кез келген тұлғаға жүктелуі мүмкін.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда, мемлекеттік мүлікті сақтауды кәсіпкерлік қызмет ретінде сақтау жөніндегі қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын мамандандырылған ұйымдар ғана жүзеге асыра алады.

3. Мемлекеттік мүлікті сақтау нысанасы жылжымалы заттар болуы мүмкін. Жылжымайтын мемлекеттік мүлікті сақтау оны сақтау туралы шартпен қамтамасыз етіледі.

4. Сақтау шарты мен мемлекеттік мүлікті сақтауға қабылдау туралы шарт жазбаша нысанда жасалады. Шарттың жасалуы сақтаушы сақтау қолхатын, түбіртек, куәлік, сақтаушы қол қойған өзге де құжатты жүк берушіге беру арқылы куәландырылуы

м ү м к і н .

5. Мемлекеттік мүлікті сақтау мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен немесе сақтау шарттарымен не мемлекеттік мүлікті сақтауға қабылдау туралы шарттармен айқындалады. Сақтау мерзімінің өтуі бойынша сақтау немесе мемлекеттік мүлікті сақтауға қабылдау туралы шарттар, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде, тиісті шарттарда өзгеше көзделмесе немесе мемлекеттік мүліктің сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелердің мәнінен туындамаса сол мерзімге жасалды деп есептеледі.

Жүк беруші болып табылатын немесе оның жазбаша тапсырмасы бойынша болатын уәкілетті мемлекеттік орган кез келген уақытта сақтаушыдан мүлікті (затты) талап етуге құқылы. бұл жағдайда, егер сақтау немесе мемлекеттік мүлікті сақтауға қабылдау туралы шарттарда өзгеше көзделмесе, жүк беруші сақтаушыға міндеттемесінің мерзімінен бұрын тоқтатылуынан туындаған залалдарды өтеуге міндетті.

6. Сақтау шарты мен мемлекеттік мүлікті сақтауға қабылдау туралы шарт өтеулі болып табылады. Сақтаушыға сыйақының мөлшері тараптардың келісімдерімен, ал Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген жағдайларда, ставкалар мен тарифтерге сәйкес айқындалады.

7. Егер сақтау шартында өзгеше көзделмесе, сақтаушы жүк берушінің келісімінсіз затты үшінші тұлғаға, ол бұған жүк берушінің мүддесіне орай мән-жайларға байланысты және оның келісімін алу мүмкіндігінен айырылған жағдайларды қоспағанда, сақтауға беруге құқылы емес. Затты үшінші тұлғаға сақтауға беру туралы сақтаушы жүк берушіні дереу хабардар етуге міндетті. Сақтаушы өзінің меншігі ретінде затты сақтауға берген үшінші тұлғаның іс-қимылына жауап береді.

8. Сақтаушы өзіне берілген мемлекеттік мүліктің сақталуын қамтамасыз ету үшін шартта көзделгендердің барлығын, сондай-ақ өзге де қажетті шараларды қабылдауға міндетті. Мемлекеттік мүліктің сақталуы техникалық нормативтерге және сақтау және (немесе) қорғау шарттары бойынша талаптарға сәйкес қамтамасыз етілуі тиіс.

Сақтаушы сақтауға алынған мемлекеттік мүліктің жоғалғаны, жетіспегені немесе бүлінгені үшін жауап береді. Ол, егер заттың жоғалуы, жетіспеуі немесе бүлінуі өзінің кінәсі бойынша болмағанын дәлелдей алса, жауапкершіліктен босатылады.

Сақтауға берілген мемлекеттің мүліктің жетіспеушілігі кезінде сақтаушы сақтау немесе мемлекеттік мүлікті сақтауға алу туралы шарттармен, Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалған мерзімде жетіспейтін мүлікті заттай өтеуге, ал мүмкіндік болмаған кезде - жоғалған немесе жетіспейтін мемлекеттік мүліктің құны мөлшерінде өтеуге міндеттенеді.

9. Осы баптың ережесі, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мүлікті сақтаудың жекелеген түрлеріне қолданылады.

10. Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтары мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын сақтау шарты негізінде

атқарушылық және бақылау функциясын, сондай-ақ мемлекеттік резервке басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың ведомстволық бағынысты ұйымдарында немесе сақтау пункттерінде (мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтауды және қызметтер көрсетуді шарт негізінде жүзеге асыратын заңды тұлғаларда) с а қ т а л а д ы .

Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын сақтау шартынан туындайтын қатынастар Қазақстан Республикасының мемлекеттік материалдық резерв туралы заңнамалық актісімен реттеледі.

94-бап. Жалпы пайдаланудағы мемлекеттік мүлікті пайдалану құқықтарын жүзеге асыру

1. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жалпы пайдаланудағы мемлекеттік мүлікке мыналар жатқызылуы мүмкін:

1) Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен жалпы пайдаланудағы мүлікке жатқызылған өсімдік пен жануарлар әлемі, өзге де табиғи қорлар;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен ені белгіленген жағалау алқабымен кеме жүзетін және ағызбалы өзендердің арналары, сондай-ақ көлдер, лагуналар мен табиғи жаратылған өзге де су айдындары;

3) порттар, айлақтар, шығанақтар, рейдтер мен қойнаулар, сондай-ақ бөгеттер, молдар, толқын бөгеттері мен өзге де жағалау құрылыстары;

4) иеліктен шығарылған алқаптары және қосымша құрылыстары мен қызметтері бар жалпы пайдаланудағы жолдар, шоссе мен көпірлер;

5) жер суландыру, мелиорация және өзге де қоғамдық пайдалы мақсаттарда салынған орлар, тоғандар, су қоймалары, арналар, үймелер және қазандықтар;

6) алаңдар, тротуарлар, көшелер, қоғамдық бақтар мен демалыс орындары, зираттар мен басқа қоғамдық ғимараттар мен үйлер;

7) жалпы мақсаттағы ғибадатханалар мен өзге де діни имараттар;

8) көркем, тарихи және археологиялық ескерткіштер;

9) ұлттық саябақтар, қорықтар, заказниктер, резерваттар;

10) ұлттық өнер бұйымдары;

11) ғылыми және мәдени құндылықтарға жататын мұрағаттар, мұражайлық экспонаттар, көркем және ғылыми коллекциялар, оның ішінде, жекелеген құжаттар, қолжазбалар, жарияланымдар, карталар мен басқа да жылжитын заттар;

12) жалпы пайдаланудағы сервитуттар (көпшілік сервитуттар);

13) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен жалпы пайдалану мүлкіне жатқызылған өзге де мүліктер.

Жалпы пайдаланудағы мүлікті пайдалану ережесін Қазақстан Республикасының жалпы пайдаланудағы мүліктің жекелеген түрлері туралы заңнамалық актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі және тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің

жергілікті өкілді немесе атқарушы органдары белгілейді.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары Қазақстан Республикасының жалпы пайдаланудағы мүлкінің жекелеген түрлері туралы заңнамалық актілермен белгіленген өз құзыреті шегінде жалпы пайдаланудағы мүлікті басқаруды және пайдалануды ұйымдастырады.

4-бөлім. Мемлекеттің мүліктік құқықтарының тоқтатылуы

8-тарау. Мемлекеттің мүліктік құқығының тоқтатылу негіздері

95-бап. Мемлекеттің мүліктік құқықтарының тоқтатылуы негіздерінің тізбесі

1. Мемлекеттің (Қазақстан Республикасының немесе әкімшілік-аумақтық бірліктің) мүліктік құқықтарының тоқтатылу негіздері:

1) мемлекеттік (республикалық немесе коммуналдық) мүлікті жекешелендіру немесе өзге де иеліктен айыру;

2) мемлекеттік заңды тұлғалардың өздері өндірген тауарларын немесе негізгі құралдарға жатпайтын және азаматтарға және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға жекешелендіру объектісі болып табылмайтын мүліктерін иеліктен шығару;

3) жер учаскелерін жеке меншікке беру;

4) республикалық немесе коммуналдық мүлікке жататын мемлекеттік заттай грантты жеке меншікке беру;

5) мемлекеттік мүліктің бұзылуы не жойылуы;

6) мемлекеттік мүлікті өндіріп алу;

7) иелену мерзімі;

8) шартты бұзу немесе өзгерту сәтіне дейін міндеттемелері бойынша мемлекет пайдасына контрагенттің орындағанын қайтару;

9) жарамсыз деп танылған мәміле бойынша алынған мүлікті қайтару;

10) мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтар пайдалану немесе шығару;

11) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде көзделген өзге де негіздер болып табылады.

2. Мемлекеттік мүлікті иеліктен шығару, осы Заңның 133, 220-баптарында және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, өтеулі болып табылады.

96-бап. Мемлекеттік мүлік құқықтарынан бас тартуға тыйым салу

1. Мемлекет өзіне тиесілі мүлікке құқықтардан бас тарта алмайды. Мемлекеттің уәкілетті органдарының, оның өкілдері мен лауазымды адамдарының мемлекеттік мүлікке мемлекеттің құқықтарынан бас тартуы жарамсыз деп танылады.

2. Мемлекеттік уәкілетті органдарының, оның өкілдері мен лауазымды

адамдарының мемлекеттің меншік құқықтарын және өзге де мемлекеттің мүліктік құқықтарын жүзеге асыруын жоюды куәландыратын айқындалған іс-әрекеттері Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіптік және өзге де жауапкершілікке тартуға әкеп соғады.

97-бап. Мемлекеттік заңды тұлғалардың мүлікті иеліктен шығаруы

Мемлекеттік заңды тұлғалардың өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру кезінде, өздері өндірген өнімді, тауарлық-материалдық құндылықтарды қоса алғанда және өзге де негізгі құралдарға жатпайтын және жекеменшік объектісі болып табылмайтын мүлікті иеліктен шығаруы мемлекеттік емес заңды тұлғаларға және азаматтарға мемлекеттік мүлікті иеліктен шығару құқықтарын тоқтатуына әкеп соғады және жекешелендіру болып табылмайды.

98-бап. Жеке меншікке ұсыну (беру) нәтижесінде жер учаскесіне және өзге де мүлікке құқықтарды тоқтату

1. Жер учаскелері Қазақстан Республикасының жер туралы заңнамалық актісімен көзделген жағдайларда және тәртіпте жеке меншікке берілуі мүмкін.

2. Мемлекеттік заттай грант түрінде берілген мемлекеттік мүлікке мемлекеттің құқықтары Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңнамалық актісімен көзделген жағдайлар мен тәртіпте грант алушының инвестициялық міндеттемелерін орындауы кезінде тоқтатылуы мүмкін.

99-бап. Мемлекеттік мүліктің бұзылуы немесе жойылуы

1. Мемлекеттік мүліктің бұзылуы және жойылуы бұл мүлікке мемлекеттің құқықтарын тоқтатылуына әкеп соғады.

2. Дүлей зілзалалар мен авариялар нәтижесінде физикалық немесе моральдық тозу салдарынан жарамсыздыққа ұшыраған мемлекеттік мүліктің жекелеген түрлерінің бұзылуы және жойылуы Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген ережелерге с ә й к е с р е с і м д е л е д і .

3. Осы баптың ережелері заттарға қолданылады.

100-бап. Мемлекеттің міндеттемелері бойынша мемлекеттік мүлікті өндіріп алу

1. Қазақстан Республикасының және әкімшілік-аумақтық бірліктің міндеттемелері бойынша мемлекеттік мүлікті өндіріп алу сот тәртібімен жүргізіледі.

2. Мемлекеттік және жергілікті қазынаны құрайтын мүлікке, республикалық немесе жергілікті бюджет қаражаттарын қоспағанда, өндіріп алу салынбайды. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өндіріп алу жүргізілмейтін мемлекеттік мүліктің өзге де түрлері белгіленуі мүмкін. Бұл жағдайларда Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бірлік республикалық немесе жергілікті бюджеттердің қаражатымен өндіріп алу мүмкін мүмкін болмайтын мүлік құнының шегінде жауапты

б о л а д ы .

3. Өндіріп алу салынған мемлекеттік мүлікке құқықтар Қазақстан Республикасында және әкімшілік-аумақтық бірлікте мемлекеттік мүлікке өндіріп алуды салу кезінде құқықтар ауысатын тұлғаның осы мүлікке құқықтарды сатып алу кезінен бастап тоқтатылады.

101-бап. Реквизициялау нәтижесінде алынған мемлекеттік мүлікке құқықтарды тоқтату

1. Осы Заңның 42-бабының ережелері бойынша мүлікті реквизициялау кезінде мемлекет алған мүлікті бұрын мүлік өзіне тиесілі тұлға талап еткен кезде бұл мүлікке мемлекеттің құқықтары тоқтатылады.

2. Реквизициялау кезінде алынған мүлікті қайтарып алу осы Заңның 42-бабының ережелері бойынша жүзеге асырылады.

102-бап. Тәркілеу нәтижесінде алынған мемлекеттік мүлікке құқықтарды тоқтату

Мемлекет меншігіне тәркіленген мүлік негізінде сот актінің күшін жойған жағдайда (тиісті бөлікке өзгерістер) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган мүлікті заттай қайтаруды және залалдың өтеуді жүргізеді.

Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен уәкілетті орган мүлікті өткізген жағдайда оның құнын меншік иесіне өтеуді жүргізеді.

Залалдар Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 9-бабы 4-тармағына сәйкес өтелуге жатады.

103-бап. Мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығару немесе пайдалану жолымен мемлекеттік мүлікке құқықтарды тоқтату

1. Мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарға мемлекеттің құқықтары мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды пайдалану және шығару нәтижесінде тоқтатылады.

2. Мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығару:

- 1) оларды жаңартуға байланысты;
- 2) қарызға алу тәртібімен;
- 3) броннан шығару тәртібімен жүзеге асырылуы мүмкін.

3. Мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығару Қазақстан Республикасының мемлекеттік материалдық резерв туралы заңнамалық актісіне сәйкес жүзеге асырылады.

4. Мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығару тәртібі оларды жаңартуға байланысты және броннан шығару тәртібімен Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

5. Мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды иеліктен шығаруды олардың құнын толық төлеу шарты немесе аккредитив ашу не екінші

деңгейдегі банктер кепілдік берген кезде жүргізіледі.

6. Мемлекеттік материалдық резервтен оларды шығару кезінде материалдық құндылықтары өткізуден түскен қаражат бюджетке аударуға жатады.

7. Төтенше жағдайларды жою кезінде пайдаланылған мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтары бюджет қаражаты есебінен тоқсан күн ішінде заттай түрде өтелуге жатады.

8. Ішкі нарықтағы сұраныс пен ұсыныс арасында дағдарысты құбылыстар мен үйлесімсіздік қаупі туындаған жағдайда мемлекеттік материалдық резервтің ресурстары Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес нарыққа реттеушілік ықпал ету үшін пайдаланылуы мүмкін.

104-бап. Иелену мерзіміне байланысты мемлекеттік мүлікке құқықтарды тоқтату

1. Мүліктің меншік иесі болып табылмайтын, бірақ мемлекеттің меншігінде жылжымайтын мүлікті өзінің мүлкіндей он бес жыл бойы не мемлекеттің меншігіндегі өзге де мүлікті кемінде бес жыл адал, ашық және ұдайы иеленген азамат немесе заңды тұлға осы мүлікке меншік құқығын (иелену мерзімін) иеленеді.

2. Иелену мерзіміне байланысты жылжымалы мүлікке меншік құқығын тану мүдделі тұлғаның талап қоюы бойынша қабылданған сот шешімі бойынша жүзеге асырылады.

105-бап. Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің акцияларына және жарғылық капиталына төлемге мемлекеттік мүлікті беру

Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің акцияларына және жарғылық капиталына төлемге мемлекеттік мүлікті беру осы Заңының 127-бабының ережелері бойынша жүргізіледі.

9 тарау. Мемлекеттік мүлікті иеліктен шығару

\$1. Жалпы ережелер

106-бап. Мемлекеттік мүлікті иеліктен шығару субъектілері

1. Мемлекеттік мүлікті иеліктен шығару субъектілері сатушы (мүлікті иеліктен шығарушы тұлға) және сатып алушы (сатып алуды иеленуші) болып табылады.

2. Сатушы (мүлікті иеліктен шығаруды жүргізетін тұлға) - мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган.

3. Сатып алушы (сатып алуды иеленуші) - мемлекеттік мүлікті иеліктен шығару процесінде мүлікті сатып алушы азамат немесе мемлекеттік емес заңды тұлға.

Сатып алушы (сатып алуды иеленуші) жағынан бірнеше тұлға қатысқан кезде олар ын т ы м а қ т а с т ы қ т а бо л а д ы .

4. Сатып алушы (сатып алуды иеленуші) мемлекеттік мүлікті иеліктен шығару

, мемлекеттік заңды тұлғалардың мүлкі;
4) а к ц и я л а р ;

5) жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы үлестер;

6) мемлекетке тиесілі акцияларға құқықты куәландыратын туынды бағалы қағаздар
жекешелендіру объектілері болып табылады.

2. Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган не жергілікті атқарушы орган немесе оны жекешелендіру туралы шешім шығарған күннен бастап мемлекет мүлкі жекешелендіру объектісіне айналады.

Табиғи монополия субъектілері немесе тауар нарығында үстем (монополиялық) жағдайды иеленетін нарық субъектілері болып табылатын ұйымдардың мүліктік кешендері немесе мемлекетке тиесілі акциялары ретінде жекешелендіру туралы шешімді Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайды және онда жекешелендірудің түріне арналған нұсқау қамтылуға тиіс.

110-бап. Мүліктік кешен ретінде кәсіпорынды жекешелендіру

1. Мүліктік кешен ретінде кәсіпорынды жекешелендіруге осы Заңның осы бабының 2-тармағында және 106, 108, 109, 112-114, 116, 120-125 - баптарында көрсетілген ерекшеліктер ескере отырып, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 25-тарауы 6 параграфының ережелері қолданылады.

2. Жекешелендіруге жататын мүліктік кешен ретіндегі кәсіпорынның құрамына оларда сақтаулы мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтары к і р м е д і .

3. Мүліктік кешен ретінде кәсіпорынның құрамына әлеуметтік-мәдени және коммуналдық-тұрмыстық мақсаттағы объектілер енгізілуі мүмкін.

4. Сатып алушы, егер осы Заңда және сатып алу-сату шартында өзгеше көзделмесе, азаматтық құқықтардың және мүліктік кешен ретінде жекешелендірілген кәсіпорын міндеттерінің құқықтық мирасқоры болады.

111-бап. Мемлекетке тиесілі акциялар және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы мемлекеттің үлестері

1. Мемлекетке тиесілі акцияларды және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы мемлекеттің үлестерін сату Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар, жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер және бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамалық актілерінде белгіленген талаптар сақтала отырып жүргізілуге тиіс.

2. Шығарылымы заңнамамен белгіленген тәртіпте тіркелмеген акцияларды сатуға ж о л б е р і л м е й д і .

3. Мемлекетке тиесілі акцияларды сату кезінде сатып алушы - акционерлік қоғам, егер акционерлік қоғамда сатып алушы акцияларды иеленген болса, акционерлік қоғамның жиырма бес пайыздан астам акцияларын сатып ала алмайды.

112-бап. Жер учаскесін жекешелендіру және оған құқық

Жылжымайтын мүлікті жекешелендіру кезінде сатып алушыға Қазақстан Республикасының жер туралы заңнамалық актісіне сәйкес жер учаскесіне құқығы ауысады.

113-бап. Сауда-саттықты жүргізу шарттары

1. Аукционда ең жоғары баға ұсынған тұлға аукционды ұтып алушы болып танылады. Сатушы күні бұрын тағайындаған конкурстық комиссияның қорытындысы бойынша ең жақсы шарттар ұсынған тұлға тендерді жеңіп алушы болып танылады.

Аукциондарда ұсыныстар жария мәлімделеді, тендерлерде ұсыныстар жабық конвертте жазбаша мәлімделеді.

2. Сауда-саттық ашық болуға тиіс, оларды өткізу тәртібін Қазақстан Республикасы Үкіметі осы Заңның 114-117-баптарына сәйкес белгілейді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін, қоршаған табиғи ортаны қорғауды, сыртқы экономикалық жағдайды қозғайтын ерекше жағдайларда тендер жабық болуы мүмкін. Оны өткізу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

3. Бір ғана қатысушы қатысқан аукциондар мен тендерлер, жекешелендіру объектісі оны сатып алғысы келетін жалғыз қатысушыға сатылуы мүмкін үшінші және одан кейінгі сауда-саттықтарды қоспағанда, өткізілмеген болып танылады.

4. Сауда-саттық өткізілгенге дейін сатып алушы өзі сатып алатын объектінің экологиялық жай-күйіне тексеру жүргізуге құқылы.

114-бап. Ашық сауда-саттықты өткізу тәртібі

1. Сауда-саттық өткізу туралы хабарламаны сатушы оны өткізгенге дейін кемінде он бес күн бұрын, ал мемлекетке тиесілі акциялар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы үлестерді сату кезінде - сауда-саттықты өткізуге дейін кемінде отыз күн бұрын жасауға тиіс. Хабарлама Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алулар туралы, заңнамалық актісіне сәйкес сатушының конкурс өткізу жолымен айқындалған мерзімді басылымдарда мемлекеттік және орыс тілдерінде жариялануға тиіс. Хабарламада сауда-саттықтың уақыты, орны мен түрі, сату объектісі және өткізілу тәртібі, соның ішінде сауда-саттыққа қатысуды ресімдеу, сауда-саттықты ұтып шыққан тұлғаны айқындаудың шарттары туралы мәліметтер, сондай-ақ бастапқы баға мен кепілді жарнаның мөлшері туралы мәліметтер қамтылуға тиіс.

2. Сатушы тендердің шарттарын өзгерткен жағдайда ол барлық өзгерістер туралы осы баптың 1-тармағында белгіленген тәртіппен және мерзімде хабарлама жасауға тиіс.

Оның шарттарын өзгерту туралы хабарлама жарияланғанға дейін сауда-саттыққа қатысуға өтінім берген және осыған байланысты оған қатысудан бас тартқан тұлғалар кепілдік жарнасын және өзіне келтірілген шығыстардың қайтарылуын талап етуге құқылы.

3. Сатушы сауда-саттықтың өткізілуінен үш күннен кешіктірілмей сауда-саттыққа қатысуға өтінім берген тұлғаларға нақты залалды өтей отырып, одан бас тартуға хакылы.

Сауда-саттықтың оларды өткізудің мүмкін болмауына байланысты күші жойылуы мүмкін. Сатушы сауда-саттыққа қатысуға өтінім берген тұлғаларға, егер сауда-саттықты өткізу еңсерілмейтін күш салдарына байланысты мүмкін болмаса, нақты зиянды өтеуден босатылады.

4. Сауда-саттыққа қатысушылар сауда-саттық өткізу туралы хабарламада көрсетілген мөлшерде, мерзімде және тәртіппен кепілдік жарнасын төлейді. Егер сауда-саттық өткізілмей қалса, кепілдік жарнасы қайтарылуға тиіс. Кепілдік жарна сауда-саттыққа қатысқан, бірақ оны ұтып шықпаған тұлғаларға және оны өткізуден бұрын үш күннен кешіктірілмей сауда-саттыққа қатысудан жазбаша түрде бас тартқан тұлғаларға қайтарылады.

Кепілдік жарналар сауда-саттыққа қатысушының осы қатысушының деректемесі көрсетіле отырып, берген кепілдік жарнаны қайтару туралы өтініші негізінде қайтарылады.

Сауда-саттықта ұтып шыққан тұлғамен сатып алу-сату шартын жасасқан кезде ол енгізген кепілдік жарна сомасы жасалған шарт бойынша міндеттемелерді орындау шотына жатқызылады.

5. Сауда-саттықта ұтып шыққан тұлға мен сатушы аукцион немесе тендер өткізілген күні сауда-саттықтың нәтижелері туралы хаттамаға қол қояды.

6. Сатып алу-сату шартына тараптар сауда-саттық аяқталғаннан кейін 10 күннен кешіктірмей қол қоюға тиіс.

Сауда-саттықта ұтып шыққан тұлға сауда-саттықтың нәтижелері туралы хаттамаға немесе сатып алу-сату шартына қол қоюдан жалтарған жағдайда өзі енгізген кепілдік жарнасынан айырылады және кепілдік жарнамен өтелмеген бөлігінде сатушыға өзі келтірген нақты зиянды өтеуге міндетті.

Сауда-саттықта ұтып шыққан тұлға осы Заңның 106-бабының талаптарына жауап бермейтін жағдайларда болмаса, сатушының сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға және сауда-саттықта ұтып шыққан тұлғамен сатып алу-сату шартына қол қоюдан жалтаруға құқылы емес.

Сатып алу-сату шартының талаптары сауда-саттық талаптарына қайшы келмеуге тиіс.

Мүліктік кешен ретінде кәсіпорынды сатып алу-сату шартында оның мерзімі туралы талаптар қамтылуға тиіс, оның барысында сатушы кәсіпорын қызметінің

тоқтатылуын тіркеу үшін әділет органдарына өтініш жасайды.

7. Сатып алу-сату шарты Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінде және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде белгіленген коммерциялық және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерімен қорғалатын құпиясы болып табылатын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып, мүдделі адамдарға олардың талаптары бойынша танысу үшін беріледі.

8. Осы бапта белгіленген ережелерді бұза отырып өткізілген сауда-саттықты сот мүдделі тұлғаның талап қоюы бойынша жарамсыз деп тануы мүмкін.

Жекешелендірудің даулы объектісі бойынша сауда-саттықты жарамсыз деп тану сатып алу-сату шартының жарамсыз болуына әкеліп соғады.

9. Егер осы Заңның 115, 117-баптарында өзгеше көзделмесе, сауда-саттық өткізу кезінде осы бапта белгіленген ережелер қолданылады.

115-бап. Қор биржасындағы сауда-саттық

1. Мемлекетке тиесілі бағалы қағаздарды қор биржасында сату Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы және биржалық сауда туралы заңнамалық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекетке тиесілі бағалы қағаздарды шетел мемлекеттерінің қор биржаларында с а т у ғ а ж о л б е р і л е д і .

2. Сату туралы хабарлама сатушы Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамалық актілеріне сәйкес конкурс өткізу жолымен айқындалған мерзімді басылымдарда мемлекеттік және орыс тілдерінде жариялануы тиіс. Сату туралы хабарлама қор биржасында сауда-саттық өткізу басталғанға дейін кемінде он бес күн бұрын жариялануы және онда сауда-саттық басталатын күн, сауда-саттықты өткізу орны, сату объектісі мен оның мөлшері туралы мәліметтер қамтылуға тиіс.

Сатушы хабарламада мемлекетке тиесілі бағалы қағаздарды сатуға қатысты өзге де мәліметтерді көрсетуге құқылы.

3. Сатушының бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысымен жасалатын шартында мемлекетке тиесілі бағалы қағаздарды сатушы белгілеген ең төменгі бағадан төмен болмайтын бағамен сатуға міндеттеме қамтылуға тиіс.

116-бап. Екі кезеңді рәсімдер жолымен өткізілетін конкурс

1. Екі кезеңді рәсімдер жолымен өткізілетін конкурс Қазақстан Республикасы Үкіметінің жекешелендірудің баға басымдығын және (немесе) өзге де талаптарын айқындайтын шешімі бойынша қаржы кеңесшісінің қатысуымен өткізіледі.

2. Конкурс мынадай іс-шаралар жоспарын:

1) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қаржы кеңесшісін т а р т у д ы ;

2) жекешелендіру объектісін жан-жақты талдауды, оның құнын бағалауды және әлеуетті сатып алушылар (инвесторлар) үшін сату объектісі туралы деректердің

ақпараттық базасын қалыптастыруды;

3) сатып алушы Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алулар туралы заңнамалық актілеріне сәйкес сатушының конкурс өткізу жолымен айқындаған жекешелендіру объектісін сату туралы хабарламаны мерзімді басылымдарда мемлекеттік және орыс тілдерінде жариялануын, сондай-ақ қаржы кеңесшісінің әлеуетті сатып алушыларға (инвесторларға) сату туралы ұсынысты жіберуін;

4) қаржы кеңесшісінің әлеуетті сатып алушылардың (инвесторлардың) ұсыныстарын қамтитын өтінімдерінің тізбесін қалыптастыруын;

5) келіссөздер барысында ең жақсы ұсыныстар берген (конкурстың бірінші кезеңі) кемінде екі әлеуетті сатып алушыны (инвесторды) анықтау мақсатында қаржы кеңесшісінің қатысуымен сатушының әлеуетті сатып алушылармен (инвесторлармен) өтінімдердің тізбесі бойынша келіссөздер өткізуін;

6) қаржы кеңесшісінің қатысуымен сатушының бұрын ұсынылған талаптарды жақсарту нысанасында конкурстың бірінші кезеңінің жеңімпаздарымен келіссөздер өткізуін (конкурстың екінші кезеңі) қамтиды.

3. Сатушы, қаржы кеңесшісі және конкурстың барлық қатысушылары өткізген келіссөздердің әрбір кезеңінің қорытындылары бойынша оның нәтижелері туралы х а т т а м а ғ а қ о л қ о я д ы .

4. Конкурстың екінші кезеңінің барысында ең жақсы талаптар ұсынған әлеуетті сатып алушы (инвестор) конкурста ұтып шыққан болып танылады.

5. Конкурстың жеңімпазы сатушы белгілеген мерзімде сатып алу-сату шартына қол қоюдан бас тартқан немесе жалтарған жағдайда, ұсынысы конкурс жеңімпазынан кейінгі ең жақсы ұсыныс болып танылған әлеуетті сатып алушы (инвестор) сатып алу-сату шартына қол қояды.

117-бап. Мемлекетке тиесілі акцияларға құқықтарды куәландыратын туынды бағалы қағаздарды сату

1. Мемлекетке тиесілі акцияларға құқықтарды куәландыратын туынды бағалы қағаздарды сату Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе тиісті жергілікті органның шешімі бойынша жүзеге асырылады.

2. Туынды бағалы қағаздарды сатудың негізгі талаптарын сатушы тиісті жергілікті өкілді органға бекіту үшін Қазақстан Республикасының Үкіметіне немесе жергілікті атқарушы органдарға бекітуге табыс етеді.

3. Туынды бағалы қағаздарды сату туралы шешімде туынды бағалы қағаздар шығарылған, мемлекетке тиесілі акциялардың саны, сатылатын туынды бағалы қағаздардың үлгісі, аумағында туынды бағалы қағаздарды сатуды жүзеге асыру көзделіп отырған шет мемлекет (шет мемлекеттер), мәмілені аяқтаудың ең ұзақ мерзімдері туралы мәліметтер, туынды бағалы қағаздардың меншік иелерінің құқықтарын іске асырудың талаптары мен тәртібі және, қажет болған жағдайда, өзге де талаптар қамтылуға тиіс.

118-бап. Тікелей атаулы сату

1. Осы Заңның 119-бабына сәйкес кейіннен сатып алу құқығымен мүліктік жалдауға (жалға) немесе сенімгерлік басқаруға тиісінше жалдаушыға (жалға алушыға) немесе сенімгерлік басқарушыға берілген объектілер тікелей атаулы сатуға жатады.

Жекешелендіру объектілерін жалдаушыларға (жалға алушыларға) және сенімгерлікпен басқарушыларға сатуға олар тиісті шартты тиісінше орындаған жағдайда ғана жол беріледі.

2. Жекешелендіру объектісін сату талаптары, егер олар мүліктік жалдау (жалға алу) шартында немесе сенімгерлік басқаруға беру туралы шартта көзделмеген болса, тараптардың келісімімен айқындалады.

119-бап. Жекешелендірудің алдын ала жүргізілетін сатылары

1. Мыналар: Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік мүлікті кейіннен сатып алу құқығымен мүліктік жалдауға (жалға алуға) өткізу не оны сенімгерлік басқарушыға беру жекешелендірудің алдын ала жүргізілетін сатылары болып табылады.

2. Сенімгерлік басқарушы немесе жалдаушы (жалға алушы) осы Заңның 113 және 114-баптарына сәйкес тендер негізінде таңдап алынады.

3. Сенімгерлік басқару мен мүліктік жалдау (жалға алу) қатынастарына осы Заңның 118-бабында және осы баптан көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, осындай қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасы азаматтық заңнамасының нормалары қолданылады.

4. Мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқаруға немесе мүліктік жалдауға (жалға) беру мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның не жергілікті атқарушы органның сенімгерлік басқарушымен немесе жалдаушымен (жалға алушымен) тиісті шарты арқылы ресімделеді. Шарт мемлекеттік мүлік қандай мерзімдерде және қандай талаптар орындалған кезде сенімгерлік басқарушының немесе жалдаушының (жалға алушының) меншігіне өтетінін көздеуге тиіс.

5. Сенімгерлік басқаруға осы Заңның 113 және 114-баптарына сәйкес тендер негізінде мемлекетке тиесілі акциялар берілуі мүмкін.

6. Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне сауда-делдалдық қызметті қоспағанда, өнеркәсіптік өндірісті және (немесе) қызмет көрсету салаларын ұйымдастыру үшін бір жылдан астам уақыт пайдаланылмаған мемлекеттік мүлік кейіннен меншікке өтеусіз беру құқығымен бір жыл мерзімге сенімгерлік басқаруға немесе мүліктік жалдауға (жалға) берілуі мүмкін.

120-бап. Объектіні жекешелендіруге дайындау

1. Объектіні жекешелендіруге сатушы дайындайды.

2. Объектіні жекешелендіруге дайындау процесінде сатушы:

1) Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына сәйкес

жекешелендіру объектісінің құнын бағалайды;

2) сатып алушының талап етуі бойынша жекешелендіру объектілерінің ауыртпалықтары туралы, сондай-ақ кредиторлық және дебиторлық берешектер сомасы, егер жекешелендіру объектісі мүліктік кешен ретіндегі кәсіпорын болып табылса, жекешелендірілетін кәсіпорынның жасасқан шарттары туралы ақпаратты дайындайды және табыс етеді;

3) жекешелендіру объектісінде мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтары болған жағдайда, мемлекеттік материалдық резервті басқару жөніндегі уәкілетті органға объект жекешелендірілгенге дейін осы материалдық құндылықтарды одан әрі орналастыру туралы шешім қабылдауы үшін алдағы жекешелендіру туралы алдын ала хабарлайды;

4) жекешелендіру жүргізудің талаптарын, нысандары мен түрлерін айқындайды, оны өткізуге даярлықты жүзеге асырады;

5) мүліктің сақталуын қамтамасыз етеді;

6) жекешелендіруді өткізуге қажетті басқа да іс-шаралар өткізеді.

3. Жарғылық капиталдарындағы мемлекеттің акциялары мен үлесі сату объектісі болатын мемлекеттік заңды тұлғалардың, сондай-ақ заңды тұлғалардың лауазымды адамдары сатушының сұрау салуы бойынша объектіні сатуға дайындау үшін қажетті мәліметтерді ол айқындайтын мерзімдерде табыс етуге міндетті.

Табыс етілген мәліметтердің дұрыстығы үшін жауаптылық осы тармақта тізбектелген заңды тұлғалардың лауазымды адамдарына жүктеледі.

121-бап. Есеп айырысу тәртібі

1. Жекешелендіру объектілерін сатып алу-сату шарты бойынша есеп айырысу сатушы мен сатып алушы арасында жүргізіледі.

2. Сатып алынған объектіге ақы төлеу сатып алу-сату шартына қол қойылған күннен бастап отыз күн ішінде жүргізілуге тиіс.

3. Ақының мерзімі ұзартылып төленуіне ықтимал ұзартылып төлеу талаптары сауда-саттыққа қатысушылардың назарына күні бұрын жеткізілген жағдайларда ғана жол беріледі.

4. Жекешелендірілетін объектіні ақы төлеу мерзімі ұзартылып сату кезінде бастапқы жарнаның мөлшері сату бағасының он бес пайызынан кем болмайды, ал ақы төлеуді ұзарту кезеңі үш жылдан аспауға тиіс.

Келесі сомаларды төлеген кезде ақшалай міндеттемені орындау ережелері қолданылады.

Ақы төлеу мерзімі ұзартылып сату кезінде әлі төленбеген сомаларға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыруының ресми ставкалары негізге алына отырып, пайыздар есептеледі.

5. Егер сатып алу-сату шартында қамтамасыз етудің өзгеше тәсілі көзделмесе, сатып алушы сатып алған мүлікке сатушының кепіл құқығы төлемдердің уақтылы өтелуінің қамтамасыз етілуі болады.

122-бап. Жекешелендіруден алынған қаражат

1. Жекешелендіруден алынған қаражат тиісті бюджетке жіберіледі. Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын сатудан алынған қаражатты пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасының бюджет қызметін реттейтін заңнамалық актісінде белгіленеді.

2. Жекешелендіру бойынша сауда-саттыққа дайындық және оны өткізу Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен бюджет есебінен жүзеге асырылады.

123-бап. Сатып алу-сату шартының орындалуын бақылау

1. Жекешелендіру объектісін сатып алу-сату шарты талаптарының тиісінше орындалуын кейіннен бақылауды сатушы жүзеге асырады.

2. Шарт талаптарының орындалуын бақылау сатып алушының міндеттемелерді орындап біткен кезіне дейін жүргізіледі.

Бақылауды жүзеге асыру үшін сатушы сатып алу-сату шартын, оның ішінде өзінің қолданысын тоқтатқан шартты орындауға байланысты құжаттармен танысады және жұмысқа сарапшыларды, сондай-ақ консультациялық, бағалау, аудиторлық және өзге де ұйымдарды тартады.

124-бап. Жекешелендірілген кәсіпорынның меншік иесінің қоршаған ортаға келтірген залал үшін жауаптылығы

1. Жекешелендірудің алдындағы шаруашылық қызмет салдарынан қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына келтірілген залал үшін жекешелендіру объектісінің бұрынғы меншік иесі - мемлекет жауапты болады.

2. Қоршаған ортаға келтірілген залалды, сондай-ақ экологиялық тәуекелді бөлу немесе жаңа меншік иесіне аудару оның келісімімен ғана болуы мүмкін.

3. Жекешелендіруден кейін қалдықтарға меншік құқығы, сондай-ақ қалдықтармен қауіпсіз жұмыс істеу және оларды жою, жерді рекультивациялау мен қалпына келтіру жөніндегі міндеттемелер жаңа меншік иесіне өтеді.

4. Қоршаған ортаға жаңа меншік иесінің шаруашылық қызметі келтірген залал үшін жауаптылық Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

125-бап. Сатып алу-сату шартын жарамсыз деп тану және бұзу

1. Жекешелендіру объектісін сатып алу-сату шартын соттың жарамсыз деп тануына мыналар негіздер болып табылады:

- 1) объектіні сатып алуға құқығы жоқ тұлғаға сату;
- 2) сатып алушыға заңсыз жеңілдіктер мен артықшылықтар беру;
- 3) сауда-саттық жүргізу тәртібін елеулі түрде бұзу;

4) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі мен Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде көзделген өзге де негіздер.

2. Сатып алушы сатып алу-сату шарты жарамсыз деп танылғанға дейін жекешелендіру объектісін кейіннен иеліктен шығарған жағдайда оны сатып алушыдан талап ету Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 260-262-баптарында көзделген ережелер бойынша мүмкін болады.

3. Егер талап-арызды шарттағы тарап берсе, сатып алу-сату шартының жарамсыздығына байланысты даулар бойынша талап қою мерзімі оған қол қойылған күннен бастап алты айды құрайды. Басқа мүдделі тұлғалар не прокурор талап-арыз берген жағдайда даулар бойынша талап қою мерзімі шартты жарамсыз деп тануға негіз болып табылатын мән-жайлар туралы талапкер білген немесе білуге тиісті болған күннен бастап алты айды құрайды, бірақ шартқа қол қойылған күннен бастап үш жылдан кешіктірілмеуге тиіс.

4. Жекешелендіру объектісінің сатып алу-сату шарты Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген негіздер бойынша және тәртіппен бұзылуы мүмкін.

5. Сатып алу-сату шартының бұзылуы тараптардың шарт бұзылғанға дейінгі міндеттемелері бойынша орындағанын олардың қайтаруына және шартты бұзған тараптың залалдарды өтеуіне әкеп соғады.

126-бап. Мемлекеттік тұрғын үй қоры объектілерін жекешелендіру

Мемлекеттік тұрғын үй қоры объектілерін жекешелендіру ерекшеліктері Қазақстан Республикасының тұрғын үй қатынастары туралы заңнамалық актісінде реттеледі.

§ 3. Мемлекеттік мүлікті иеліктен шығарудың өзге тәсілдері

127-бап. Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталына не акционерлік қоғамның акцияларын сатып алу төлеміне мүліктік салым ретінде

мүлікті беру

1. Республикалық мүлікті жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталына не акционерлік қоғам акцияларының төлеміне беру туралы шешімді Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайды.

2. Коммуналдық мүлікті жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталына не акционерлік қоғам акцияларының төлеміне беру туралы шешімді тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органы қабылдайды.

3. Стратегиялық объектілерге жататын мемлекеттік мүлікті жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталына не акционерлік қоғамдар акцияларының төлеміне беру стратегиялық объектілермен мәмілелер жасау жөніндегі талаптар сақтала отырып жүзеге асырылады.

4. Тек мемлекетке ғана тиесілі бола алатын, сондай-ақ жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік мүлік жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталына не

ұлттық басқарушы холдингті, ұлттық холдингтер мен ұлттық компанияларды қоспағанда, акционерлік қоғам акцияларының төлеміне мүлкітік салым ретінде пайдаланыла алмайды. Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталына немесе ұлттық басқарушы холдингті, ұлттық холдингтер мен ұлттық компанияларды қоспағанда, акционерлік қоғамдар акцияларының төлеміне тек мемлекетке ғана тиесілі бола алатын немесе жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік мүлкіті пайдалану құқығы осы Заңның 86-бабы 2-тармағының, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 59-бабы 1-тармағының және Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер туралы заңнамалық актілерінің ережелері бойынша берілуі мүмкін.

128-бап. Жер учаскелерін иеліктен шығару

Жер учаскелерін жеке меншікке беру Қазақстан Республикасының жер туралы заңнамалық актісінде көзделген арнайы рәсімдер шеңберінде жүзеге асырылады.

129-бап. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне бекітілген мүлкіті иеліктен шығару

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне бекітілген мемлекеттік мүлкіті иеліктен шығару Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы Қазақстан Республикасының заңнамалық актісінде айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

130-бап. Жекелеген негіздер бойынша мемлекеттік мүлкіті құрамына түскен мүлкіті иеліктен шығару

Осы Заңның 216-бабында көзделген жекелеген негіздер бойынша мемлекеттік мүлкіті құрамына түскен мемлекеттік мүлкіті иеліктен шығару осы Заңның 219-бабында белгіленген рәсімдер шеңберінде жүзеге асырылады.

131-бап. Діни бірлестіктердің меншігіне ғибадат ету (дұға оқу) ғимараттары мен ғибадат ету мақсатындағы өзге де мүлкіттерді өтеусіз беру

1. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары мемлекет меншігіндегі ғибадат ету ғимараттары мен ғибадат ету мақсатындағы өзге де мүлкіті діни бірлестіктердің меншігіне өтеусіз беруге құқылы. Діни бірлестіктердің оларға іргелес аумағымен қоса ғибадат ету (дұға оқу) ғимараттарының берілуіне басым құқығы бар.

2. Діни бірлестіктердің меншігіне ғибадат ету (дұға оқу) ғимараттары мен ғибадат ету мақсатындағы өзге де мүлкіті өтеусіз беру тәртібі Қазақстан Республикасының діни бірлестіктер туралы заңнамалық актісіне сәйкес айқындалады.

132-бап. Мемлекеттік заттай грантты жеке меншікке беру

Республикалық немесе коммуналдық мүлкітке жататын мемлекеттік заттай грантты жеке меншікке беру Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңнамалық актісінде көзделген тәртіппен және жағдайларда жүргізіледі.

133-бап. Мемлекеттік мүлікті шағын кәсіпкерлік субъектілерінің меншігіне өтеусіз беру

1. Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне сауда-делдалдық қызметті қоспағанда, өндірістік қызметті және қызмет көрсету салаларын ұйымдастыру үшін бір жылдан астам пайдаланылмаған мемлекеттік меншік объектілері сенімгерлікпен басқаруға немесе мүліктік жалдауға (жалға) берілуі мүмкін.

2. Шағын кәсіпкерлік субъектісінің мүліктік жалдау (жалға алу) немесе сенімгерлік басқару шарттары талаптарын орындауын бақылауды мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның тиісті аумақтық бөлімшелері немесе жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады.

3. Өндірістік қызметті және халыққа қызмет көрсету салаларын ұйымдастыру үшін мүліктік жалдауға (жалға) немесе сенімгерлік басқаруға берілген мемлекеттік меншік объектілерін шағын кәсіпкерлік субъектілерінің меншігіне өтеусіз беру мүліктік жалдау (жалға алу) немесе сенімгерлік басқару шарттары жасалған кезден бастап бір жыл өткеннен кейін, онда көзделген талаптар орындалған жағдайда жүзеге асырылады.

4. Пайдаланылмайтын мемлекеттік меншік объектілерін кейіннен өтеусіз беру құқығымен шағын кәсіпкерлік субъектілеріне мүліктік жалдауға (жалға) немесе сенімгерлік басқаруға беру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

134-бап. Мемлекетке тиесілі бола алмайтын мүлікті және жекелеген негіздер бойынша мемлекеттік мүлік құрамына түскен мүлікті иеліктен шығару

1. Егер осы Заңның 17-бабында және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде мемлекеттік мүлікке құқық алу үшін көзделген негіздер бойынша мемлекеттік мүліктің құрамына осы Заңның 7-бабы 4-тармағының, 179-бабы 2-тармағының немесе Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінің талаптарына орай мемлекетке тиесілі бола алмайтын мүлік түссе, сондай-ақ осы Заңның 216-бабында көрсетілген жекелеген негіздер бойынша мемлекеттік мүліктің құрамына түскен мүлік, бұл мүлік оған құқық алған кезден бастап бір жыл ішінде иеліктен шығарылуға тиіс, ал оны өткізуден түскен қаражат мемлекеттік бюджет есебіне жатқызылуға тиіс.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген мүлікті иеліктен шығару осы Заңның 219-бабының ережелері бойынша жүргізіледі.

5-бөлім. Мемлекеттік мүліктің жекелеген түрлерін басқару ерекшеліктері

10-тарау. Мемлекеттік заңды тұлғалардың мүлкіне құқықтарды мемлекеттің жүзеге асыруы

\$ 1. Мемлекеттік заңды тұлғалар туралы жалпы ережелер

135-бап. Мемлекеттік заңды тұлғалардың түрлері

1. Мемлекеттік мүліктің түріне қарай мемлекеттік заңды тұлғалар:

- 1) республикалық заңды тұлғалар (республикалық кәсіпорындар мен республикалық мекемелер) - мүлкі республикалық меншіктегі заңды тұлғалар;
- 2) коммуналдық заңды тұлғалар (коммуналдық кәсіпорындар мен коммуналдық мекемелер) - мүлкі коммуналдық меншіктегі заңды тұлғалар болып бөлінеді.

2. Мүліктің меншік иесі және мемлекеттік заңды тұлғалардың құрылтайшысы мемлекет (Қазақстан Республикасы және әкімшілік-аумақтық бірлік) болып табылады.

136-бап. Мемлекеттік заңды тұлғалардың мүлкіне қатысты мемлекеттік меншік құқығын жүзеге асыру

1. Республикалық заңды тұлғалардың мүлкіне қатысты республикалық меншік құқығы субъектісінің құқықтарын Қазақстан Республикасының атынан мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша республикалық меншік құқығы субъектісінің құқықтарын жүзеге асыратын өзге мемлекеттік орган атқарады.

2. Республикалық заңды тұлғаларды басқаруды тиісті саланың уәкілетті органдары жүзеге асырады.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі тиісті саланың уәкілетті органын айқындамаған республикалық заңды тұлғаларға қатысты, сондай-ақ тиісті саланың уәкілетті органында мемлекеттік заңды тұлғаларды басқаруды жүзеге асыратын құқықтар тоқтатылған кезде тиісті саланың уәкілетті органының функцияларын мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган атқарады.

4. Коммуналдық заңды тұлғаларға қатысты коммуналдық меншік құқықтарын субъектісінің құқықтарын облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы жүзеге асырады.

5. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің коммуналдық заңды тұлғаларын басқаруды жүзеге асыратын орган ретінде жергілікті атқарушы орган болады.

137-бап. Мемлекеттік заңды тұлғаларды тіркеу және қайта тіркеу

1. Мемлекеттік заңды тұлға мемлекеттік тіркелу кезінен бастап құрылған деп есептеледі және заңды тұлға құқықтарын алады.

Мемлекеттік заңды тұлғаларды тіркеу заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу үшін белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік заңды тұлға Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және қайта тіркеу туралы заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда қайта тіркелуге жатады.

138-бап. Мемлекеттік заңды тұлғаның жарғысы

1. Мемлекеттік кәсіпорынның құрылтай құжаты жарғы, мемлекеттік мекеменің - жарғы немесе ереже болып табылады.

Республикалық мемлекеттік мекеменің жарғысын (ережесін) тиісті саланың уәкілетті органы, ал коммуналдық мемлекеттік мекеменің - жергілікті атқарушы орган б е к і т е д і .

Республикалық мемлекеттік кәсіпорынның жарғысын мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша республикалық меншік құқығы субъектісінің құқықтарын жүзеге асыратын өзге мемлекеттік орган, ал коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның - жергілікті атқарушы орган бекітеді.

2. Мемлекеттік заңды тұлғаның жарғысы (ережесі):

- 1) мемлекеттік заңды тұлғаның түрі туралы нұсқаулықты;
- 2) атауын (фирмалық атауын);
- 3) құрылтайшы және тиісті саланың уәкілетті органы туралы мәліметтерді;
- 4) тұрған орнын;
- 5) қызметтің нысанасы мен мақсаттарын;
- 6) басшының өкілеттігін;
- 7) жұмыс режимін;
- 8) мүліктің түзілу тәртібін;
- 9) қайта ұйымдастыру және тарату талаптарын қамтуы тиіс.

Жарғыда (ережеде) заңды тұлға мен мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның (жергілікті атқарушы органның), заңды тұлға мен тиісті саланың уәкілетті органының (жергілікті атқарушы органның), заңды тұлғаның әкімшілігі мен оның еңбек ұжымының арасындағы өзара қарым-қатынастар да айқындалады. Жарғыда (ережеде) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да е р е ж е л е р қ а м т ы л у ы м ү м к і н .

3. Мемлекеттік орган болып табылатын мемлекеттік мекеменің құрылтай құжатына, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе оны құру жөніндегі жеке актіде өзгеше көзделмесе, осы баптың ережелері қолданылады.

4. Мемлекеттік мекеме тиісті саланың уәкілетті органының (жергілікті атқарушы органның) шешімі бойынша, ал мемлекеттік кәсіпорын - мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның (жергілікті атқарушы органның) шешімі бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен үлгі жарғының (жалпы ереженің) негізінде қызметті жүзеге асырады.

139-бап. Мемлекеттік кәсіпорынның фирмалық атауы, мемлекеттік мекеменің атауы

1. Мемлекеттік кәсіпорынның фирмалық атауында мемлекеттік мекеменің атауында мемлекеттік меншік түріне (республикалық немесе коммуналдық) тиесілігі және ведомстволық бағыныстылығы көрсетілуге тиіс.

Жедел басқару құқығындағы кәсіпорынның фирмалық атауында оның қазыналық

болып табылатындығы да көрсетілуге тиіс.

Мемлекеттік органдар болып табылатын мемлекеттік мекемелердің атауы Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе оларды құру жөніндегі жеке актіде а й қ ы н д а л а д ы .

2. Мемлекеттік заңды тұлғаның Қазақстан Республикасы Мемлекеттік елтаңбасының суреті мен заңды тұлғаның атауы бейнеленген мөрі болады.

140-бап. Мемлекеттік заңды тұлға қызметінің нысанасы мен мақсаттары

1. Мемлекеттік мекеме қызметінің нысанасы мен мақсаттарын тиісті саланың уәкілетті органы (жергілікті атқарушы орган) айқындайды және мемлекеттік мекеменің жарғысында (ережесінде) бекітіледі.

Республикалық мемлекеттік кәсіпорын қызметінің нысанасы мен мақсаттарын, сондай-ақ осындай қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорынның түрін (шаруашылық жүргізу құқығындағы немесе қазыналық) айқындау осы Заңның 148-бабының талаптарына сәйкес тиісті саланың уәкілетті органының ұсынуы бойынша мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган айқындайды, ал коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындікін - жергілікті атқарушы орган айқындайды.

2. Мемлекеттік заңды тұлғаларға (мемлекеттік органдардан басқа) мемлекеттік бақылау және қадағалау функцияларын беруге жол берілмейді.

3. Егер осы Заңның 149-бабының 3-тармағында және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, мемлекеттік заңды тұлға басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) б о л а а л м а й д ы .

4. Мемлекеттік заңды тұлғаларға жарғыда (ережеде) бекітілген өз қызметтерінің нысанасы мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасасуға тыйым салынады.

5. Мемлекеттік заңды тұлғаның жарғыда (ережеде) айқындалған қызметтің мақсаттарына қайшы жасаған мәмілесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен жарамсыз деп танылады. Мәмілені жарамсыз деп тану туралы талап-арызды мемлекеттік мекемелердің мәмілелеріне қатысты - тиісті саланың уәкілетті органы (жергілікті атқарушы орган), мемлекеттік кәсіпорындардың мәмілелеріне қатысты - мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган (жергілікті а т қ а р у ш ы о р г а н) б е р е д і .

Мемлекеттік заңды тұлға басшысының заңды тұлғаның жарғылық емес қызметті орындауына бағытталған әрекеттері еңбек міндеттерін бұзушылық болып табылады және белгіленген тәртіппен тәртіптік және материалдық жауаптылық шараларын қолдануға әкеп соғады.

141-бап. Мемлекеттік заңды тұлғаның мүлкі

1. Мемлекеттік заңды тұлғаның мүлкін заңды тұлғаның құны оның балансында көрсетілетін активтері құрайды.

2. Мемлекеттік заңды тұлғаның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (үлестер, пайлар) бойынша, оның ішінде мемлекеттік заңды тұлғаның қызметкерлері арасында бөлінбейді.

3. Мемлекеттік заңды тұлғаның мүлкі:

- 1) оған меншік иесі берген мүлік;
- 2) жеке қызметі нәтижесінде алынған мүлік (ақшалай табыстарды қоса алғанда);
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптасады.

142-бап. Шаруашылық жүргізу құқығы мен жедел басқару құқығын алу және тоқтату

1. Шаруашылық жүргізу құқығы мен жедел басқару құқығын алу және тоқтату, егер осы бапта өзгеше көзделмесе немесе осы заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу және тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Құрылып қойған мемлекеттік заңды тұлғаға бекітіп беру туралы меншік иесі шешім қабылдаған мүлікке қатысты шаруашылық жүргізу құқығы немесе жедел басқару құқығы, егер заңнамада немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше көзделмесе, осы мемлекеттік заңды тұлғада мүлікті оның балансында бекітіп берілген кезден пайда болады.

3. Шаруашылық жүргізудегі (жедел басқарудағы) мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ мемлекеттік заңды тұлға шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік заңнамада меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен мемлекеттік заңды тұлғаның шаруашылық жүргізуіне (жедел басқаруына) түседі.

4. Мүлікке шаруашылық жүргізу (жедел басқару) құқығы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында меншік құқығын тоқтату үшін көзделген негіздер бойынша және тәртіппен, сондай-ақ осы Заңның 155, 161, 169-баптарында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

143-бап. Мемлекет меншік немесе ведомстволық бағыныстылық түрінің ауысуы кезінде мемлекеттік заңды тұлғаның мүлікке құқықты сақтауы

Мемлекеттік заңды тұлғаның мүлкін республикалық меншіктен коммуналдық меншікке немесе керісінше, не тиісті саланың бір жергілікті уәкілетті органының (жергілікті атқару органның) бағынысынан басқасының бағынысына берген кезде мұндай мемлекеттік заңды тұлға өзіне тиесілі мүлікке құқықты сақтап қалады.

144-бап. Мемлекеттік заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру және тарату

1. Республикалық заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының Үкіметінің шешімімен, ал коммуналдық заңды тұлғаларды - жергілікті атқарушы органның шешімімен жүзеге асырылады.

Мемлекеттік заңды тұлға Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген басқа негіздер бойынша да таратылады.

Республикалық заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру мен таратуды, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше белгіленбесе, тиісті саланың уәкілетті органы мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша жүзеге асырады.

Коммуналдық заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру мен таратуды жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады.

2. Таратылған мемлекеттік заңды тұлғаның кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлкін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган (жергілікті атқарушы орган) қайта бөледі.

Таратылған мемлекеттік заңды тұлғаның осы заңды тұлғаның мүлкін өткізу нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған ақшасы тиісті бюджет кірісінің есебіне жатқызылады.

145-бап. Мемлекеттік органдардың заңсыз әрекеттеріне мемлекеттік заңды тұлғаның шағым жасауы

Мемлекеттік заңды тұлға белгіленген тәртіппен мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның және тиісті саланың уәкілетті органының, жергілікті атқарушы органның мүлікті қайта бөлуге байланысты әрекеттеріне, сондай-ақ мемлекеттік заңды тұлғаның құқықтарын бұзатын басқа да әрекеттерді қоса алғанда, мемлекеттік органдардың заңсыз әрекеттеріне сотқа шағым жасауға құқылы.

§ 2. Мемлекеттік кәсіпорын туралы жалпы ережелер

146-бап. Мемлекеттік кәсіпорындардың түрлері

Мемлекеттік кәсіпорындарға:

- 1) шаруашылық жүргізу құқығына;
- 2) жедел басқару құқығына (қазыналық кәсіпорындар) негізделген кәсіпорындар жатады.

147-бап. Мемлекеттік кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату

1. Республикалық кәсіпорынды Қазақстан Республикасының Үкіметі құрады, коммуналдық кәсіпорынды жергілікті атқарушы орган құрады.

2. Мемлекеттік кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату осы бапта белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, осы Заңның 144-бабында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық кәсіпорынды қазыналық

кәсіпорын етіп қайта ұйымдастыру мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісілген, тиісті саланың уәкілетті органының ұсынуымен Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша, коммуналдық кәсіпорынды қайта ұйымдастыру - жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша жүргізіледі.

4. Шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорынды қазыналық кәсіпорынға қайта ұйымдастыру бойынша барлық шығыстар, сондай-ақ кәсіпорынның өзінде жеткілікті қаражаты болмаған жағдайда қайта ұйымдастырылатын кәсіпорынның оның кредиторларымен есеп айырысулары тиісті бюджет есебінен жүзеге асырылады.

5. Шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорынның негізінде құрылатын қазыналық кәсіпорын оған бұрын бөлінген мемлекеттік мүлік және ақша бойынша, сондай-ақ жер пайдалану, табиғат пайдалану, жер қойнауын пайдалану, квоталар, лицензиялар беру және бұрын жасалған шарттар бөлігінде, егер соңғылары жаңадан құрылған қазыналық кәсіпорын қызметінің нысанасы мен мақсаттарына сәйкес келетін болса, қайта ұйымдастырылатын кәсіпорынның құқықтық мирасқоры болып табылады.

6. Шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорынды қазыналық кәсіпорынға қайта ұйымдастыру кезінде оған бекітілген мүліктің құқықтық режимі шаруашылық жүргізу құқығынан кәсіпорынды қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылданған кезден бастап жедел басқару құқығына ауысады.

148-бап. Мемлекеттік кәсіпорындар қызметінің арналған мақсаты

1. Мемлекет қоғам мен мемлекеттің қажетілігімен айқындалатын әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешу мақсатында мемлекеттік кәсіпорындарды:

1) ұлттық қауіпсіздікті, мемлекеттің қорғаныс қабілетін және қоғам мүдделерін қорғауды қамтамасыз етудің өзге де мүмкіндіктерінің болмауы;

2) мемлекетке тиесілі стратегиялық объектілерді пайдалану;

3) бәсекелестік жоқ немесе бәсекелестік жеткілікті дамымаған қоғамдық өндіріс салаларындағы тауарлардың өндірісіне қоғамдық қажеттіліктің болуы жағдайларында құрады.

2. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асыру үшін құрылуы мүмкін (ал бұрын құрылғандар - әрекет етеді):

1) қару-жарақты және оған оқ-дәрілерді, қорғау құралдарын, әскери техниканы, қосалқы бөлшектерді, жиынтықтаушы элементтер мен оған аспаптар әзірлеу, өндіру, жөндеу және өткізу; босаған әскери-техникалық құралдарды жою (құрту, кәдеге жарату, көму) және қайта өңдеу;

2) өзінің табиғи монополиялық жағдайы мен әлеуметтік-экономикалық маңыздылығына орай тікелей мемлекеттік басқаруды қажет ететін энергиямен, сумен және жылумен жабдықтау, магистральдық көлік, байланыс, коммуникациялар,

ақпараттық қауіпсіздік, коммуналдық және тұрғын үй шаруашылығы және республикалық және жергілікті инфрақұрылымдардың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін басқа да жүйелері саласында шаруашылық қызметті жүзеге асыру;

3) Ұлттық Банктің, Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының және Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызмет органдарының өздеріне жүктелген функцияларын жүзеге асыруына қажетті Ұлттық Банктің, Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының және Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызмет органдарының өздеріне жүктелген функцияларын жүзеге асыруына септігін тигізу;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында қаржыландырудың арнайы тәртібі белгіленген мемлекеттік автомобиль жолдары мен инфрақұрылымның басқа да объектілері желілерін күтіп-ұстау және дамыту;

5) денсаулық сақтау, табиғат қорғау, білім беру, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау, жұмыспен қамту, әлеуметтік қорғау, ғылым, мәдениет, туризм және спорт салаларында өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру;

6) өсімдіктерді қорғау және өсімдіктер карантині саласында өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру;

7) мемлекеттік құқықтық және жер кадастрларын, жер қойнауы туралы деректердің мемлекеттік банкін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімін жүргізуді қамтамасыз ететін қызметті жүзеге асыру;

8) су қоймаларын, гидротехникалық құрылыстарды және басқа су шаруашылығы объектілерін пайдалану, су тұтынушыларды және су пайдаланушыларды сумен қамтамасыз ету;

9) теңіз кемелеріне, жолаушыларға және жүктерге қызмет көрсетумен байланысты теңіз портының қызметін жүзеге асыру;

10) Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдаланушыларға аэронавигациялық қызметтер ұсыну;

11) шығынды кеніштерді және қалдық қоймаларын, сондай-ақ көмір кәсіпорындарын жою мен консервациялау, карантиндік объектілер ошақтарын анықтау, оқшаулау және жою;

12) қылмыстық-атқару жүйесі саласында өндірістік қызметті жүзеге асыру;

13) мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және сақтау саласында шаруашылық қызметті жүзеге асыру;

14) техникалық реттеу және метрология саласында өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру;

15) ұлттық гидрометеорологиялық қызметтің функцияларын жүзеге асыру.

3. Қазыналық кәсіпорындар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте мынадай қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін құрылуы мүмкін (ал бұрын құрылғандар - әрекет етеді):

1) денсаулық сақтау, табиғат қорғау, білім беру, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті

қорғау, жұмыспен қамту, әлеуметтік қорғау, ғылым, мәдениет, туризм және спорт салаларында өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру;

2) балық және орман шаруашылығы, сондай-ақ жануарлар дүниесін қорғау және молықтыру саласында өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру;

3) жануарлардың аса қауіпті жұқпалы ауруларының ошақтарын жою, мемлекеттік шекарада ветеринариялық бақылау бекеттеріндегі көлік құралдарын дезинфекциялау, ветеринариялық құралдардың республикалық қорын сақтау;

4) жануарлардың аса қауіпті ауруларының диагностикасы, ветеринариялық препараттар мен жемшөп қоспаларын тіркеу сынағынан, байқаудан өткізу, сондай-ақ ветеринариялық препараттарға шағым түскен кезде олардың серияларына (топтарына) б а қ ы л а у ж а с а у ;

5) төтенше және апаттық жағдайлар кезінде тауда құтқару және өзге де арнайы жұмыстарды орындау, өрттен, су тасқынынан және басқа да дүлей зілзалалардан қ о р ғ а у ;

6) топографиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстар жүргізу;

7) ауыр тұрмыс жағдайындағы тұлғалар (отбасылар) үшін әлеуметтік қызметтер к ө р с е т у ;

8) мемлекеттік монополияға жататын салалардағы немесе бақылау және қадағалау функцияларын қоспағанда, мемлекет функциясы болып табылатын қызметті жүзеге а с ы р у .

4. Мемлекеттік кәсіпорынды құру, оның ішінде, мемлекеттік монополияға жатқызылған салалардағы қызметті жүзеге асыру үшін құру тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен реттеледі.

149-бап. Мемлекеттік кәсіпорынның мүлкіне билік ету

1. Мемлекеттік кәсіпорын өзі өндірген өнімді дербес өткізеді.

2. Мемлекеттік кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға беру шарттары негізінде иеліктен шығаруға құқығы жоқ.

3. Мемлекеттік кәсіпорын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен басқа заңды тұлға құра алады, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алады.

150-бап. Мүліктік кешен ретіндегі мемлекеттік кәсіпорын

1. Мүліктік меншік ретінде кәсіпорынның құрамына ғимараттарды, құрылыстарды, жабдықты, құрал-сайманды, шикізатты, өнімді, жер учаскесіне құқықты, талап ету құқықтарын, борыштарды, сондай-ақ оның қызметін дараландыратын белгілерге құқықтарды (фирмалық атауы, тауар белгілері) және басқа да айрықша құқықтарды қоса алғанда, оның қызметіне арналған мүліктің барлық түрлері кіреді.

2. Кәсіпорын онда бірыңғай мүліктік кешен ретінде болатын республикалық мемлекеттік кәсіпорынға қатысты мәмілелер жасау (кепілге беру, жалға алу және басқалары) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша, ал коммуналдық

кәсіпорынға қатысты - жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша жүзеге асырылады.

151-бап. Заңсыз алынған кірістерді кәсіпорыннан алып қою

Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, оның жарғысында көзделмеген қызметті жасаудан алған кірістері, сондай-ақ мемлекеттік бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, өткізілетін тауарларға (жұмыстарға, қызметтер көрсетуге) бағаны көтеру нәтижесінде алынған кіріс Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен тиісінше республикалық немесе жергілікті бюджетке алып қойылуға жатады. Бухгалтерлік есеп ережелері бойынша оны тиісті көрсетусіз мүлікті пайдалану фактісі анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

152-бап. кәсіпорын қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу

1. Республикалық мемлекеттік кәсіпорынның еңбекке ақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын тиісті саланың уәкілетті органы, ал коммуналдық кәсіпорынның - жергілікті атқарушы орган белгілейді.

2. Еңбекке ақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық жалақылардың мөлшерін, сыйлық беру және өзге сыйақы жүйесін белгіленген еңбекке ақы төлеу қорының шегінде кәсіпорын дербес айқындайды.

3. Республикалық кәсіпорын басшысының, оның орынбасарының, бас (аға) бухгалтерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерін, оларға сыйлық беру және өзге де сыйақы жүйесін тиісті саланың уәкілетті органы, ал коммуналдық кәсіпорынның - жергілікті атқарушы орган белгілейді.

§ 3. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын

153-бап. Шаруашылық жүргізу құқығының объектісі

1. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, кез келген мүлік шаруашылық жүргізу құқығының объектісі бола алады.

2. Кәсіпорынның қарамағында, не өзінің жарғылық мақсаттарында көзделген қызметті қамтамасыз ету үшін қажетті, не осы қызметтің өнімі болған мүлік қана бола алады.

154-бап. Кәсіпорынның жарғылық және резервтік капиталдары

1. Кәсіпорынның жарғылық капиталының мөлшерін оның құрылтайшысы айқындайды, бірақ оның мөлшері кәсіпорынға берілетін мүліктің жалпы құнынан аспауға және кәсіпорынды мемлекеттік тіркеу күніне белгіленген 10 000 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен кем болмауға тиіс.

Жарғылық капиталдың мөлшері кәсіпорынның жарғысында көрсетіледі.

Жарғылық капиталды меншік иесі (құрылтайшы) кәсіпорынды мемлекеттік тіркеу кезіне толық қалыптастыруға тиіс.

2. Кәсіпорын билігінде қалатын таза кірістің 5 пайызын резервтік капитал

белгілеген шамаға жеткенге дейін осы мақсатқа жібере отырып, жарғысында айқындалған және жарғылық капиталының кемінде 10 пайызын құрайтын мөлшерде резервтік капиталды қалыптастыруға міндетті.

Резервтік капиталдың қаражаты кәсіпорынның өзге қаражаты жеткіліксіз болған жағдайда тек қана шығынды жабуға, бюджет алдындағы міндеттемелерді орындауға, бюджеттік кредиттерді өтеуге және олар бойынша сыйақы (мүдде) төлеуге п а й д а л а н а д ы .

3. Егер Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлері туралы заңнамалық актілерінде жарғылық және резервтік капиталдарды қалыптастырудың өзге тәртіптері мен олардың өзге мөлшері белгіленген болса, онда кәсіпорындар оларды осы актілерде көзделген бірақ осы баптың 1-тармағында көрсетілгеннен кем емес мөлшерде қалыптастырады.

155-бап. Шаруашылық жүргізу құқығын тоқтату ерекшеліктері

1. Осы Заңның 142-бабының 4-тармағында көзделген шаруашылық жүргізу құқығын тоқтатудың жалпы негіздерінен басқа шаруашылық жүргізу құқығы меншік иесінің шешімі бойынша кәсіпорыннан мүлікті заңды алып қойған жағдайларда т о қ т а т ы л а д ы .

Заңды алып қою жағдайларына, атап айтқанда:

- 1) кәсіпорынның жарғылық қызметінің мақсатына сай келмейтін мүлікті алып қою (о с ы З а ң н ы ң 1 5 3 - б а б ы н ы ң 2 - т а р м а ғы) ;
- 2) артық, пайдаланылмайтын не өз мақсатында пайдаланылмайтын мүлікті алып қ о ю ж а т а д ы .

2. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мүлікті алып қою туралы шешімде мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган (жергілікті атқарушы орган) кәсіпорынға мүлікті өзге тұлғаға бергенге дейін ұстаудың және оның сақталуын қамтамасыз етудің мерзімдерін белгілейді.

156-бап. Кәсіпорынның мүліктік құқықтарын жүзеге асыру шарттары

1. Шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорын өзіне шаруашылық жүргізу құқығында бекітіліп берілген, негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке д е р б е с б и л і к е т е д і .

2. Шаруашылық жүргізу құқығында қызметін жүзеге асыратын кәсіпорын тиісті саланың уәкілетті органының ұсынуы бойынша мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның (жергілікті атқарушы органның) жазбаша келісімімен:

- 1) кәсіпорынның филиалдарын, өкілдіктерін құруға;
- 2) өзіне тиесілі акцияларға, сондай-ақ дебиторлық берешекке билік етуге;
- 3) үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілгерлік немесе кепілдік беруге ;

4) қарыздар беруге құқылы.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарында көрсетілген мүлікпен мәміле жасаудан алынған ақшаны, егер Қазақстан Республикасының бюджет қызметін реттейтін заңнамалық актісінде немесе меншік иесімен (мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен, жергілікті атқарушы органмен) өзгеше көзделмесе, кәсіпорын дербес пайдаланады.

157-бап. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

1. Кәсіпорын өз қызметінен алған өзінің кірісі есебінен ұсталады.

2. Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативін жергілікті атқарушы орган белгілейді.

Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігі белгіленген нормативтер бойынша Қазақстан Республикасының бюджет қызметін реттейтін заңнамалық актісінде белгіленген тәртіпте тиісті бюджеттің есебіне жатқызылуға тиіс.

158-бап. Кәсіпорын өндіретін тауарлардың бағалары

1. Шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорын өндіретін тауарлардың (жұмыстардың, қызметтер көрсетудің) бағалары кәсіпорынның оларды өндіруге кеткен шығындарын толық өтеуді, оның қызметін залалсыз етуді және өз кірістері есебінен қаржыландыруды қамтамасыз етуге тиіс.

2. Бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстардың (қызметтер көрсетудің) көлемі шеңберінде өндірілетін тауарлардың (жұмыстардың, қызметтер көрсетудің) бағаларын тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша кәсіпорын белгілейді.

3. Табиғи монополия субъектілеріне немесе нарықта үстем жағдайға ие нарық субъектілеріне жататын кәсіпорын өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, қызметтер көрсетудің) бағалары Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар немесе бәсекелестік туралы заңнамалық актілерінің талаптары ескеріле отырып белгіленеді.

159-бап. Кәсіпорынның жауаптылығы

Шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорын өзінің міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді.

Кәсіпорын мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауапты болмайды.

Құрылтайшының (мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның) немесе тиісті саланың уәкілетті органының іс-әрекетінен, ал коммуналдық кәсіпорындарға қатысты - жергілікті атқарушы органның, жергілікті атқарушы органының іс-әрекетінен банкрот болу жағдайларын қоспағанда, мемлекет кәсіпорынның міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Бұл жағдайларда мемлекет кредиторлардың талаптарын қанағаттандыруға кәсіпорынның қаражаты жеткіліксіз болған кезде соңғысының міндеттемелері бойынша жауап береді. Бұл жағдайларда мемлекет несие берушілердің талаптарын

қанағаттандыру үшін соңғысының қаражаты жеткіліксіз болған кезде кәсіпорынның міндеттемелері бойынша жауапты болады.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде кәсіпорынның міндеттемелері бойынша мемлекет жауаптылығының өзге де жағдайлары белгіленуі мүмкін.

§ 4. Қазыналық кәсіпорын

160-бап. Қазыналық кәсіпорынның мүлкіне билік ету

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі құрған республикалық қазыналық кәсіпорындар негізгі құралдарға жатпайтын, өзіне бекітіліп берілген мүлікті иеліктен шығарады немесе оған өзгеше тәсілмен билік етеді, сондай-ақ дебиторлық берешекті мемлекеттік мүлік жөніндегі тиісті уәкілетті органның жазбаша келісімі бойынша, ал коммуналдық қазыналық кәсіпорындар - жергілікті атқарушы органның келісімімен ғана береді және есептен шығарады.

2. Қазыналық кәсіпорындар өздері өндірген өнімді дербес өткізеді.

161-бап. Мемлекеттік заңды тұлғаның жедел басқаруына берілген мүлікті мемлекеттің алып қою және қайта бөлу құқығы

1. Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган (жергілікті атқарушы орган), егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше белгіленбесе, қазыналық кәсіпорынға бекітіліп берілген мүлікті тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша мүлікті алып қоюға не оны өзі құрған басқа заңды тұлғалар арасында қайта бөлуге құқылы.

2. Жедел басқару құқығындағы мүлікті алып қою туралы шешімде мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган (жергілікті атқарушы орган) қазыналық кәсіпорынға алып қойылған мүліктің оны өзге тұлғаға бергенге дейін ұсталуын және сақталуын қамтамасыз ету мерзімдерін белгілеуге құқылы.

162-бап. Қазыналық кәсіпорынның шаруашылық қызметі

1. Қазыналық кәсіпорынның шаруашылық қызметі оның жарғыда көрсетілген мақсаттарымен және міндеттерімен айқындалады.

2. Өзге шаруашылық қызметті жүзеге асыруға жол берілмейді.

163-бап. Қазыналық кәсіпорын өндіретін тауарлардың бағалары

1. Республикалық қазыналық кәсіпорын өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, қызметтер көрсетудің) бағаларын тиісті саланың уәкілетті органы белгілейді.

2. Коммуналдық қазыналық кәсіпорын өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, қызметтер көрсетудің) бағаларын жергілікті атқарушы орган белгілейді.

3. Табиғи монополия субъектілеріне немесе нарықта үстем жағдайға ие нарық субъектілеріне жататын қазыналық кәсіпорындар өндіретін және өткізетін тауарлардың

(жұмыстардың, қызметтер көрсетудің) бағалары Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар немесе бәсекелестік және монополиялық қызметті шектеу туралы заңнамалық актілерінің талаптары ескеріле отырып белгіленеді.

164-бап. Қазыналық кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

1. Қазыналық кәсіпорынның қызметі қаржы-шаруашылық қызмет жоспарының (бизнес-жоспардың) негізінде өз кірісі есебінен қаржыландырылады.

2. Қазыналық кәсіпорынның кірістерін бөлу тәртібін тиісті саланың уәкілетті органы (жергілікті атқарушы орган) айқындайды.

3. Қазыналық кәсіпорынның басшысы қаржы-шаруашылық қызмет жоспарының (бизнес-жоспардың) орындалмауына дербес жауапты болады.

165-бап. Қазыналық кәсіпорынның жауаптылығы

1. Қазыналық кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзінің билік етуіндегі ақшамен ж а у а п б е р е д і .

Қазыналық кәсіпорынның қалған мүлкін өндіріп алуға, осы заңды тұлғаны тарату жағдайларын қоспағанда, жол берілмейді.

2. Қазыналық кәсіпорын мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

3. Қазыналық кәсіпорынның ақшасы жеткіліксіз болған кезде, оның міндеттемелері бойынша тиісті бюджет қаражатымен Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бірлік субсидиялық жауапты болады.

\$ 5. Мемлекеттік мекеме

166-бап. Мемлекеттік мекемені құру

1. Республикалық мекемені Қазақстан Республикасының Президенті немесе Қазақстан Республикасының Үкіметі, ал коммуналдық мекемені - облыстың (республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы құрады.

2. Мемлекеттің азаматтармен және мемлекеттік емес заңды тұлғалармен бірлесіп мекеме құруына жол берілмейді.

3. Мемлекеттік орган болып табылатын мемлекеттік мекемені құру ерекшеліктері мен мемлекеттік органдардың мүліктік айналымға қатысуын құқықтық реттеу ерекшеліктері осы Заңның 170 және 171-баптарында белгіленеді.

167-бап. Мемлекеттік мекеме қызметін қаржыландыру

1. Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қосымша немесе өзге де қаржыландыру кезі көзделмесе, мемлекеттік мекеменің қызметін тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган бюджеттен қаржыландырады.

2. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен басқарушылық, әлеуметтік-мәдени немесе коммерциялық емес сипаттағы функцияларды жүзеге асырудан басқа, мемлекеттік мекемелерге кіріс әкелетін қызметті (ақылы қызметтер көрсету) жүзеге асыру құқығы берілуі мүмкін.

168-бап. Мемлекеттік мекемелердің мүліктік құқықтарды іске асыруы

1. Мемлекеттік мекеменің өзіне бекітіліп берілген мүлікті және бюджет қаражаты есебінен сатып алынған және негізгі құралдарға жататын мүлікті сату-сатып алу, айырбастау, сыйға тарту шарттары немесе өзге де мәміле негізінде иеліктен шығаруға қ ұ қ ы ғ ы ж о қ .

Мемлекеттік мекеменің өзіне бекітіліп берілген мүлікті және бюджет қаражаты есебінен сатып алынған мүлікті мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның немесе жергілікті атқарушы органның келісімінсіз иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше түрде билік етуге құқығы жоқ.

2. Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес мемлекеттік орган болып табылмайтын мемлекеттік мекемеге кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кіріске және осы кірістер есебінен сатып алынған мүлікке билік ету Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен мемлекеттік мекеме қызметінің мақсаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

169-бап. Мемлекеттік мекеменің жедел басқаруына берілген мүлікті мемлекеттің алып қою және қайта бөлу

құқығы

Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган (жергілікті атқарушы орган) мемлекеттік мекемеге бекітіліп берілген мүлікті, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше белгіленбесе, тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша алып қоюға немесе оны басқа мемлекеттік заңды тұлғалар арасында қайта бөлуге құқылы.

170-бап. Мемлекеттік органдардың мүліктік қатынастарға қатысуы

1. Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының конституциялық заңдарына, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарына немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларына орай мемлекеттік органдар болып табылатындар, егер Қазақстан Республикасының көрсетілген заңнамасында және оларды құру жөніндегі жеке актілерде олар заңды тұлғалар ретінде айқындалса, мемлекеттік мекемелер болып танылады.

2. Заңды тұлға ретінде айқындалған мемлекеттік органдар, егер олар азаматтық-құқықтық қатынастарға мемлекет атынан емес, өз атынан араласса (жалға алу-беру, кеңсе қажеттіліктерін, жабдықтар сату-сатып алу шарттарын жасаса, зиян келтіргені үшін міндеттемелер бойынша жауапты болса, басқа да азаматтық-құқықтық әрекеттер жасаса) мемлекеттік мекемелер ретінде қарастырылады.

**171-бап. Мемлекеттік органдар болып табылатын
мемлекеттік мекемелерді құрудың және олардың
қызметінің ерекшеліктері**

1. Осы Заңның 170-бабының 1-тармағында көрсетілген мемлекеттік орган болып табылатын мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының заңнамасы және мемлекеттік органды құру жөніндегі жеке құқықтық актілер негізінде құрылады және осы мекеме туралы ереже негізінде әрекет етеді.

2. Мемлекеттік орган болып табылатын мемлекеттік мекеменің өзінің атынан басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (акционері, қатысушысы, салымшысы, мүшесі) ретінде болуға құқығы жоқ. Мемлекеттік заңды тұлғаларды, акционерлік қоғамдарды және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді құру кезінде мемлекеттік органдар құрылтайшы (акционерлер, қатысушылар) ретінде тек мемлекеттің (Қазақстан Республикасының немесе әкімшілік-аумақтық бірліктің) атынан ғана болуға құқылы.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін қоспағанда, мемлекеттік органдар болып табылатын мемлекеттік мекемелер кіріс әкелетін қызметпен айналысуға құқығы жоқ. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы Қазақстан Республикасының заңнамалық актісінде көзделген жағдайларда және тәртіппен кіріс әкелетін қызметпен айналысуға құқылы.

4. Құзырет, құрылым, ведомстволық бағыныстылық және мемлекеттік орган функцияларын жүзеге асыруға байланысты басқа да мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы мемлекеттік органдарды құру жөніндегі жеке актілерде айқындалады.

5. Осы Заңның күші, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік органдар болып табылатын мемлекеттік мекемелерге қолданылады.

172-бап. Мемлекеттік мекеменің жауаптылығы

1. Мемлекеттік мекеме өз міндеттемелері бойынша өзінің билік етуіндегі ақшамен жауапты.

Мемлекеттік мекеменің қалған мүлкін өндіріп алуға жол берілмейді.

2. Мемлекеттік мекемеде ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша тиісті бюджет қаражатымен Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бірлігі субсидиялық жауапты болады.

11-тарау. Акционерлік қоғамдардың мемлекетке тиесілі акцияларына және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы мемлекетке тиесілі үлестерге құқықтарды жүзеге асыру

**173-бап. Акционерлік қоғамдардың мемлекетке тиесілі
акцияларына және жауапкершілігі шектеулі**

**серіктестіктердің жарғылық капиталындағы
мемлекетке тиесілі үлестерге құқықтарды оның
жүзеге асыруын құқықтық реттеу**

1. Мемлекет қатысатын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер құруды, мемлекет қатысатын қоғамдар мен серіктестіктер акционерлерінің (қатысушыларының) құқықтарын, оларды басқару органдарын құру мен олардың өкілеттілігін құқықтық реттеу осы тарауда белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер туралы заңнамалық актілерінде жүзеге асырылады.

2. Ұлттық басқарушы холдингінің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың және акцияларының (қатысу үлестерінің) елу немесе одан да көп пайызы ұлттық басқарушы холдингке, ұлттық холдингке, ұлттық компанияларға тиесілі ұйымдардың тауарларды, жұмыстарды және қызметтер көрсетуді сатып алуы Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тауарларды, жұмыстарды және қызметтер көрсетуді сатып алудың үлгі ережесі негізінде жүзеге асырылады.

**174-бап. Акционерлік қоғамдардың акцияларына және
жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің
жарғылық капиталындағы үлестерге мемлекет
құқықтарының туындау негіздері**

Мемлекет акционерлік қоғамдардың акцияларына және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы үлеске құқықтарды:

1) мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелерді акционерлік қоғамдар және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер етіп қайта құру;

2) мемлекеттің акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер құруы ;

3) мемлекеттің акционерлік қоғамдардың акцияларын және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы үлесті сатып алуы;

4) осы Заңның 17-бабында көзделген негіздер бойынша жарғылық капиталындағы үлесі мемлекеттік мүліктің құрамына түскен, өзге ұйымдық-құқықтық нысандағы мемлекеттік емес коммерциялық ұйымдарды акционерлік қоғамдар және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер етіп қайта құру;

5) Қазақстан Республикасының жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері туралы заңнамасына сәйкес жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердегі үлесті мәжбүрлеп сатып алу ;

6) стратегиялық объектілерді сатып алуға басымды құқықты іске асыру;

7) осы Заңның 17-бабында көзделген өзге де негіздер бойынша сатып алу жолымен алады.

**175-бап. Мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік
мекемелерді акционерлік қоғамдар және
жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер етіп
қайта құру**

Мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелерді акционерлік қоғамдар және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер етіп қайта құру Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес жүргізіледі.

**176-бап. Акционерлік қоғамдардың акциялары мен
жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің
жарғылық капиталындағы үлесті мемлекеттің сатып
алуы**

1. Республикалық және коммуналдық мүлік құрамына акционерлік қоғамдардың акциялары мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің үлесін сатып алу туралы шешімді, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, тиісінше Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе жергілікті атқарушы орган қ а б ы л д а й д ы .

2. Акционерлік қоғамдардың акциялары мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы үлестерді бюджет қаражаты есебінен сатып алу Қазақстан Республикасының бюджет қызметін реттейтін заңнамалық актісінде көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Акцияларды немесе жауапкершілігі шектеуді серіктестіктің жарғылық капиталын ақшадан басқа, мүлікпен төлеу туралы шешім қабылданған жағдайда мемлекеттік мүлікті беру осы Заңның 127-бабының ережелері бойынша жүргізіледі.

4. Республикалық бюджет қаражаты есебінен акционерлік қоғамдардың акцияларын сатып алу кезінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысатын акционерлік қоғамды құрған кезде акционерлік қоғамның бағалы қағаздарын ұстаушылар тізілімінде республикалық мүліктің құрамына кіретін акциялар акционерлік қоғамның бұйрығы негізінде мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның жеке шотына есепке ж а т қ ы з ы л у ғ а т и і с .

Жергілікті бюджет қаражаты есебінен акционерлік қоғамдардың акцияларын сатып алу кезінде, сондай-ақ әкімшілік-аумақтық бірлік қатысатын акционерлік қоғамды құрған кезде акционерлік қоғамның бағалы қағаздарын ұстаушылар тізілімінде коммуналдық мүліктің құрамына кіретін акциялар акционерлік қоғамның бұйрығы негізінде жергілікті атқарушы органның жеке шотына есепке жатқызылуға тиіс.

**177-бап. Мемлекеттің акционерлік қоғамдар мен
жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер құруы**

1. Мемлекет акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер құрған кезде олардың құрылтайшысы Қазақстан Республикасы немесе

әкімшілік-аумақтық бірлік болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының атынан акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Үкіметі болады.

3. Әкімшілік-аумақтық бірліктің атынан акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің құрылтайшысы жергілікті атқарушы орган болады.

4. Қазақстан Республикасының өзге мемлекеттік органдары мен мемлекеттік заңды тұлғалар акционерлік қоғамдардың құрылтайшысы және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің қатысушысы ретінде бола алмайды.

5. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асыратын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің қызметіне мемлекеттің қатысуына тыйымдар мен шектеулер белгіленуі мүмкін.

6. Мемлекет қатысатын құрылып жатқан акционерлік қоғам немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталын төлеу Қазақстан Республикасының бюджет қызметін реттейтін заңнамалық актісіне сәйкес бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

7. Акционерлік қоғамның акцияларын немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталын ақшадан басқа, мүлікпен төлеу туралы шешім қабылданған жағдайда, мемлекеттік мүлікті беру осы Заңның 127-бабының ережелері бойынша жүргізіледі.

8. Ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

178-бап. Мемлекет қатысатын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің түрлері

1. Акциялардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы үлестердің) кімге тиесілі екендігіне қарай мемлекет қатысатын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер:

1) Қазақстан Республикасы қатысатын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер;

2) әкімшілік-аумақтық бірлік қатысатын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер болып бөлінеді.

2. Мемлекетке тиесілі акцияларының санына (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы мемлекетке тиесілі үлестің мөлшеріне) қарай акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер:

1) мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер - акционерлік қоғамның акцияларының бақылау пакеті немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталындағы бақылау үлесі жарғылық капиталында мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі

шектеулі серіктестіктер болып бөлінеді. Акциялардың бақылауы пакеті немесе жарғылық капиталдағы бақылау үлесі дегеніміз тиісінше акционерлік қоғамның дауыс беретін акциялардың елу пайызынан астамы немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталындағы үлестің елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі екендігін білдіреді;

2) мемлекет үстемді емес үлеспен қатысатын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер - осы баптың 1) тармақшасында көрсетілген белгілері жоқ акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер болып бөлінеді.

**179-бап. Мемлекет немесе ұлттық холдингтер бақылайтын
акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі
шектеулі серіктестіктердің өзге заңды
тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысу
ерекшеліктері**

1. Ұлттық холдинг, ұлттық компания немесе мемлекет немесе ұлттық холдинг бақылайтын өзге де акционерлік қоғамдар немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестік акционерлік қоғам мен жауапкершілігі шектеулі серіктестік нысанында құрылған коммерциялық ұйымдардың, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен коммерциялық емес ұйымдардың, сондай-ақ шет мемлекеттердің аумағында құрылған ұйымдардың құрылтайшысы (акционері және қатысушылары) болады.

Ұлттық холдингтің, ұлттық компанияның немесе мемлекет немесе ұлттық холдинг бақылайтын өзге де акционерлік қоғамның немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің өзге ұйымдық-құқықтық нысанда коммерциялық ұйымдар болып табылатын Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының құрылтайшысы (қатысушысы, мүшесі) ретінде болуына жол берілмейді.

2. Ұлттық холдинг, ұлттық компания немесе мемлекет немесе ұлттық холдинг бақылайтын өзге де акционерлік қоғам немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестік акционерлік қоғамнан немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестіктен өзге мемлекеттік емес коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталындағы үлеске құқықтар сатып алса, көрсетілген үлес, егер бұл коммерциялық ұйым акционерлік қоғам немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестік болып қайта құрылмаса, оған құқық алған кезден бастап бір жыл ішінде иеліктен шығарылуға жатады.

**180-бап. Заңды тұлғалардың жарғылық капиталындағы
мемлекетке тиесілі бола алмайтын үлестерге
(пайларға) құқықтарды мемлекеттің сатып алу**

салдарлары

Егер осы Заңның 17-бабында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік мүліктің құрамына акционерлік қоғамнан немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестіктен

қарағанда өзге ұйымдық-құқықтық нысандағы мемлекеттік емес коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталындағы үлестер (пайлар) түссе, көрсетілген үлестер (пайлар), егер заңды тұлға акционерлік қоғам немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестік болып қайта құрылмаса немесе көрсетілген тұлғаның мүлкі негізінде мемлекеттік заңды тұлға құрылмаса, сатудан түскен кірісті мемлекеттік бюджет есебіне жатқыза отырып, оларға құқық алған кезден бастап бір жыл ішінде иеліктен шығарылуға жатады.

181-бап. Акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерде мемлекеттің қатысуын

тоқтату

1. Акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерде мемлекеттің қатысуы акцияларды және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы үлесті сату кезінде немесе осы Заңның 95-бабында көзделген өзге де негіздер бойынша акцияларға және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы үлеске құқықтарды тоқтату кезінде тоқтатылады.

2. Акционерлік қоғамдардың мемлекетке тиесілі акцияларын және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталындағы мемлекетке тиесілі үлесті сату осы Заңның 9-тарауының ережелері бойынша жүргізіледі.

3. Мемлекетке тиесілі акцияларды және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталындағы мемлекетке тиесілі үлесті акционерлік қоғам орналастыратын акцияларды төлеуге немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталына салым ретінде беру осы Заңның 127-бабында көзделген тәртіппен жүргізіледі.

182-бап. Акционерлік қоғамдардың мемлекетке тиесілі акцияларына және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы мемлекетке тиесілі үлестерге билік ету

1. Акционерлік қоғамдардың мемлекетке тиесілі акцияларына және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы мемлекетке тиесілі үлестерге билік ету осы Заңның 9-тарауында көзделген тәртіппен жүргізіледі.

2. Мемлекетке тиесілі акцияларды (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталдағы үлестерді) өтеусіз беруге жол берілмейді.

3. Ұлттық холдингтің жарғылық капиталына берілген ұлттық компаниялардың акцияларына, сондай-ақ стратегиялық объектілер болып табылатын мемлекетке тиесілі акцияларға (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы үлестерге) билік етуге Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша жол беріледі.

4. Мемлекетке тиесілі акцияларға (үлестерге) кейіннен сатып алу құқығымен сенімгерлікпен басқару нысанындағы үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық

салуға және оларды иеліктен шығаруға осы Заңның 9-тарауының ережелері бойынша
ж о л б е р і л е д і .

5. Акционерлік қоғамдардың мемлекетке тиесілі акциялары мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы мемлекетке тиесілі үлестерді кепілге қоюға жол берілмейді.

**183-бап. Акционерлік қоғамның мемлекетке тиесілі
акцияларын немесе жауапкершілігі шектеулі
серіктестіктің жарғылық капиталындағы
мемлекетке тиесілі үлесті сенімгерлікпен**

басқаруға беру

1. Егер беру заты республикалық мүлікке жататын акциялар немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталындағы үлес болып табылса, акционерлік қоғамның мемлекетке тиесілі акцияларын немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы мемлекетке тиесілі үлесті азаматтар мен мемлекеттік емес заңды тұлғалардың сенімгерлікпен басқаруына беруді мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган жүргізеді.

2. Коммуналдық мүлікке жататын акционерлік қоғам акцияларын немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталындағы үлесті сенімгерлікпен басқаруға беруді жергілікті атқарушы органы жүргізеді.

3. Мемлекетке тиесілі акцияларды және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталындағы мемлекетке тиесілі үлесті кейіннен сатып алу құқығымен азаматтар мен мемлекеттік емес заңды тұлғалардың сенімгерлікпен басқаруына беру осы Заңның 9-тарауында белгіленген тәртіппен жүргізеді.

4. Сыйақы мөлшері, сондай-ақ сенімгерлікпен басқарудың әрекет ету мерзімі акцияларды және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталындағы үлесті сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шартта айқындалады.

Акцияларды және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталындағы үлесті сенімгерлікпен басқаруға мемлекеттің дивидендтерге деген өз құқығынан толығымен бас тартуы арқылы берілуіне жол берілмейді.

5. Сенімгерлікпен басқарушыға:

1) акционерлік қоғам мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғысын өзгерту
т у р а л ы ;

2) акционерлік қоғам мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталының мөлшерін өзгерту (ұлғайту немесе азайту) туралы;

3) бұрын шығарылған акцияларды шоғырландыру және бөлу, қосымша акцияларды
ш ы ғ а р у т у р а л ы ;

4) акционерлік қоғамды немесе серіктестікті тарату, оларды қайта ұйымдастыру, сондай-ақ олардың атауларын өзгерту туралы мәселелерді шешуге байланысты мемлекет құқықтары берілмейді.

**184-бап. Мемлекет қатысатын акционерлік қоғам мен
жауапкершілігі шектеулі серіктестікті басқаруға
мемлекеттің қатысу құқығы**

1. Мемлекет қатысатын акционерлік қоғамды немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестікті басқаруға қатысу құқығын мемлекет Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер туралы заңнамалық актілерге сәйкес іске асырады.

2. Қазақстан Республикасы қатысатын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерде акционерлік қоғамды (жауапкершілігі шектеулі серіктестікті) басқаруға акционер (қатысушы) ретіндегі мемлекеттің қатысу құқығын Қазақстан Республикасының атынан мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.

3. Акционерлік қоғамды (жауапкершілігі шектеулі серіктестікті) басқаруға қатысуға акционер (қатысушы) ретіндегі мемлекет құқығы Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша тиісті саланың уәкілетті органына берілуі мүмкін.

Акционер ретінде мемлекет құқығы берілген тиісті саланың уәкілетті органы шешімі мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша қ а б ы л д а н а т ы н :

1) қоғамның жарғысына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу немесе оны ж а ң а р е д а к ц и я д а б е к і т у ;

2) қоғамды ерікті түрде қайта құру немесе тарату;

3) жарғылық капиталдың мөлшерін өзгерту;

4) есепті қаржы жылына қоғамның таза кірісін бөлу тәртібі;

5) қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын сомадағы активтерінің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру жолымен өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қоғамның қатысуы т у р а л ы ш е ш і м қ а б ы л д а у ;

6) қоғамның жеке капиталы мөлшерінің жиырма бес немесе одан көп пайызын құрайтын сомаға қоғамның міндеттемелерін ұлғайту туралы шешім қабылдау;

7) қоғамның ірі мәмілелер және жасауына қоғамның мүдделілігі бар мәмілелер ж а с а у ы т у р а л ы ш е ш і м д е р д і б е к і т у ;

8) директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақылары мөлшері мен шарттарын айқындау;

9) "алтын акцияны" енгізу және оның күшін жою мәселелерін қоспағанда, акционердің құзыретіне жататын барлық мәселелер бойынша шешімді дербес қ а б ы л д а й д ы .

Жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысушы ретінде мемлекет құқығы берілген тиісті саланың уәкілетті органы шешімі мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті

органның келісімі бойынша қабылданатын:

1) жарғыға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

2) серіктестікті қайта құру немесе тарату;

3) жарғылық капиталдың мөлшерін өзгерту;

4) жылдық қаржы есептілігін бекіту және таза кірісті бөлу;

5) серіктестіктің өзге де заңды тұлғаларға қатысуы туралы шешу;

6) серіктестіктің барлық мүлкін кепілге қою туралы шешу;

7) серіктестіктің атқарушы органын құру, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ серіктестік мүлкін жалға немесе сенімгерлікпен басқаруға беру бойынша мәмілелер туралы шешім қабылдау;

8) байқаушы кеңесті және (немесе) тексеру комиссиясын (тексерушіні) сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

9) қатысушыдағы үлесті мәжбүрлеп сатып алу туралы шешу мәселелерін қоспағанда, қатысушының құзыретіне жататын барлық мәселелер бойынша шешімді дербес қабылдайды.

4. Акционерлік қоғамды (жауапкершілігі шектеулі серіктестікті) басқаруға акционер (қатысушы) ретінде мемлекеттің қатысу құқығы берілген тиісті саланың уәкілетті органы мемлекет қатысатын акционерлік қоғам директорлары кеңесінің немесе мемлекет қатысатын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің байқаушы кеңесінің құрамына мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның өкілін енгізуді қамтамасыз етеді немесе енгізу үшін қажетті шаралар қолданады.

5. Ұлттық холдингтер мен ұлттық компанияларды басқаруға акционер (қатысушы) ретінде мемлекеттің қатысу құқығын Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе ол уәкілдік берген мемлекеттік орган жүзеге асырады.

6. Әкімшілік-аумақтық бірліктің қатысуы бар акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердегі әкімшілік-аумақтық бірліктің акционерлік қоғамдарды (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді) басқаруға акционер (қатысушы) ретінде қатысу құқығын жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады.

185-бап. Жалғыз акционері (қатысушысы) мемлекет болып табылатын акционерлік қоғамды немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестікті басқару

1. Жалғыз тиісінше акционері немесе қатысушысы мемлекет болып табылатын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді тарату, қайта ұйымдастыру және олардың атауларын өзгерту туралы шешімді Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайды.

2. Әкімшілік-аумақтық бірлік құрған және ол жалғыз акционері (қатысушысы) болып табылатын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді тарату, қайта ұйымдастыру және олардың атауларын өзгерту туралы шешімді

жергілікті атқарушы орган қабылдайды.

3. Үкіметтің (жергілікті атқарушы органның) шешімімен акционерлік қоғамды (жауапкершілігі шектеулі серіктестікті) басқаруға акционер (қатысушы) ретінде мемлекеттің қатысу құқығы берілген тиісті саланың уәкілетті органы акционерлік қоғамның (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің) алған таза кірісін бөлу туралы шешімнің уақтылы қабылдануын және жалғыз акционер (қатысушы) шешім қабылдаған күннен бастап он күннің ішінде акционерлік қоғамның (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің) мемлекетке тиесілі акцияларға (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталындағы үлестерге) дивидендтерді аударуын қамтамасыз етуге міндетті.

186-бап. Акционері мемлекет болып табылатын ұлттық компанияны басқару

1. Акционері мемлекет болып табылатын ұлттық компания өз қызметін жүзеге асыру кезінде экономиканың белгі бір саласында мемлекеттік мүлікті басқару аясында мемлекет саясатын жүргізуді қамтамасыз етуге міндетті.

2. Жалғыз акционері мемлекет болып табылатын ұлттық компанияны басқаруға Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен акционер ретінде мемлекеттің қатысу құқығы берілген тиісті саланың уәкілетті органы акционерлер жалпы жиналысының құзыретіне қатысты барлық мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

3. Жалғыз акционері мемлекет болып табылатын ұлттық компанияны тарату, қайта ұйымдастыру және оның атауын өзгерту туралы шешімді Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайды.

4. Акционері мемлекет болып табылатын ұлттық компанияның нәтижесінде компания құны қоғамның активтер құнының жалпы мөлшерінің оннан жиырма беске дейінгі пайызын құрайтын мүлікті сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәміле немесе жиынтығында бір-бірімен өзара байланысты мәмілелер жасауы туралы шешімді компанияның директорлар кеңесі қабылдайды. Акционері мемлекет болып табылатын ұлттық компанияның нәтижесінде компания құны қоғамның активтер құнының жалпы мөлшерінің оннан аз пайызын құрайтын мүлікті сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәміле немесе жиынтығында бір-бірімен өзара байланысты мәмілелер жасауы туралы шешімді ұлттық компанияның басқармасы қабылдайды.

5. Акционері мемлекет болып табылатын ұлттық компанияның нәтижесінде компания құны қоғамның активтер құнының жалпы мөлшерінің жиырма бес және одан көп құрайтын мүлікті сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәміле немесе жиынтығында бір-бірімен өзара байланысты мәмілелер жасауы туралы шешімді компанияның директорлар кеңесінің ұсынуы бойынша ұлттық компания акционерлерінің жалпы жиналысы (ұлттық компанияның жалғыз акционерінің шешімі) қабылдайды.

187-бап. Акционері ұлттық холдинг болып табылатын ұлттық компанияны басқару

1. Акционері ұлттық холдинг болып табылатын ұлттық компанияны тарату, қайта ұйымдастыру және оның атауын өзгерту туралы шешімді Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайды.

2. Ұлттық компанияның нәтижесінде компания құны қоғамның активтер құнының жалпы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәміле немесе жиынтығында бір-бірімен өзара байланысты мәмілелер жасауы туралы шешімді ұлттық компанияның директорлар кеңесі қабылдайды. Ұлттық компанияның нәтижесінде компания құны қоғамның активтер құнының жалпы мөлшерінің оннан аз пайызын құрайтын мүлікті сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәміле немесе жиынтығында бір-бірімен өзара байланысты мәмілелер жасауы туралы шешімді ұлттық компанияның басқармасы қабылдайды.

3. Жалғыз акционері ұлттық холдинг болып табылатын ұлттық компанияның нәтижесінде компания құны қоғамның активтер құнының жалпы мөлшерінің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәміле немесе жиынтығында бір-бірімен өзара байланысты мәмілелер жасауы туралы шешімді ұлттық холдингтің директорлар кеңесі қабылдайды.

188-бап. Ұлттық холдингтерді басқару

1. Ұлттық холдингтерті құру мақсаты, олардың функциялары, қызметінің негізгі принциптері, ұлттық холдингтер мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің, ұлттық холдингтер мен ұлттық холдингке кіретін еншілес компаниялардың арасындағы өзара қатынастар, ұлттық холдингтің басқару органдарының мәселелері Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Ұлттық холдингтер қызметінің негізгі принциптері туралы меморандумда айқындалады.

2. Ұлттық холдингті тарату, қайта ұйымдастыру және оның атауын өзгерту туралы шешімді Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайды.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен осы Заңның 127-бабының ережелері бойынша акционерлік қоғамдардың мемлекетке тиесілі акциялары мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы мемлекетке тиесілі үлестер ұлттық холдингке берілуі мүмкін.

189-бап. Мемлекеттік корпоративтік басқару мәселелері жөніндегі мамандандырылған кеңестер

Ұлттық холдингтерді басқару жөніндегі қызметті үйлестіру үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан мемлекеттік корпоративтік басқару мәселелері жөніндегі мамандандырылған кеңестер құрылуы мүмкін.

Мемлекеттік корпоративтік басқару мәселелері жөніндегі мамандандырылған кеңестер туралы ереже мен олардың құрамын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

190-бап. Ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың және мемлекет бақылайтын өзге де заңды тұлғалардың бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру бойынша бюджеттік инвестицияларды пайдалану жөнінде шешімдер қабылдауы

1. Ұлттық холдингтердің жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыру кезінде акционер ретінде мемлекет құқығын жүзеге асырмайтын бюджеттік бағдарламалар әкімшілері Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес ұлттық холдингтер акцияларының эмиссиясын төлей а л а д ы .

Ұлттық холдингтің және ұлттық холдингке кіретін акционерлік қоғамдардың бюджеттік инвестициялық жобаны іске асыру туралы есебін ұлттық холдинг тоқсан сайын ұлттық холдингтің директорлар кеңесінің және бюджеттік бағдарлама әкімшісінің қ а р а у ы н а ұ с ы н а д ы .

2. Ұлттық холдингтер бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру үшін шығарған акциялар мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган шотының есебіне ж а т қ ы з ы л а д ы .

Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган ұлттық холдингтер шығарған акцияларды ұлттық холдингті басқаруға акционер ретінде мемлекеттің қатысу құқығын жүзеге асыратын уәкілетті органға береді.

3. Іске асыруға ақшасы ұлттық холдингтің құрамына кіретін акционерлік қоғамдардың орналастырған акцияларын төлеуге түскен бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға, ұлттық холдинг басқармасы, сондай-ақ осы бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыратын, ұлттық холдингке кіретін акционерлік қоғамдардың басқармалары жауапты болады.

191-бап. Ұлттық холдингтердің, акциялары ұлттық холдингке тиесілі ұлттық компаниялардың сондай-ақ акционері мемлекет болып табылатын ұлттық компаниялардың қызметін жоспарлау

1. Ұлттық холдингтер мен ұлттық компаниялар даму стратегияларын, даму жоспарларын, даму жоспарларының орындалуы жөніндегі есептерді және жылдық б ю д ж е т т е р д і ә з і р л е й д і .

Ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму стратегиялары елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының мақсаттары мен ұзақ мерзімді басымдықтарына сәйкес о н ж ыл м е р з і м г е ә з і р л е н е д і .

Ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму жоспарлары даму

стратегиясын іске асыру мақсатында бес жыл мерзімге әзірленеді. Даму жоспарлары жыл сайын жылжымалы негізде нақтыланады. Даму жоспарларының орындалуы туралы есептер жартыжылдық қорытындылары бойынша және бір жыл үшін әзірленеді және оларды ұлттық холдингтер мен ұлттық компаниялардың директорлар кеңесі б е к і т е д і .

Жылдық бюджеттерді ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар даму жоспарларын іске асыру мақсатында жыл сайын әзірлейді.

Даму стратегиясы мен даму жоспарлары ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың қызметі бағаланатын нысаналы көрсеткіштерді қамтиды.

2. Ұлттық холдингтердің даму стратегияларын Қазақстан Республикасы Үкіметі мақұлдағаннан кейін ұлттық холдингтердің директорлар кеңесі бекітеді.

3. Акционері мемлекет болып табылатын ұлттық компаниялардың даму стратегиясын ұлттық компанияның акционері ретінде мемлекеттің құқығын жүзеге асыратын мемлекеттік орган мақұлдағаннан кейін ұлттық компанияның директорлар кеңестері б е к і т е д і .

4. Акционері ұлттық холдингтер болып табылатын ұлттық компаниялардың даму стратегиясын ұлттық компания жалғыз акционерінің функциясын жүзеге асыратын ұлттық холдинг мақұлдағаннан кейін ұлттық компаниялардың директорлар кеңестері б е к і т е д і .

Ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму жоспарлары мен жылдық бюджеттерін ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың директорлар кеңестері б е к і т е д і .

5. Ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму стратегиялары мен даму жоспарларының нысаналы көрсеткіштерінің орындалуын бағалауды Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың директорлар кеңесі жүзеге асырады.

6. Акционері мемлекет болып табылатын ұлттық компаниялар қызметінің нәтижелерін тыңдауды акционердің функциясын жүзеге асыратын мемлекеттік орган жыл сайынғы негізде жүзеге асырады.

7. Акционері ұлттық холдингтер болып табылатын ұлттық компаниялар қызметінің нәтижелерін тыңдауды ұлттық холдингтердің директорлар кеңесі жыл сайынғы негізде ж ү з е г е а с ы р а д ы .

8. Акциялары мемлекетке тиесілі ұлттық компаниялар акционерінің функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдар және акционері ұлттық холдингтер болып табылатын ұлттық компаниялар акционерінің функцияларын жүзеге асыратын ұлттық холдингтер мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға және мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға тыңдау нәтижелері туралы есеп береді.

192-бап. Ұлттық холдингтер мен ұлттық компанияларды қоспағанда, мемлекет бақылайтын акционерлік

қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің қызметін жоспарлау

1. Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер даму стратегияларын, қаржы-шаруашылық қызметінің жоспарларын, қаржылық-шаруашылық қызмет жоспарларының орындалуы бойынша есептер және жылдық бюджеттер әзірлейді.

Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің даму стратегиялары елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының мақсаттары мен ұзақ мерзімді басымдықтарына сәйкес бес жыл мерзімге әзірленеді және оларды мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің директорлар кеңестері (қатысушылардың жалпы жиналысы) бекітеді.

Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің қаржы-шаруашылық қызметінің жоспарлары даму стратегиясында белгіленген мақсаттар мен басымдықтарға сәйкес кемінде үш жыл мерзімге әзірленеді. Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің қаржы-шаруашылық қызметінің жоспарлары жыл сайын жылжымалы негізде нақтыланады.

Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жылдық бюджеттерін мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер қаржы-шаруашылық қызметінің жоспарларын іске асыру мақсатында жыл сайын әзірлейді.

Ұлттық холдингтер мен ұлттық компанияларды қоспағанда, бақыланатын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жылдық бюджеттерін бақыланатын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің атқарушы органдары бекітеді.

2. Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің даму стратегияларының, қаржы-шаруашылық қызметі жоспарларының орындалуын бағалауды Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің директорлар кеңестері (байқаушы кеңестері) жүзеге асырады.

3. Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғам мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің акционері (қатысушы) құқығын жүзеге асыратын мемлекеттік орган акционерлік қоғам мен жауапкершілігі шектеулі серіктестік қызметінің және олардың даму стратегияларын іске асыру нәтижелерін тыңдауды жыл сайынғы негізде жүзеге асырады.

Тыңдау нәтижелері мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға табыс етіледі.

4. Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің қаржы-шаруашылық қызметі жоспарларының орындалуы бойынша

есептер мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға (жергілікті атқарушы органға) табыс етіледі.

**193-бап. Қоғам (серіктестік) кірісінің бір бөлігін алуға
мемлекеттің акционер (жауапкершілігі шектеулі
серіктестікке қатысушы) құқығын іске асыруы**

Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекетке тиесілі акциялар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы мемлекетке тиесілі үлеске дивидендтерді есептеу тәртібін айқындайды.

**6-бөлім. Азаматтар мен мемлекеттік емес заңды тұлғаларға тиесілі стратегиялық
маңызы бар мүлікке (стратегиялық объектілерге) құқықты шектеу**

**12-тарау. Азаматтар мен мемлекеттік емес заңды тұлғаларға тиесілі стратегиялық
объектілерге ауыртпалық салу және иеліктен шығару**

**194-бап. Азаматтар мен мемлекеттік емес заңды тұлғаларға
тиесілі стратегиялық объектілерге үшінші
тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салу не
оларды иеліктен шығару тәртібі**

1. Азаматтар мен мемлекеттік емес заңды тұлғаларға тиесілі стратегиялық объектілерге кепілге қою, кейіннен сатып алу құқығымен мүліктік жалдау (жалға алу) немесе сенімгерлікпен басқару нысанында үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салу не оларды иеліктен шығару Қазақстан Республикасы Үкіметінің рұқсат беру туралы шешімінің негізінде және осы бап пен осы Заңның 195-бабында және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде айқындалатын тәртіппен
м ү м к і н б о л а д ы .

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі стратегиялық объектілерге үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салуға немесе оларды иеліктен шығаруға рұқсат беру туралы не стратегиялық объектіге осындай рұқсат беруден бас тарту
т у р а л ы ш е ш і м қ а б ы л д а й д ы .

3. Стратегиялық объектілерге үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салуға немесе оларды иеліктен шығаруға рұқсат беруден бас тарту туралы шешім, егер осындай ауыртпалық салу немесе иеліктен шығару Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, оның ішінде елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы жасасқан халықаралық келісімдерді сақтамауға әкеп соғатын жағдайларда қабылданады.

4. Стратегиялық объектіге ауыртпалық салуға не иеліктен шығаруға рұқсат беруден бас тартуға Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес стратегиялық объектінің меншік иесі (құқық иеленушісі) шағым жасай алады.

5. Стратегиялық объектінің меншік иесі (құқық иеленушісі) орналастырылатын акциялардың санын көрсете отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің рұқсат беру туралы шешімінің негізінде бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында жария

етілген акцияларды орналастырады.

6. Осы баптың 5-тармағында көзделген акциялармен бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында одан әрі мәмілелер жасау, егер бір тұлға немесе аффилиирленген тұлғалар бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында эмитенттің дауыс беретін акциялары жалпы санының жиырма пайызынан астамын құрайтын акциялар сатып алатын жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасы Үкіметінің рұқсатын талап етпейді

Бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында стратегиялық объектілерге жататын акциялармен мәмілелер жасау кезінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің рұқсаты мәмілелер эмитенттің дауыс беретін акциялары жалпы санының бес пайызынан аспайтын мөлшерде жасалған жағдайда талап етілмейді.

195-бап. Азаматтар мен мемлекеттік емес заңды тұлғаларға тиесілі стратегиялық объектілерге үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салу не оларды иеліктен шығару рәсімі

1. Стратегиялық объектілерге ауыртпалық салуға немесе оларды иеліктен шығаруға рұқсат алу үшін стратегиялық объектінің меншік иесі (құқық иеленушісі) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға мынадай құжаттарды жібереді:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен нысан бойынша өтініш;
2) заңды тұлға үшін - жарғының және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмелері;

3) азамат үшін - жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
4) стратегиялық объектіні иеліктен шығару бойынша мәміле жасауға негіз болатын немесе оған үшінші тұлғаның құқықтарымен ауыртпалық салуға әкелетін шарттың ж о б а с ы ;

5) стратегиялық объектіге меншік құқығын немесе өзге де мүліктік құқықты растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

6) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес стратегиялық объектінің нарықтық құнын айқындайтын оны бағалау туралы есеп;

7) жарияланған акцияларды орналастырған жағдайда стратегиялық объектінің меншік иесі (құқық иеленушісі) жарияланған акциялардың шығарылымын және оған енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен акциялардың шығарылым проспектісін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмелерін де табыс етеді;

8) стратегиялық объектіні болжамды сатып алушы туралы мәліметтер;

9) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде аудитті міндетті өткізу белгіленген заңды тұлғалар соңғы қаржы жылына аудиторлық есептің түпнұсқасын немесе нотариалды куәландырылған көшірмесін де табыс етеді. Егер өтініш ағымдағы жылғы 1 маусымға дейін берілсе, онда соңғы қаржы жылының алдындағы қаржы жылына аудиторлық есептің түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған

көшірмесі табыс етіледі. Аудиторлық есептің түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі, егер заңды тұлға ағымдағы қаржы жылында құрылса не заңды тұлға өткен қаржы жылында құрылса және өтініш ағымдағы жылғы 1 маусымға дейін берілген жағдайда табыс етілмейді.

2. Стратегиялық объектіге ауыртпалық салуға негіз болатын шартта міндетті түрде тараптардың құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ стратегиялық объектінің сақталуы мен одан әрі пайдалануын қамтамасыз ету бойынша талаптар қамтылуға тиіс.

3. Стратегиялық объектілерге ауыртпалық салуға не оларды иеліктен шығаруға берілген өтініштерді қарау және олар бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешім қабылдауы мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға құжаттар түскен күннен бастап алпыс күннен аспайтын мерзімде жүзеге асырылуы тиіс. Құжаттардың келіп түскен күні болып мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган осы баптың 1-тармағында айқындалған құжаттардың толық пакетін алған күн есептеледі.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі отыз күн мерзімде стратегиялық объектілерге ауыртпалық салуға не иеліктен шығаруға немесе рұқсат беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Көрсетілген шешім Қазақстан Республикасы Үкіметінің отырысында қабылданады және қаулы түрінде ресімделеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің стратегиялық объектілерге ауыртпалық салуға не иеліктен шығаруға рұқсат беру немесе рұқсат беруден бас тарту туралы отырысына ауыртпалық салынатын не иеліктен шығарылатын стратегиялық объектінің меншік иесі (құқық иеленушісі), басқа да мүдделі тұлғалар шақырылады.

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі жай көпшілік дауыспен қабылданды, ол дәлелді болып, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүддесін объективті ескеруі тиіс.

6. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Үкіметінің қабылдаған шешімі туралы стратегиялық объектінің меншік иесін (құқық иеленушісін) шешім шығарылған күннен бастап бес күн мерзімде жазбаша түрде хабардар етуге міндетті.

196-бап. Стратегиялық объектілерді ұлт меншігіне алу

Стратегиялық объектілер осы Заңның 5-тарауында көзделген тәртіппен ұлт меншігіне алынуы мүмкін.

197-бап. Стратегиялық объектілердің мониторингі

Стратегиялық объектілердің мониторингі Қазақстан Республикасының меншіктің мемлекеттік мониторингі туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

13-тарау. Азаматтар мен мемлекеттік емес заңды тұлғаларға тиесілі стратегиялық объектілерді сатып алуға Қазақстан Республикасының басым құқығы

198-бап. Азаматтар мен мемлекеттік емес заңды тұлғаларға тиесілі стратегиялық объектілерді сатып алуға

Қазақстан Республикасының басым құқығын қолдану

шарттары

1. Мемлекеттік емес заңды тұлға немесе азамат стратегиялық объектіні иеліктен шығаруға ниет еткен жағдайда, сондай-ақ стратегиялық объектіні өндіріп алу немесе конкурстық (тарату) масса құрамында стратегиялық объектіні иеліктен шығару жағдайында Қазақстан Республикасының осы тарауда айқындалған шарттарда стратегиялық объектіні сатып алуға басым құқығы болады.

2. Қазақстан Республикасы атынан стратегиялық объектілерді сатып алуға басым құқықты Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе оның тапсырмасы бойынша ұлттық басқарушы холдинг іске асырады.

199-бап. Стратегиялық объектіні сатып алуға Қазақстан Республикасының басым құқығын іске асыру

тәртібі

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі стратегиялық объектіні сатып алуға басым құқықты іске асыруға ниет еткен жағдайда, Қазақстан Республикасының Үкіметі стратегиялық объектіні сатып алуға басым құқықты жүзеге асыруды тапсырған тиісті саланың уәкілетті органы Қазақстан Республикасының бюджет қызметін реттейтін заңнамалық актісіне сәйкес республикалық бюджет комиссияның қарауына қажетті бюджет қаражатын бөлудің негіздемесімен стратегиялық объектіні сатып алуға басым құқықты іске асыру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметі шешімінің жобасын ұ с ы н а д ы .

Республикалық бюджет комиссиясы тиісті шешім қабылдайды. Республикалық бюджет комиссиясының ұсынымдары мен ұсыныстары Қазақстан Республикасы Үкіметінің қ а р а у ы н а ұ с ы н ы л а д ы .

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі республикалық бюджет комиссияның шешімі қабылданған кезден бастап отыз жұмыс күнінен аспайтын мерзімде стратегиялық объектіні сатып алудың басым құқығын пайдалану туралы шешім қ а б ы л д а у ы м ү м к і н .

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі дәлелді болуға және Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүдделерін объективті түрде е с к е р у г е т и і с .

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдаған шешімнің қорытындысы туралы тиісті саланың уәкілетті органы шешім шығарылған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей стратегиялық объектіні иеліктен шығаруды жүргізетін тұлғаны жазбаша х а б а р д а р е т е д і .

4. Стратегиялық объектінің меншік иесі (құқық иеленушісі) шарт жасалғанға дейін кез келген уақытта стратегиялық объектіні иеліктен шығарудан бас тарта алады. Стратегиялық объектінің меншік иесі (құқық иеленушісі) стратегиялық объектіні иеліктен шығарудан бас тартқан жағдайда оны сатып алуға мемлекеттің басым

құқығын іске асыру тоқтатылады.

5. Бюджеттік рәсімдерді ескергенде стратегиялық объектілерді сатып алу мерзімдері Қазақстан Республикасы Үкіметінің стратегиялық объектіні сатып алудың басым құқығын пайдалану туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі шешім қабылданған кезден бастап екі жылдан аспауға тиіс.

6. Стратегиялық объектіге өндіріп алу қолданылған немесе банкроттық туралы іс бойынша іс жүргізу қозғалған жағдайда стратегиялық объектілердің меншік иесі (құқық иеленушісі) стратегиялық объектіге өндіріп алуды қолдану туралы хабарлама алған кезден бастап немесе соттың банкроттық туралы іс қозғау туралы ұйғарымының көшірмесін алған кезден бастап бес күн мерзімде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органды стратегиялық объектіге өндіріп алудың қолданылуы немесе банкроттық туралы іс бойынша іс жүргізудің қозғалуы туралы жазбаша хабардар етуге міндетті. Хабардар ету жөніндегі міндеттерді сақтамау осы Заңның 202-бабында көзделген салдарға әкеліп соғады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі стратегиялық объектіні алуға басым құқықты осы бапта көзделген тәртіппен іске асырады.

Стратегиялық объектіге өндіріп алуды қолдану немесе стратегиялық объектіні конкурстық (тарату) массасы құрамында иеліктен шығару Қазақстан Республикасы Үкіметінің стратегиялық объектіні сатып алуға басым құқықты іске асыру немесе басым құқықты іске асырудан бас тарту туралы шешімі алынғаннан кейін жүргізіледі.

7. Қазақстан Республикасы стратегиялық объектіге өндіріп алуды қолдану немесе стратегиялық объектіні конкурстық (тарату) массасының құрамында иеліктен шығару кезінде басым құқықты іске асырудан бас тартқан жағдайда стратегиялық объектіні иеліктен шығару Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамалық актісінде және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

200-бап. Нарықтық құнын айқындау

1. Стратегиялық объектіні сатып алудың басым құқығын іске асыру кезінде стратегиялық объектінің нарықтық құны өтелуге жатады.

2. Стратегиялық объектінің нарықтық құны стратегиялық объектіні сатып алудың басым құқығын іске асыру кезінде мемлекет сатып алатын мүлікті осы Заңның 212-бабының ережелеріне сәйкес бағалау негізінде айқындалады

201-бап. Мемлекет сатып алған стратегиялық объектілерді басқару

Қазақстан Республикасының Үкіметі сатып алынған стратегиялық объектілерді осы Заңның 127-бабының ережелері бойынша акцияларды төлеуге немесе мемлекеттің жүз проценттік қатысуымен арнайы құрылған заңды тұлғаның не ұлттық холдингтің немесе ұлттық басқарушы компаниялардың жарғылық капиталына мүліктік салым ретінде береді.

**202-бап. Стратегиялық объектілерге үшінші тұлғалардың
құқықтарымен ауыртпалық салу немесе оларды
иеліктен шығару және басым құқық туралы
ережелерді бұзудың салдарлары**

Стратегиялық объектілерге құқық иеленушінің стратегиялық объектілерге үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салу және оларды иеліктен шығару және стратегиялық объектілерді сатып алудың басым құқығы туралы талаптарды бұза отырып жасаған мәмілесі ол жасалған кезден бастап сот тәртібімен жарамсыз деп танылады.

7-бөлім. Мемлекеттік мүлікті есепке алу, мүлікті бағалау және одан әрі пайдалану

**14-тарау. Мемлекеттік мүлікті есепке алу және мемлекеттік мүлікті басқару
тиімділігінің мониторингі**

**203-бап. Мемлекеттік мүлікті есепке алу және мемлекеттік
мүлікті басқару тиімділігінің мониторингі
туралы жалпы ережелер**

1. Мемлекеттік мүлікті есепке алу мемлекеттік мүлікті бақылау және тиімді пайдалану мақсаттары үшін жүзеге асырылады. Мемлекеттік мүлікті есепке алу туралы деректер мемлекеттік мүлік тізіліміне енгізілуге жатады.

Мемлекеттік мүлікті басқару тиімділігінің мониторингі экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік мүліктің есепке алынуы мен мониторингін уәкілетті мемлекеттік органдар осы тарауда және Қазақстан Республикасының өзге заңнамасында белгіленген шарттарда және тәртіппен жүзеге асырады.

3. Осы тараудың ережелері Қазақстан Республикасының және әкімшілік-аумақтық бірліктердің мемлекеттік мүлігін есепке алу тәртібін, мемлекеттік мүлік тізілімін құрудың және оның жұмыс істеуінің негізгі принциптерін, сондай-ақ есепке алу объектілерінің құрамын, тізбесін, оларды жинау, өңдеу және өзекті ету тәртібін айқындайды.

Есепке алу деректерінде мемлекеттік мүліктің құрамы туралы шынайы, нақты және объективті ақпаратты көрсетуге мүмкіндік беретін жаңарту, толықтыру мен өзгерту және өзге де іс-қимылдар есепке алу объектілері туралы мәліметтерді өзекті ету деп түсіндіріледі.

204-бап. Мемлекеттік мүлікті есепке алу түрлері

1. Мемлекеттік мүлікті тізілім нысанында бірыңғай орталықтандырылған есепке алуды мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.

2. Осы Заңның 216-218-баптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік мүлікті ведомстволық есепке алуды тиісті саланың уәкілетті органдары жүзеге асырады, олар мемлекеттік мүлік тізіліміне есепке алу объектілері туралы

м ә л і м е т т е р

б е р е д і .

3. Мемлекеттік мүлік тізілімінде мемлекеттік мүліктің түрлері бойынша республикалық және коммуналдық мүлікті бөлек есепке алу, ал жергілікті мемлекеттік басқару деңгейі бойынша облыстық және аудандық мүлікті бөлек есепке алу жүзеге а с ы р ы л а д ы .

Осы Заңның 16-тарауында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік мүлік тізілімінде көрсету үшін коммуналдық мүлікті есепке алуды жергілікті атқарушы органдар ұйымдастырады.

**205-бап. Мемлекеттік мүлікті есепке алудың және
мемлекеттік мүлікті басқару тиімділігі
мониторингінің объектілері**

1 . М ы н а л а р :

- 1) мемлекеттік заңды тұлғалар және оларға бекітіп берілген мүлік;
- 2) жер пайдаланудағы жер учаскелері;
- 3) акционерлік қоғамдардың мемлекетке тиесілі акциялары және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы мемлекетке тиесілі үлестер;
- 4) мемлекетке тиесілі ұлттық мәдени игілік объектілері;
- 5) мемлекетке тиесілі зияткерлік меншік құқығы объектілері;
- 6) мемлекеттік материалдық резерв;
- 7) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен мемлекеттік мүлік тізілімін жүргізу ережелерінде көзделген мемлекеттік мүліктің өзге де түрлері (санаттары) мемлекеттік мүлік тізілімінің есепке алу объектілері болып табылады.

2. Есепке алу объектілерін сипаттайтын мәліметтер осы объектілерді есепке алу туралы деректер болып табылады. Мемлекеттік мүлікті есепке алу объектіні басқа объектілерден айыруға мүмкіндік беретін жеке сипаттарын көрсете отырып есепке алу объектісін сипаттауды қамтуға тиіс.

3. Қазақстан Республикасынан тысқары жерлердегі мемлекеттік мүлікті есепке алуды тиісті саладағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

4. Осы тараудың ережелері мемлекеттік немесе жергілікті қазынаны құрайтын мүлікке қолданылмайды. Бұл мүлікті есепке алу Қазақстан Республикасының бюджет қызметін реттейтін заңнамалық актісінде және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

5. Мемлекеттік материалдық резервті құрайтын мүлікті есепке алуды тиісті саладағы уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырады.

6. Реквизиция тәртібімен мемлекетке өткен мүлікті есепке алуды уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге а с ы р а д ы .

7 . М ы н а л а р :

- 1) мемлекеттік заңды тұлғалар;
- 2) мемлекеттің қатысуы бар заңды тұлғалар;
- 3) мемлекеттік мүлік құрамына кіретін, оның ішінде, сенімгенлікпен басқарудағы, жалдағы, концессиядағы мүліктің барлық түрлері мемлекеттік мүлікті басқару тиімділігі мониторингінің объектілері болып табылады.

206-бап. Мемлекеттік мүлік тізілімінде көрсетілетін мәліметтер

1. Мемлекеттік мүлік тізілімінде есепке алу объектісі бойынша мынадай мәліметтер :

- 1) объектінің сәйкестендіруге мүмкіндік беретін сипаттамасы;
- 2) объектінің белгілі бір тұлғаға тиесілі немесе бекітіп берілгендігі туралы мәліметтер ;
- 3) объектінің баланстық құны;
- 4) мүлікке үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалықтың болуы және ауыртпалықтың түрлері туралы мәліметтер;
- 5) объектінің күтіп ұсталуына немесе сақталуына жауапты тұлғалардың реквизииттері ;
- 6) объектіге құқықтардың туындау және тоқтатылу негіздері, ал Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген, мемлекеттік мүлікке құқықтарды міндетті тіркеу жағдайында - объектіні және (немесе) оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер көрсетіледі.

2. Есепке алу объектілері үшін мемлекеттік мүлік тізілімінде көрсетілетін қосымша мәліметтер құрамын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

207-бап. Мемлекеттік мүлік тізілімін жүргізу

1. Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары мемлекеттік мүлікті басқаруға және оның сақталуына бақылау жасауға байланысты шешімдер қабылдау кезінде мемлекеттік мүлік тізілімінің деректерін пайдаланады.

2. Мемлекеттік мүлік тізіліміне есепке алу тіркеу және ақпараттық мақсаттарды іске асыруға арналған және оның құқық белгілеуші немесе құқық куәландырушы мәні жоқ.

3. Мемлекеттік мүлік тізілімін уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен бірыңғай әдістеме бойынша құқықтық кадастр деректері, сондай-ақ жер ресурстары, экономикалық жоспарлау, статистика, салық, бағалы қағаздар және қор нарығы, монополияға қарсы бақылау жөніндегі орталық мемлекеттік органдардың және басқа да орталық атқарушы органдардың, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың мәліметтері базасында қалыптастырады және жүргізеді. Осы деректер Қазақстан Республикасының Үкіметі белгіленген нысанда, көлемде және кезеңділікпен мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға берілуге ж а т а д ы .

4. Мемлекеттік мүлік тізілімін жүргізу кезінде облыс (республикалық маңызы бар

қала, астана) деңгейіндегі республикалық және коммуналдық мүлік объектілері бөлек е с е п к е а л ы н у ғ а ж а т а д ы .

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық мүлігі облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының мемлекеттік мүлік тізіліміне есепке алуына жатады.

5. Мемлекеттік мүлік тізіліміне мемлекеттік заңды тұлғалар атауларының тізбесі және мемлекеттің қатысуы бар заңды тұлғалар туралы мәліметтер кіреді. Мемлекеттік заңды тұлғаларды және мемлекеттің қатысуы бар заңды тұлғаларды құру, қайта ұйымдастыру, тарату, қайта тіркеу, атауларын өзгерту мемлекеттік мүлік тізілімін жүргізу ережелерінде белгіленген тәртіппен мемлекеттік мүлік тізілімінде есепке а л ы н у ғ а ж а т а д ы .

6. Мемлекеттік заңды тұлғалар есепке алу объектілері деректерінің мемлекеттік мүлік тізіліміне енгізілуін, сондай-ақ мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган белгілеген бірыңғай мерзімде, бірыңғай әдіспен және деректер форматы бойынша мемлекеттік мүлікке түгендеу, паспорттау және қайта бағалау жүргізілуін қамтамасыз етеді. Мемлекеттік мүлікті түгендеу мемлекеттік мүліктің нақты болуын анықтауды, сондай-ақ есептелмеген және бекітіп берілмеген мемлекеттік мүлікті анықтауды және оны одан әрі мемлекеттік заңды тұлғаға бекітіп беруді қамтамасыз етуге тиіс.

7. Мемлекеттік мүлік тізілімінің деректері мемлекетке тиесілі.

8. Мемлекеттік органдар, заңды тұлғалар мен азаматтар мемлекеттік мүлік тізілімінің деректерін пайдаланушылар болып табылады. Мемлекеттік мүлік тізілімінің деректеріне қол жеткізуді мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператор мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталы арқылы қамтамасыз етеді.

9. Мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператор:

1) мемлекеттік мүлік тізілімін жүргізу үшін қажетті бағдарламалық қамтамасыз етілімді әзірлеуді, енгізуді және жаңғыртуды жүзеге асырады;

2) мемлекеттік мүлік тізілімін жүргізудің техникалық және бағдарламалық құралдарының үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

3) мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталын құруды, оның жұмыс істеуін және техникалық сүйемелденуін қамтамасыз етеді;

4) мемлекеттік мүлік тізілімін пайдаланушыларға Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасына сәйкес ақпараттық жүйелерді қолдана отырып электрондық қызметтер көрсетеді;

5) тізілім пайдаланушыларының мемлекеттік мүлік тізілімнің деректеріне қолжетімділігін қамтамасыз етеді;

6) мемлекеттік органдарға мемлекеттік мүлікті есепке алу саласында консультациялық және практикалық көмек көрсетеді;

7) мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы техникалық жобаларды басқару функциясын жүзеге асырады ;

8) мемлекеттік мүлік тізіліміне есепке алу объектілері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізеді.

10. Мемлекеттік мүлік тізілімін қалыптастыруға және жүргізуге арналған шығыстарды қаржыландыру тиісті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

208-бап. Мемлекеттік мүлік тізілімін жүргізу тәртібі

1. Мемлекеттік мүлік тізілімін жүргізу:

1) тізілімге есепке алу объектісі туралы деректер енгізу;

2) есепке алу объектілері туралы деректерді өзекті ету;

3) есепке алу объектісін тізілімнен алып тастау жолымен жүзеге асырылады.

2. Объектіні мемлекеттік мүлік тізіліміне қосу осы Заңның 206-бабында көзделген мәліметтерді тізілімге енгізуді білдіреді.

3. Мемлекеттің есепке алу объектісіне құқықтарының тоқтауына байланысты оны тізілімнен алып тастаған кезде осы объектіні қадағалау тоқтатылады.

Есепке алу объектісін бір мемлекеттік органның басқаруынан екіншісіне беру, сол сияқты мемлекеттік және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға және азаматтарға иеленуге және (немесе) пайдалануға беру есепке алу объектісін тізілімнен алып тастауға негіз болмайды.

Мемлекеттік мүлік тізілімінен алып тасталған есепке алу объектілері туралы деректер тізілім деректері базасының мұрағатына өткізіледі.

4. Мемлекеттік мүлік тізілімін жүргізу ережелерін, оған қоса мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл тәртібін және одан пайдаланушыларға мәліметтер беру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

15-тарау. Жекелеген негіздер бойынша мемлекет сатып алатын немесе иеліктен шығаратын мүлікті бағалау

209-бап. Жекелеген негіздер бойынша мемлекет сатып алатын немесе иеліктен шығаратын мүлікті бағалау

туралы жалпы ережелер

1. Осы тараудың ережелері стратегиялық объектіні сатып алуға басым құқықты іске асыру, мемлекет иелігіне алу, реквизициялау, мемлекеттің мұқтажы үшін алып қою, мүлікті жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталына мүліктік салым ретінде немесе акционерлік қоғамдардың акцияларын сатып алу төлеміне беру, мемлекеттік заттай гранттар беру кезінде мүлікті бағалауға пайдаланылады.

2. Осы тараудың 1-тармағында көрсетілген негіздер бойынша мемлекет сатып алатын немесе иеліктен шығаратын мүлікті бағалауды тәуелсіз бағалаушылар Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамалық актісіне сәйкес жүргізеді.

3. Бағалаушыға сыйақы төлеу республикалық немесе жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

4. Бағалау нәтижелерінің дәйектілігі туралы, сондай-ақ қайта бағалау жүргізу және

оның дәйектілігі туралы даулар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен шешіледі.

5. Мемлекеттің мүлікке құқықтар алу немесе құқықтардың тоқтауы, мемлекеттік мүлікті иеленуге және (немесе) пайдалануға беру кезінде туындайтын мүлікті бағалау жөніндегі қатынастарға Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамалық актісінің жалпы ережелері пайдаланылады.

210-бап. Жекелеген негіздер бойынша мемлекет сатып алатын немесе иеліктен шығаратын мүлікті бағалаушыны айқындау тәртібі

Осы Заңның 209-бабының 1-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекет сатып алатын немесе иеліктен шығаратын мүліктің жекелеген түрлерін бағалаушы Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес айқындалады.

211-бап. Мемлекет иелігіне алу кезінде мемлекет сатып алатын мүлікті бағалаудың ерекшеліктері

1. Мемлекет иелігіне алынатын мүлікті бағалау кезінде осы мүліктің алдағы мемлекет иелігіне алу туралы хабарлама нәтижесінде өзгеруі ескерілмейтін нарықтық құны белгіленуге жатады.

2. Мемлекет иелігіне алынатын мүліктің меншік иесінің талаптары бойынша өтемді төлеу күні мемлекет иелігіне алынатын мүліктің құнына қайта бағалау жүргізіледі. Бағалаушыға сыйақы төлеу республикалық немесе жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

3. Мемлекет иелігіне алынатын мүлік құнының өтемін өзге мүлікпен төлеу кезінде меншік иесіне мемлекет иелігіне алынатын мүліктің орнына берілетін мүлікті бағалау осы Заңның 209 және 210-баптарының ережелері бойынша жүргізілуге тиіс.

212-бап. Стратегиялық объектіні сатып алуға басым құқықты іске асыру кезінде мемлекет сатып алатын мүлікті бағалау ерекшеліктері

1. Стратегиялық объектіні сатып алуға басым құқықты іске асыру кезінде мемлекет сатып алатын мүлікті бағалаған кезде осы Заңның 195-бабының 1-тармағына сәйкес стратегиялық объектінің меншік иесі табыс еткен стратегиялық объектіні бағалау туралы есепте айқындалған стратегиялық объектінің нарықтық құны, оның мемлекеттің стратегиялық объектіні сатып алудың басым құқығын іске асыруы туралы хабарлама нәтижесінде өзгеруі ескерілмей белгіленуге жатады.

2. Стратегиялық объектіні қайта бағалауды жүргізу осы Заңның 209 және 210-баптарының ережелері бойынша айқындалатын тәуелсіз бағалаушыға тапсырылуы мүмкін. Стратегиялық объектіні қайта бағалауды стратегиялық объектінің бастапқы бағалауын жүргізген бағалаушы жүзеге асыра алмайды.

3. Стратегиялық объектінің меншік иесінің талабы бойынша өтемді төлеу күні

стратегиялық объектінің құнына қайта бағалау жүргізілуі мүмкін. Бағалаушыға сыйақы төлеу республикалық немесе жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

213-бап. Реквизиция кезінде мемлекет сатып алатын мүлікті бағалау ерекшеліктері

1. Реквизиция кезінде тәуелсіз бағалаушыны реквизицияны жүргізетін уәкілетті
о р г а н а й қ ы н д а й д ы .

2. Реквизиция кезінде мүлікті бағалауды реквизицияны жүргізетін уәкілетті орган
б е к і т е д і .

3. Реквизицияланатын мүлік құнын бағалау мен оны өтеу мөлшерін айқындау тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

214-бап. Мемлекет мұқтажы үшін алып қою кезінде мемлекет сатып алатын мүлікті бағалау ерекшеліктері

1. Мемлекет мұқтаж үшін алынатын мүлікті бағалау кезінде осы мүліктің алдағы алып қою туралы хабарландыру нәтижесінде өзгеруі ескерілмейтін нарықтық құны
б е л г і л е н у г е ж а т а д ы .

2. Мемлекет мұқтажы үшін алынатын, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға жіберілетін мүліктің меншік иесінің талабы бойынша өтемді төлеу күні мемлекет мұқтажы үшін алынатын мүліктің құнына қайта бағалау жүргізілуге тиіс.

3. Өтеді ақшадан басқа мүлікпен беру кезінде оны бағалау осы Заңның 209 және 210-баптарының ережелері бойынша жүргізілуге тиіс.

215-бап. Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталына мүліктік салым ретінде немесе акционерлік қоғам акцияларының төлеміне берілетін мемлекеттік мүлікті бағалау ерекшеліктері

1. Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталына мүліктік салым ретінде немесе акционерлік қоғам акцияларының төлеміне берілетін мемлекеттік мүліктің құнын тәуелсіз бағалаушы растауға тиіс.

2. Мүлікті пайдалану құқығын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталына мүліктік салым ретінде немесе акционерлік қоғам акцияларының төлеміне берген кезде осы салымның мөлшері немесе акциялар төлемінің мөлшері осындай мүлікті пайдаланғаны үшін осы Заңның 86-бабы 1-тармағының, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 59-бабы 1-тармағының ережелері және Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер туралы заңнамалық актілері бойынша есептелінетін төлеммен айқындалады.

16-тарау. Жекелеген негіздер бойынша мемлекеттік мүлік құрамына түскен мүлікті есепке алу және пайдалану ерекшеліктері

216-бап. Жекелеген негіздер бойынша мемлекеттік мүлік құрамына түскен мүлікті есепке алу ерекшеліктері

1. Осы тарауда көзделген мүлікті есепке алу ерекшеліктері мынадай:

1) т ә р к і л е у ;

2) сот актілерінің негізінде мемлекет меншігіне айналдырылған заттай дәлелдемелер ;

3) тарих және мәдениет ескерткіштеріне жататын заттары бар қазыналар табу;

4) лауазымдық жағдайларына байланысты немесе қызметтік міндеттерін орындауына байланысты мемлекеттік қызметшілерге, сондай-ақ олардың отбасы мүшелеріне арнайы мемлекеттік қорға өтеусіз тапсыруға жататын сыйлықтар беру;

5) республикалық мүлік құрамына, оның ішінде мемлекет пайдасына бас тартудың кеден режимінде ресімделген тауарлар мен көлік құралдарын белгіленген тәртіппен ө т е у с і з б е р у ;

6) коммуналдық мүлік құрамына түскен жылжымайтын затты иесіз деп тану;

7) өсиетнама бойынша мұрагерлік ету;

8) қайтыс болған адамнан қалған мүліктің мемлекетке өтуі;

9) олжалардың мемлекетке өтуі;

10) қараусыз жануарлардың мемлекетке өтуі;

11) мүлікті коммуналдық меншік құрамына өтеусіз беру (сыйлау);

12) тарих және мәдениет ескерткіштеріне жататын заттардан тұрмайтын қазына табу негіздері бойынша мемлекеттік мүлік құрамына түскен мүліктерге қолданылады.

2. Осы Заңның 14-тарауының ережесі, осы мүлік дереу жойылуға немесе өткізілуге жататын жағдайларды қоспағанда, жекелеген негіздер бойынша мемлекеттік мүлік құрамына түскен мүлікті есепке алуға пайдаланылады. Осындай жағдайларда осы мүлік туралы мәліметтер есепке алынуға жатқанымен, мемлекеттік мүлік тізіліміне ұсынылмайды.

217-бап. Жекелеген негіздер бойынша мемлекеттік мүлік құрамына түскен мүлікті есепке алуды, сақтауды және одан әрі пайдалануды жүзеге асыратын

органдар

1. Атқарушылық іс жүргізу органдары республикалық меншікке айналдырылған (тү с к е н) м ы н а д а й м ү л і к т і :

1) т ә р к і л е н г е н ;

2) сот актілерінің негізінде мемлекет меншігіне айналдырылған заттай дәлелдемелерді;

3) тарих және мәдениет ескерткіштеріне жататын заттары бар қазыналарды;

4) лауазымдық жағдайларына байланысты немесе қызметтік міндеттерін орындауына байланысты мемлекеттік қызметшілерге, сондай-ақ олардың отбасы мүшелеріне берілген және арнайы мемлекеттік қорға өтеусіз тапсыруға жататын с ы й л ы қ т а р д ы ;

5) республикалық меншікке белгіленген тәртіппен өтеусіз берілген, оның ішінде

мемлекет пайдасына бас тартудың кеден режимінде ресімделген тауарлар мен көлік құралдарын есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану жөніндегі жұмысты ұйымдастырады.

2. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдары коммуналдық меншікке айналдырылған (түскен) мынадай мүліктерді:

1) белгіленген тәртіппен иесіз деп танылған;

2) мұрагерлік құқығы бойынша мемлекетке өткен, сондай-ақ қайтыс болған адамнан қалған мүлікті;

3) олжаларды;

4) қорғаусыз жануарларды;

5) белгіленген тәртіппен коммуналдық меншікке өтеусіз өткен;

6) тарих және мәдениет ескерткіштеріне жататын заттардан тұрмайтын қазынаны (қазыналар үлесін) есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарында көрсетілген негіздер бойынша түскен мүліктерді одан әрі пайдалану осы тарауда белгіленген жағдайларды қоспағанда, оларды өткізу жолымен жүзеге асырылады.

4. Осы бапта көрсетілген негіздер бойынша мемлекет алған мүлікті заңды тұлғалар мен азаматтарға уақытша пайдалануға беруге тыйым салынады.

218-бап. Жекелеген негіздер бойынша мемлекеттік мүлік құрамына түскен мүлікті есепке алу және сақтау

ережелері

1. Мүлікті есепке алу:

1) тиісті сот актілері;

2) нотариус беретін, мемлекеттің мұрагерлікке құқығы туралы куәлік;

3) кедендік ресімдеу аяқталғаннан кейін мемлекет пайдасына бас тартудың кеден режиміне сәйкес мәлімделген жүк кеден декларациясы;

4) мемлекет меншігінің құқығы туындағанын куәландыратын өзге де құжаттар негізінде жүзеге асырылады.

2. Мүлікті тізімдеу, бағалау және (немесе) қабылдау-беру актісі негізінде мүлік беріледі. Мүлікті тізімдеу, бағалау және (немесе) қабылдау-беру актісі онда көрсетілген тараптардың санына сәйкес санда жасалады.

3. Мүлікті тізімдеу, бағалау және (немесе) қабылдау-беру актілерін есепке алу үшін актілерді есепке алу кітабы жүргізіледі. Актілерді есепке алу кітабында мүлікті тізімдеу, бағалау және (немесе) қабылдау-беру актілері олардың түсуіне қарай тіркеледі. Жекелеген негіздер бойынша мемлекеттік мүліктің құрамына түскен мүлікті есепке алуды жүргізу тәртібін, мүлікті тізімдеу, бағалау және (немесе) қабылдау-беру актілерінің және актілерді есепке алу кітабының нысандарын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

4. Осы баптың ережелері бойынша мемлекетке түскен мүлікті сақтау осы Заңның 217, 219-баптарында және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес жүргізіледі.

219-бап. Жекелеген негіздер бойынша мемлекеттік мүлік құрамына түскен мүлікті өткізу

1. Жеке негіздер бойынша мемлекет сатып алған мемлекеттік мүлікті өткізу мынадай тәртіпті сақтау арқылы жүргізіледі:

1) м ы н а л а р :

жарамдылық (сақталу) мерзімі шектелген азық-түлік тауарлары; бұрын пайдаланылған өнеркәсіп тауарлары (көлік құралдарын, антикварлық бұйымдар мен тауарларды қоспағанда) комиссия шартының негізінде сауда ұйымдары а р қ ы л ы ө т к і з і л е д і ;

2) өзге мүлік аукциондарда өткізіледі.

Егер сауда ұйымдары арқылы өткізуден кейін мүлік толықтай немесе ішінара өткізілмей қалса, атқарушылық іс жүргізу органы немесе жергілікті атқарушы орган қ а й т а б а ғ а л а у д ы жү р г і з е д і .

Ең төменгі баға бойынша өткізілмеген жылжитын мүлік жойылады.

2. Осы баптың ережелері бөлшектелген көлік құралдарына, өнеркәсіп объектілері мен өзге жабдыққа, аяқталмаған құрылысқа немесе мәні жағынан ұқсас басқа мүлікке пайдаланылады. Көрсетілген мүлік қосалқы бөлшектер, құрылыс материалдары немесе кара және түсті металдардың сынықтары ретінде бағаланады және өткізіледі.

3. Осы бапта көрсетілген мүлікті өткізуден түскен қаражат Қазақстан Республикасының бюджет қызметін реттейтін заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен бюджет кірісінің есебіне жатқызылады.

4. Мүлікті есепке алуға, бағалауға, сақтауға, салып жіберуге, оны сатуды ұйымдастыруға және одан әрі пайдалану жөніндегі өзге де шығындарға байланысты шығыстар Қазақстан Республикасының бюджет қызметін реттейтін заңнамалық актісіне сәйкес республикалық немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге а с ы р ы л а д ы .

5. Сот мүліктің мемлекет меншігіне түсуіне негіз болған актінің күшін жойған (тиісті бөлікке өзгерістер енгізген) жағдайда атқарушылық іс жүргізу органдары немесе жергілікті атқарушы органдар мүлікті заттай қайтаруды жүргізеді. Егер мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өткізілсе, оның құнын өтеу өткізуден алынған қаражат шегінде жүргізіледі.

220-бап. Тарихи, ғылыми, көркем немесе өзге де мәдени құндылығы бар мүлікке құқықтарды жүзеге асыру ерекшеліктері

1. Тарихи, ғылыми, көркем немесе өзге де мәдени құндылығы болуы мүмкін мүлікке атқарушылық іс жүргізу органдары немесе жергілікті атқарушы органдар

құратын, құрамына олардың өкілдері және мәдениет саласындағы мемлекеттік органның өкілдері кіретін арнаулы комиссия сараптама жасайды.

2. Тарихи, ғылыми, көркем немесе өзге де мәдени құндылыққа жатқызылған мүлік тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша мұражайларға өтеусіз берілуі мүмкін.

221-бап. Ақшаға, бағалы металдарға, асыл тастар мен олардан жасалған бұйымдарға құқықтарды жүзеге асыру ерекшеліктері

1. Ақша түріндегі мүлік бюджет кірісінің есебіне жатқызылады.

Шетел валютасы операция жасау күні белгіленген валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің филиалдары арқылы республикалық немесе жергілікті бюджет кірісінің есебіне жатқызылады. Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған, айырбасталмайтын шетел валютасын қабылдау, сақтау, өткізу тәртібін, сондай-ақ оларды өткізуден түскен ақшаны республикалық немесе жергілікті бюджетке есепке жатқызу тәртібін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілейді.

2. Ақша түріндегі мүлікті Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне және олардың филиалдарына беруді осындай мүлікті алған орган уәкілетті органға мүліктің сомасы, берілу уақыты мен алушы көрсетілген беру туралы хабарлама жібере отырып жүргізеді.

3. Мемлекеттік меншік құрамына келіп түскен салымдар (депозиттер) сомасын банктер номиналдық түрдегі толық көлемде республикалық немесе жергілікті бюджет кірісіне аударады.

4. Бағалы металдар, асыл тастар мен олардан жасалған бұйымдар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне жіберіледі және тапсырылады.

Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) бағалы металдарды, асыл тастар мен олардан жасалған бұйымдарды тасымалдау, қабылдау, есепке алу, бағалау, сақтау мен өткізу тәртібін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің келісімі бойынша мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган белгілейді.

Арнайы мемлекеттік қордың бағалы металдардан жасалған сыйлықтарын сараптауды, бағалауды және сақтауды оларды өткізгенге дейін Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі жүзеге асырады.

5. Осы баптың ережелері лотерея билеттері бойынша ұтыс түріндегі мүлікке қолданылады. Лотерея билеттері бойынша заттық ұтыстың құнын лотереяның ұйымдастырушысы болып табылатын тұлға республикалық немесе жергілікті бюджеттер кірісінің есебіне жатқызады.

Лотерея билеттерін беру тізімдеме актісі бойынша жүргізіледі, онда лотереяның атауы, шыққан күні, ұтыс ойынын жүргізген тұлғаның атауы, билеттердің сериялары, нөмірлері және ұтыс сомасы көрсетіледі.

222-бап. Сыйлыққа құқықтарды жүзеге асыру ерекшеліктері

1. Лауазымдық жағдайларына байланысты немесе қызметтік міндеттерін орындауына байланысты мемлекеттік қызметшілерге, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері жария түрде немесе ресми іс-шаралар уақытында берілген (тапсырылған), құны Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген он айлық есептік көрсеткіштен асатын сыйлықтар мемлекетке берілген сыйлық болып есептеледі және мемлекеттік мүлік құрамына түседі, ол арнайы мемлекеттік қорды қалыптастырады және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде айқындалған тәртіппен және жағдайларда атқарушылық іс жүргізу органдарына немесе жергілікті атқарушы органдарға беріледі.

2. Мүлікті арнайы мемлекеттік қордан өткізу Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңнамалық актілерінде көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып жүргізіледі.

3. Атқарушылық іс жүргізу органдары немесе жергілікті атқарушы органдар арнайы мемлекеттік қордағы сыйлықты тапсырған тұлға оны сатып алудан жазбаша түрде бас тартқан жағдайда үшінші тұлғаларға өткізуге құқылы.

223-бап. Сапа мен қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмейтін азық-түлік шикізатына, тағам өнімдеріне және өзге мүлікке құқықтарды тоқтату ерекшеліктері

Нормативтік құжаттарда өздерінің сапасы мен қауіпсіздігіне қойылатын талаптарға сәйкес келмейтін азық-түлік шикізатын, тамақ өнімдерін, шыққан елі белгіленбеген, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және санитариялық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға және гигиеналық нормативтерге сәйкес келмейтін, акциздік таңбаларсыз өткізілетін темекі бұйымдарын және құрамында темекі бар өзге де бұйымдарды, сондай-ақ тасымалдауға, сақтауға, өткізуге, санитариялық-эпидемиологиялық сараптама мен сертификаттауды жүргізуге байланысты шығындары олардың бағалау құнынан асып түсетін тауарлардың мардымсыз партияларын және өзге де мүлікті атқарушылық іс жүргізу органдары немесе жергілікті атқарушы органдар құратын комиссия Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жояды.

Қажет болған жағдайларда комиссия құрамына санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің қызметкерлері және жергілікті атқарушы органдар мен басқа да мүдделі ұйымдардың өзге де мамандары тартылуы мүмкін.

224-бап. Мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) тұрғын үйлерге құқықтарды жүзеге асыру ерекшеліктері

Осы Заңның 17-бабында көрсетілген жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) тұрғын үйлер мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй

қ о р ы н а

е н г і з і л е д і .

Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне түскен тұрғын үйлерді одан әрі пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасының тұрғын үй қатынастары туралы заңнамалық актісімен реттеледі.

7-бөлім. Қорытынды және өтпелі ережелер

17-тарау. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі және іске асыру жөніндегі шаралар

225-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Заң қолданысқа енгізілген кезден бастап екі жыл өткеннен кейін қолданысқа енгізілетін, мемлекеттік мүлікті есепке алуға қатысты 14-тарауды қоспағанда, Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. Осы Заң қолданысқа енгізілген кезден бастап мыналардың күші жойылды деп т а н ы л с ы н :

1) "Жекешелендіру туралы" 1995 жылғы 23 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 163-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 189-құжат; 1999 ж., N 21, 786-құжат; N 23, 916-құжат; 2000 ж., N 21, 396-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; 2002 ж., N 10, 102-құжат; 2003 ж., N 1-2, 6-құжат; N 11, 56-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2007 ж., қаңтар, N 1, 4-құжат);

2) "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 9-10, 66-құжат; N 24, 164-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 183-құжат; N 13-14, 205-құжат; 1998 ж., N 23, 429-құжат; 1999 ж., N 22, 789-құжат; N 23, 916-құжат; 2001 ж., N 10, 126-құжат; 2002 ж., N 10, 102-құжат; 2003 ж., N 11, 71-құжат; 2004 ж., N 11-12, 65-құжат; 2006 ж., N 12, 71-құжат; N 15, 95-құжат; 2007 ж., N 4, 33-құжат; N 9, 67-құжат; N 18, 143-құжат; N 19, 148-құжат; 2008 ж., N 24, 126 - құ ж а т) .

3. Осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін мүліктік кешен ретінде жекешелендірілген мемлекеттік кәсіпорындарға қатысты мемлекеттік кәсіпорын қызметінің тоқтатылуы туралы жазбаны тіркеуші органдар осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап алты ай ішінде мемлекеттік мүліктің сатушысы табыс еткен мүлікті сатып алу-сату шарты және беру актісі негізінде енгізеді.

226-бап. Осы Заңды іске асыру жөніндегі шаралар

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі және облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары мемлекеттік мүлік жөніндегі қабылданған нормативтік құқықтық актілерді осы Заң қолданысқа енгізілген кезден бастап алты ай мерзімде осы Заңға сәйкестендіру шараларын қабылдасын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Заң қолданысқа енгізілген кезден

бастап екі жыл ішінде мемлекеттік мүлік тізілімін жүргізудің ережесі мен мемлекеттік мүлік тізілімін құру жөніндегі іс-шаралар жоспарын қабылдасын және осы іс-шаралар жоспарының орындалуын қамтамасыз етсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК